



Х.Ж. СҮЙІНШӘЛИЕВ

**АБАЙДЫҢ
ҚАРАСӨЗДЕРІ**



Мор. Кунард

Х. Ж. СҮЙІНШӘЛИЕВ

АБАЙДЫҢ
ҚАРАСӨЗДЕРІ



*Қазақтың Мемлекеттік
Көркем Әдебиет Баспасы*

АЛМАТЫ • 1956

ОҚУШЫНЫҢ ЕСІНЕ

Біз осы ұсынып отырған еңбегімізде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың әдеби мұраларының бір саласын зерттеп, ол туралы тұңғыш пікірлерімізді айттық. Абайдың «Қарасөздері» деп аталатын шығармалары соңғы кезге дейін жеткілікті зерттелмей келді. Абай тек ақын ретінде ғана танылып, оның поэзиялық мұрасы туралы ғана пікірлер айтылып жүр. Ал, қарасөздерін арнайы зерттеу болған емес. Бұл тұста, біздің еңбегіміз де Абайдың өте бай мазмұнды қарасөздерін сарқа зерттеу бола алмайды. Осы кітапта сөз болып отырған жайлар, яғни Абай қарасөздерінің мазмұны, түрі, стилі, тілі туралы мәселелер әлі де болса терең әрі жан-жақты зерттей түсуді керек етеді.

Ақынның қазақ мәдениеті тарихынан алатын орнын, жазба әдебиетіміз бен публицистикамыздың алғашқы қалыптасу кезеңдерін, әлеуметтік пікірлердің Қазақстан жағдайындағы өсу кезеңдерін тануда Абайдың қарасөздерінің мәні зор.

Ақын творчествосын толық бейнесінде көрсету үшін оның алуан сырлы қарасөзді мұраларын әлі зерттей түсу — қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі. Бұл ретте қолыңыздағы кітап осы салалары тұңғыш қадам ретінде ғана саналмақ.

Кітапшаның алғашқы тарауында Абайдың өмірі мен жалпы творчествосына шолу жасадық. Бұл тарауда оқушыны алдын ала Абайдың ұлы бейнесімен таныстырып,

оның творчестволық өсу кезеңдерін шолып өтуді қажет деп есептедік. Ең алдымен Абайдың ақындық алып бейнесін айтып алмайынша, оның қарасөзіне бірден талдау беруді орынды деп есептемедік. Себебі, Абай еңалдымен ұлы ақын. Мұны ескеру қажет.

А в т о р.

Бірінші бөлім

ҰЛЫ АҚЫН-РЕАЛИСТ

Қазақтың ұлы реалист-ақыны Абай Құнанбаев халқымыздың бір кезеңдегі ақыл-ойы мен өнерінің дәрежесін, оның төл әдебиетінің биігін танытатын таңдаулы ұлдарының тобына қосылады.

Абай — қазақ мәдениеті тарихында орны зор, замандастарынан мүлде озық, ерекше тұлға. Кезіндегі ақын-жазушылардан Абайдың шоқтығы әлдеқайда биік. Ол заманының озық ойлы демократы, ірі ағартушысы, терең ойшылы, қоғам қайраткері болды.

Абай алдағы жарқын өмірді аңсап, тарихтың даму жолын тануды алдына зор мақсат етіп қоя білген жігерлі, оптимист адам. Ол қазақтың жаңа әдебиетінің негізін салып, мазмұнын байытып, мәнін зорайтып, түрін ұстартқан жаңашыл ақын.

Абай үстем тап билеген заманға, феодалдық озбыр қоғамға сын көзімен қарап, елдегі әлеуметтік теңсіздікті, қаналған көпшілікті көре білді. Теңсіз-правосыз, әділетсіз өмірге қарсы шығып, әділ сын айтқан, заманының қатал сыншысының бірі Абай болды. Езілген көпшілік жағында болып, адамгершілік арды жоғары ұстай білген үлкен гуманист Абай кезіндегі феодалдық ескі ғұрыпқа, адамшылыққа жағ қылықтарға қарсы күресті. Ол елі үшін жан аямай қызмет еткен адал ұлы, белгілі тарихи кезеңнің жемісі еді. Абайдың ұлылығы — оның өз халқының тарихи болашағын дұрыс болжап, көрегендікпен таный білуінде.

Қазақстанның Россияға қосылуының аса зор тарихи маңызы барлығын түсінген, оның перспективасын таныған Абай өз халқын орыстың озық мәдениетінің қойнауына қарай бастады, содан мол сусындауға шақырды.

Абай Россия екі түрлі екенін, патшалық-чиновниктік Россия барын және халықтың Россиясы барын таный білді. Абай сол соңғы Россияның Белинский, Чернышевский, Добролюбов сыяқты кемеңгер ойшылдарының озық идеяларынан нәр алды; Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Чеховтардан ақындық өнеге үйренді, шеберлік көркем үлгі көрді. Солардың жазушылық ұлы дәстүрінде тәрбиеленіп, зор тұлға болып қалыптасты. Абай да сол ұстаздарынша, халқы үшін еңбек етіп, елінің сүйікті, талант иесі ақыны және прогресшіл қоғам қайраткері болып шықты. Абай қазақ елінің өсуіне жол сілтеп, халқының тағдырын ұлы орыс халқымен байланыстыру жолында күресті. Ол қазақтың экономикасы мен мәдениетінің мешеулігін көрді, басқа елдерден көп кейін жатқанын таныды. Надандық торын бұзып, озық мәдениетке қол созбайынша қазақ қауымының езілген жұртшылығының көзі ашылмайтындығын көрегендікпен түсіне білді. Абай ол ақыйқатты түсініп, көріп қана қойған жоқ. Қараңғы, надан өмірден құтылып, мәдениет есігін ашты, Елдің көзі мен көңілін ашатын мәдениетке апаратын төте жол кертартпалық Шығыста емес, Россияда екенін танытты. Қазақ балаларының орыс мектебінде оқып, адам баласы жасаған мәдениет мұраларын меңгеруін, елінің ұлы орыс халқымен аяғын тең басып, бірдейлік дәрежеде өмір өрісіне шығуын арман етті.

Абайдың бұл армандарын қазақ халқы тек Совет өкіметі тұсында, аға орыс халқымен қол ұстаса отырып, қанаушы тапты біржола құрту арқылы орындады. Қараңғылық торын ссрпіп тастап, жарқын өмірдің жана қоғамын орнатты.

Абайдың, жоғарыда айтылған арман-ойлары, зор мақсаттары бізге көркем сөзге бөленген тамаша әдеби еңбектері арқылы жетті. Абай қалдырған бұл мұралар өз дәуірінің алуан түрлі мәселесін қамтып, сол кездегі қоғамның шын сырын ашады. Абайдың шығармалары өз кезінің келелі мәселесін реалистікпен танытатын, мазмұнға бай, түрге шебер, көлемі салмақты, үні әсерлі, тілі өткір, ойға толы еңбектер. Ол еңбектерінің басым көпшілігі лирикалық өлең; оған қосымша. Абай мұрасы қорында 2—3 поэма, қарасөздер, аудармалар бар. Ақын-Абайдың бұл соңғы еңбектерінің де мәні зор.

Амал не, Абай сыяқты ұлы адамдардың еңбектері өзі тірі кезінде, бүгінгідей жоғары бағаланып, кең жайыла

тарап кете алған жоқ еді. Октябрь революциясына дейін. Абайдың еңбегі тұрсын, оның аты да біреуге мәлім, біреуге жете мәлім болмай келді. Өзі тірі кезінде, Абайдың шығармалары (бір-екі өлеңнен басқасы) баспа бетін көрген жоқ еді. Оның тамаша шығармалары тек ауыздан ауызға көшіп, жатқа айтылу арқылы ғана таралды. Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін, Коммунистік партияның ұлт саясаты жүзеге асуына байланысты, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жаңа қарқынмен шарықтап ілгері дамуына сай, Абай өзінің тиісті бағасын алып, оның аты тек қазақ жұртшылығына ғана емес, бүкіл совет еліне, прогресшіл жұртшылыққа тегіс мәлім болды.

Қазіргі кезде, Абай шығармалары қазақ тілінде де, орыс тілінде де бірнеше рет басылды. Бөлек кітап болып, таңдамалы жыйнақ, толық шығармалар жыйнағы ретінде түгел дерлік жарық көрді. Абайдың мерекелі күндері де тек республикамызда ғана емес, бүкіл одақ көлемінде кеңінен аталып өтеді.

Ақынның қайтыс болғанына елу жыл толуы қарсаңында Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институты оның шығармаларының толық жыйнағын екі том етіп шығарды. Бұнымен бірге, республикамыздың ғылыми зерттеу орындары, әдебиетшілері партиямыз бен үкіметіміздің тарихи дана басшылығы арқасында, Абай творчествосын тануда болып келген саяси қателер мен фактылық ауытқулардан арылып, жаңа зерттеу еңбектерін даярлады. Олар жекелеген мақала, кітапша, жыйнақтар ретінде басылып та шықты. Бұл еңбектер сөз жоқ, абайтану тарихында жаңа бір белес болмақ.

I

Абай 1845 жылы, август айында қазіргі Семей облысы, Абай ауданында, Шыңғыс тауы бауырында дүниеге келді.

Абайдың балалық шағы озбыр әкесінің қолында, өзімшіл қатал тәрбие үстінде өтеді. Оның әкесі Құнанбай Өскенбаев халықты аяусыз қанап езген жыртқыш, дәулетті феодал болған.

Абайдың сәбилік таза жүрегі осындай әкенің зұлымдық әрекетінен ерте-ақ шошынды, тыным таппастан түршіге соқты; бірақ, оның жүрегі көкірегін кере, зор бопшыныға өсті.

Абайдың жас кезіндегі көңілін сергітіп, жүрегін жібіт-

кен жылы пейіл тек ардақты анасы Ұлжанның аналық махаббаты, көпті көрген әжесі Зеренің жылы мейірімі болды. Қарт аналарының бұл қасиеттері жас Абайдың бойына да дарылды

Оқу жасына жеткеннен бастап Абай өз үйінде ауыл молдасына оқыйды. Бұдан басқа, ел шешендерінің әңгімелері, халықтың ертектері, келді-кетті ақын, жыршы, ертекшілер сөзі де болашақ ақын үшін үлкен мектеп болады.

Сегіз жасар Абай өзінің зеректік, абайлағыш қаблетімен әке көзіне де ілігіп, оған үміт күтер, ата жолын ақтар бала болар ма деген ой салады. Міне, осы себеппен әкесі Құнанбай Абайды Семей қаласына апарып әуелі Ғабдулжаппар молданың тәрбиесіне береді. Бұл молданың қарамағына екі жылдай болып, мұсылманша бастауыш білім алады. Бұдан кейін он жасар Абай, бір басқыш жоғары дәрежедегі жабық оқу орны, мешіт жанындағы, діни медресеге түседі. Осы медресе имамы Ахметризаның қарауында үш жылдай болады. Бұл медресе схоластикалық әдістегі, дін жолын құған оқу орны болатын. Абай бұл медресе оқуын да меңгеріп, үздік көзге түседі. Ислам дінінің ереже заңдарын, иманшарттарын кезіндегі көп молдадан әрі терең, әрі көп біліп алады.

Бірақ талапты Абайды бұл сыяқты мәнсіз, мағнасыз, құрғақ уағыздар, өмірден аулақ сүрелер, иманшарттар қанағаттандырмайды. Бірбеткей дінуарлық оқу да, онын жат сөздері де, жұртқа түсініксіз тілі де, құлаққа жағымсыз сарнаған үні де Абайды тез жалықтырады. Абай молдасына сыр бермей жүріп өз бетімен көп ізденеді. Сол кезде көп тарап жүрген Орта Азия және Азербайжан халықтарының ұлы жазушылары — Новаи, Низами, Фирдоусилердің шығармаларымен танысады. Бұлардың еңбектеріндегі адамгершілік идеясы, өмірге жуықтық мотивтер Абайға үлкен ой салады. Оны дәніктіріп ілгері іздене беруге ұмтылдырады. Абай енді кездескен көрнекті ақындардың мәнді шығармаларына үлкен назар салып, келісті сөздерін жадында сақтап жүреді. Ендігі жерде, Абай медресе айналасындағы салтқа, жүрекке қонымсыз бірдағдылы оқуға, онын құр кеуде тәубешіл халпе, хазірет, имамдарына сын көзімен қарап, олардың ел өміріне жанасымсыз жат орта екенін түсінеді.

Семейде болған 4—5 жыл ішінде Абай тек медресе ішін, діни қауымды танып қойған жоқ. Абайдың көрімпаз

көзі, сезімталдығы оған көп нәрсені танытты. Ол қала халықтарының, оның мәдениетін, тұрмыстарын, күнкөріс-тіршіліктерін, даладан өзгешелігін, тағы басқа жақтарын танып зер сала ойға алады.

Ол орыс халқының басқа елден әлдеқайда озық жатқан, іргесі мығым ел екенін көреді. Ұлы халықтың бойындағы игі қасиеттерді Абай өзіне тән сезімталдықпен түсініп, сол оқушы кезінің өзінде-ақ, орыс халқына жақындай түседі. Оны жете тануға құмартқан Абай діншілердің сөзіне ермей, өз бетімен орыс халқына жақындасып кетеді. Ең алдымен тілін үйренуге зер салады. Одан хабар алғасын араласып, тамыр-таныс көбейтіп, жақындасып алады. Сөйтіп жүріп, жолдас орыс балаларымен бірге орыс мектебін де көреді. Ол орыс мектебінің оқуы өзге, өмірге жақын дүниелік ғылым екенін танып, сол мектепке кіріп оқуды аңсайды. Аздаған уақыт (үш айдай) қатысып сабақ алады. Орыс мұғалімін жалдап, үйден де оқыды. Сөйтіп, орысша оқуға жансала кірісіп, сол тілдің қыбындығына қарамастан, аз мерзімде-ақ біраз хабар алады. Орыстың тілін, жазуын меңгеру арқылы Абай өзіне кең дүниенің есігін ашып, мол қазынаға қолын жеткізгендей болады. Енді, ол қалалық кітапханадан шықпай оқып, білім дүниесі сол кітапта екеніне көзі жетіп, соған бой ұрады. Кітапханаға жиі барып тұру арқылы ғалымдар тобымен танысып, олардың көңілін аударады. Дала халқы, қазақ баласының кітап алуы, орысша оқуы ол кезде көп кездеспейтін, тым сирек жағдай. Сондықтан кейбір оқымыстылар, орыс кәриялары, әртүрлі ойлы адамдары Абаймен тілдесіп, өздерінің ақылын айтып, шын мейір көрсетіп, ішіне тартып, баулай бастайды. Олар Абайдың ұқыпты, зеректігін сезіп өз меншігіндегі кітаптарды да, кейін, тіпті сирек кездесетін шығармаларды түсініп оқуға жәрдемдеседі, әбден достасып кетеді.

Осылай, қала өмірін танып, жаңа дүниенің есігін тауып, ішіндегі нәрді тата бастаған, он үш жастан асқан Абайды әкесі Құнанбай оқудан айырып елге алып келеді. Енді ол Абайға өз «әндерін» үйренуді ұсынады. Ел билеу ісіне баулау мақсатымен оны ру арасы, ел іші дау-жанжал, айтыс-тартысына қосады.

Амал не, Абай бұл қаталдыққа да төзеді. Өзіне жүктелген тапсырмаларды кейде әке ырқынша, кейде өз жүрек қалауынша, ойы жеткенінше, әліне қарай шешетін болады.

Енді, Абай өз еліне бұрынғыдай емес, саналы, ойлы жас болып қайтты. Елдегі өмірді танырлық білім дәрежесі болды. Бұрын ел ішінде көп елемей, құр тыңдап қоятын ұшқыр сөз, мақал-мәтел, өлең, жыр, ақындар айтысы енді Абайдың назарын ерекше аударып, өзіне тартып кететін болды. Бұл сыяқты халықтық мол мұраны меңгеру Абай үшін ең керекті іс болып танылды. Абай өнерпаздар жыйынына, Ұлжан анасының оларға деген сыйына, мейрлі меймандостығына өте риза болып, басықасында жүрді. Абай да өнерлі ақындарды өзіне тым жақын тартып, олардың шеберлік жетістіктерін меңгеруге тырысты.

Абай осы қалыппен әке көмекшісі болып қала берген жоқ. Ол нәр алған қала мәдениетіне оралуды бойлай арман қылды. Ержете келе, өз бетімен қалаға қайта оралып, жиі келіп жүрді. Осы келу сапарларында Абай көптеген өмір азығын алып қайтатын болды. Ол алып қайтқан өмір азығы, барып оқыған кітаптары арқылы тапқан орыстың прогресшіл мәдениет қазынасының құнды қорлары, классик жазушыларының шығармалары болды.

Абай орыстың классикалық әдебиетін оқыған сайын көзі ашылып, өмірдің, қоғамның сырларына түсіне бастайды. Бұрын Абай өмірдегі жақсылық пен жамандық, дәулеттілік пен жоқшылық — бәрі құдай ісі деген молдаларының ғана сөзін естіп келсе, енді Абай, өмір туралы, ондағы қоғамдық теңсіздік туралы өзгеше ой, ақылға сыйымды, өмірге үйлесімді жаңа түсініктер табады. Сөйтіп, орыс әдебиеті Абайдың дүниеге көзін ашып, көңілін сергітеді. Абайдың ықлас, ынтасы сол уақыттағы озық ойларды, демократтық идеяны сарқа меңгеруге ағады. Орыстың классикалық әдебиетіне, сол арқылы демократияшыл сынына ден қояды.

Абайдың медреседен кейінгі оқу жолы, осындай өз бетімен іздену, үйрену дәрежесінде болды. Алыстан араласқан Абай өзіне жаңа орта тың жол тапты. 17—18 жастан 28—29 жасқа дейінгі Абайдың өмірі осындай өз бетімен іздену, ел өмірін зерттеу, халық даналығы мен орыс әдебиетін меңгеру жолында болады. Бірақ бұл жылдары Абайдың өз басының билігі өз қолында болған жоқ. Көбіне-ақ қатал әкенің өмірі астында болды. Орыс кітаптарын Абай әке көзіне түспей оқуға тиіс болды. Қалаға баратын сапарлары да әке тапсырмаларымен байланысты еді. Ел арасындағы айтыс-тартыс, Құнанбай тобы-

ның тізесі батқан ел, еңбекші жұртшылықтың наразлығы күн санап күшейіп жатты. Абайды әкесі осы күрестерге араластырып, өзіне жәрдемші, орнын басар ұлық етуді ойлады.

Сол мақсатты көздеген әке оны оқудан айырды. Қала тәрбиесін, орыс тілін жетіктікпен меңгерген Абайды ел ішіндегі түйінді шешу үшін де, қаладағы ұлықтар алдында сөйлеу үшін де пайдаланбақ болды. Ержетіп, еркі өзіне тигенше әкесі Абайды осы жолда пайдаланды да. Бұл жағдай Абайдың ел өмірін, қазақ қоғамын жете тануына жәрдемдесті, Абайдың ойын дамытып, тіл шеберлігіне дағдылануына әсерін тигізіп отырды. Талай шебер тілді шешендік, өткір тілді ақындық, сөз тапқыр, әділ биліктер Абай үшін керекті өнер еді. Абай сол өнерді халықтан үйреніп, жақсы меңгереді. Бар жас кезін осындай ел жанжалы мен әке дауын басу үшін жұмсай беру Абай сыяқты халық үшін туған ақыл иесі адамға ой салмай қоймайды. Бұл сыяқты, жеке адам мақсатында қызмет ету оған үлкен зорлық, арына тиер қорлық болатын. Сондықтан, Абай бұл істен тым-ақ жалығып, әкеден, оның жауыздық істерінен жиреніп, бойын аулақ сала бастайды. Өзінің әке жолына іштей наразылығы өрши түседі. Оның үстіне, орыс әдебиетіндегі ұлы адамгершілік идеяны таныған сайын, халықтық беті айқындала береді. Енді билік айтса, адалдықпен халық мақсатына айтып, ел билеріне, әке тобына өзінің наразылығын білдіріп отырады. Көбіне үйде отырып кітап оқып, өз ойларын жазып, оқығандарынан халық арасында әңгімелер айтып жүретін болады.

Осылайша келіп, Абай, тек отыз, жастан асқасын өз көңіл қалауымен қызмет етеді. Абай осы кездерден кейін творчестволық қызметпен де айналыса түседі. Бұған дейін Абай көбіне-ақ ізденіп, оқып, үйреніп келгенді. Кейде жеңіл әзіл-оспақ ретінде жастық сезім күйін шертіп, кейде мінезі жаман байларды, оның сараң, шолжан әйелдерін, қуларды келеке етіп қоятын, кейде сұрампаз, жағымпаз ақынсымақтарды, шешенсіген билерді сөзбен шалып, олардың орынсыз сөздерін бетіне басатын. Әуелгі кезде оқушы жолдастарына арнап, кейбір молдаларына қаратып ұшқыр сөз, өткір өлең шығарып іяйтып та жүрген. Сол алғашқы кезінде, қанатты сөздерді өзі оқыған діни оқуынан таппақ болып, араласып жатқан шұбар тілді өлеңдер де шығарып отырған. Кейде Низами, Новаи,

Фирдоуси сөздерін қайталап солар жазған тілдің сөздерін өз өлеңіне молырақ ендірмек те болған, ескі діни оқудың әрбір әрпін келеке етіп, ұйқастыра сөз қосып, өлең сыяқты айтып жүрген.

Ал, ержетіп, ақыл тоқтатқан кезден бастап Абай жат тіл қолданып, жеңіл сөз айтудан аулақтай береді. Ол саралап сөз жыйып, салмақпен тіл қатып, байсалды ой мен терең пікірлер қозғап отырады. Өз халқының тіл байлығын сарка пайдалану мақсатын көздейді.

Абай 35—40 жастар шамасында өзінің ақындық талантын таныта бастайды. Ендігі оның шығармалары жаңа бағыт ұстайды. Зор идея мен тың мазмұнға негізделген соны шығармалар беріп, бірден-бір дұрыс жолмен ілгері аяқ басады. Абайдың тез өзгеріп, жетіле түсуіне өзі іздеп тапқан рухани азығы — орыс әдебиеті мен сыны мықты әсер етті.

Абай қалада айлап жатып, еліне арбалап кітап алып қайтатын болды. Семейге айдалып келген, патша өкіметіне қауіпті деген адамдармен де кездесіп, олармен ұзақ кеңесіп, ішкі, сыртқы жағдайлар туралы хабар алып тұрды. Солардың ұсынуымен, жоғырыда біз айтқан, кезінде оқуға ұлықсат етілмейтін әдебиеттерді тауып оқыды. Соның нәтижесінде, Абай өзінің өмір мақсатына түсінді; творчестволық жаңа жол белгіледі.

Абайдың творчестволық жаңа жолына үлгі болған орыстың классик жазушылары — Пушкин, Лермонтов, Крылов т. б. еді. Бұлар Абайды өзі шыққан ортадан мүлде бөліп, басқа ортаға, қалың ел ішіне әкеліп қосты. Абайдың Шығыстан қол үзіп жаңа беталыс табуына да үлкен себепші осылар еді. Бұлардың озық идеялы, реалистік еңбектері Абайға жаңа күш берді. Оның творчествосының жаңа қарқынмен дамуына жәрдемдесті.

Абай өз елінің өнер қазынасын, ой өрістерін меңгеріп, оған жаңа табыстар қосып, біріне бірін ұштастырып өсті. Халық өміріне жақындауы ел ішіндегі мұңды момын, нашарлар тұрмысын танытты. Бұл көптің тілегін жер қылып, ырысын теспей сорып жүрген зорлықшыл жуандар әрекеттерін көріп, Абай олардан түніледі. Абай бұлардың ісіне наразы болып, әкесімен де, басқа тонаушылармен де еш бірікпес араз болады. Өзі кара бұқараға іш тартып, әділет жолымен іс қылуға үндеп отырады. Абай бұл жолға белін бекем буғанша біраз уақыт ой кезді, көп ізденді, ақыры өзіне демеу тауып, арын таза ұстап, адамшылық

вса " каповъ

еннаго употребленія разнаго хлѣба 2104 к

ю въ Великопольскій уѣздъ

итель Игорь Куриловъ

Александръ

Кейінгі жылдары табылған Абайдың қолы.
(Ақынның болыс болып жүрген кездегі бір істен).

Е. карызын өтеу жолына нық бекінді. Малқұмар, бақталастық жолындағы өнімсіз, өзекжыртыс жеке жандардан түгел безініп, ел тағдырын толғайтын болады. Сол кездегі қазақ қоғамының қазіргісін біліп қоймай, өткендегі тарихына да көз жіберіп, оның болашағын да болжап, алға басар бағытын көре алмай, бір қалыппен, болымсыз ескі ізбен, ата жолынан табжылмай келе жатқанын, бас көтергісіз ауыр халде екенін, заманынан көп кейін жатқанын түсінеді. Сол ауыр салмақты халық жолынан алып, еңсесін басқан ел азабын арылтарлық жол қарастырады. Абай ондай жолды өнерден, еңбек сүйгіштіктен тауып, үлкен ойға келеді. Сол келген ойларын қайғысын арқалаған халқына жеткізуді көздейді. Езілген еңбекшіні түсіндіру, олардың көзін ашып, көңілін ояту оңай жұмыс емес еді. Абай өз алдындағы бұндай қиындықтарды білді. Сол қиындықтың кілтін таппақ болды. Оның ұшқыр қылы, жүйрік ойы сол кілттің тұрған жері халық санасы, жылы жүрегі деп білді.

Абай, өзі айтқандай, «соқтықпалы, соқпақсыз» жерде өсті, үстем тап билеген ауыр заманда өмір сүрді. Сол қоғамның езілген халыққа істеп отырған тағылық, айуандық қылмыстарын көзімен көрді. Ол халық игілігін, болашақ қамын көздеді. Ел дертіне ем болар, түскен еңсе-

сіне дем болар қуат — оқу, өнер деп, оның жаңа түрін, тың жолын ұсынып отырды.

Ол өзінің жастық шағы мен ержеткен кезін, ондағы кездескен соқтықпалары мен күрестерін:

«Жасымда албырт өстім ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ,
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ.
Ой келгелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме,
Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйқатат бақ сөзіме» —

деп көрсетті.

II

Енді бір-екі сөз Абайды осы «тыныш ұйқатпай, сандалмамен күн кешкен» заманы туралы.

Абайдың жазушылық жұмыспен айналысқан дәуірі XIX ғасырдың екінші жартысы дедік. Бұл кезең Қазақстанның Россияға әбден қосылып болған кезі.

Россиямен қосылуының нәтижесінде Қазақстанда ілгері басу, өзгерістер болды. Қазақ қоғамы экономикалық-шаруашылық жағынан едәуір алға басты, онда таптық жіктелу тереңдей түсті, таптық күрес күшейе бастады. Сондай-ақ Қазақстанның Россияға қосылуы қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің дамуына ерекше ықпал етті.

Қазақ халқының өткен ғасырдағы атақты ұлдары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың көрнекті ойшылдар, ірі ақын, жазушылар ретінде қалыптасып өсуіне орыстың озық мәдениетінің жемісті әсер еткені кімге болса да аян.

XIX ғасырдың екінші жартысында алдыңғы қатарлы орыс ғылымы нығая түскен болатын. Қоғамдық ғылымдар өзгеше дамып түскен-ді. Революционер-демократ — А. И. Герцен, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбовтардың материалистік философиясы табиғат тану ғылымының дамуына үлкен әсерін тигізді.

Ұлы ғалым Семенов — Тянь-Шанский Қазақстан жеріне саяхат жасап географиялық зерттеу жүргізді. Олар қазақ жері, байлығы, тарихы, тұрмысы туралы алғаш зерттеу жүргізіп, хабарлар берді. Ол Ш. Уәлихановтың қалыптасуына үлкен әсер етіп, тікелей көмек көрсетіп

отырды. Басқа да орыс оқымыстылары қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тілі туралы үздіксіз зерттеулер жүргізеді.

И. Н. Березин қазақ тілінің қалыптасуы туралы, В. В. Радлов археологиялық, этнографиялық зерттеу жүргізді. Қазақтың ертеқ, аңыз, жырларын жариялады. «Түрік тектес халықтардың әдеби нұсқалары» деген күрделі еңбек жазды. Қазақстан этнографиясын, мәдениет нұсқаларын, тілі мен әдебиетін Г. Н. Потанин де зерттеді.

Крепостнойлық право жойылғаннан кейін, Россияда ұлы революционер-демократ Н. Г. Чернышевский бастаған революциялық-демократтық қозғалыс күшейе түседі. Революциялық күшке қарсы патша өкіметі қатал шаралар қолданады. Талай революционер-демократтар — орыс халқының таңдаулы ұлдары алысқа жер аударылады. Соның біркелкісі Қазақстан сыяқты жаңа өлкеге де жіберіледі. Бұлар қазақ арасына келіп шаруалармен жақындасып, олардың қорғаны ретінде көрінеді. Езілген елге жаны ашып, олардың ауыр халін, аянышты жағдайын қоғамдық мәселе ретінде көтеріп отырады.

Қазақстанға келушілер ішінде Украинаның Ұлы жаушысы Т. Г. Шевченко, Петрашевшіл С. Ф. Дуров пен Ф. М. Достоевский, Н. Г. Чернышевский жолын жақтаушының бірі Е. П. Михаэлис т. б. адамдар болған. Бұлардың әрқайсысы өздерінше еңбек етіп, қазақ халқы үшін, оның мәдениеті үшін қызметтер жасаған. Бұлар қазақ демократтарына да ақылшы, жетекші болып, олардың орыстың прогресшіл мәдениетімен, классикалық әдебиетімен, бұқарашыл озық идеяларымен танысуына жәрдемдескен адамдар. Олардың ішінде, Михаэлис сыяқты Н. Г. Чернышевскийге тілектес адамдармен тығыз байланыс жасайды.

Ұлы орыс халқының озық ой-санасынан мол хабар алады. Сол сарқылмас мәдениеттен тәрбиеленеді. Абайдың орыс әдебиетімен терең танысуы сексенінші жылдардан басталады. Абай 1880 жылдардан бастап, орыс әдебиетінің кейбір классикалық үлгілерін қазақ тіліне аудара бастады. Осылайша, Абай өзі тапқан рухани табыстарын еліне жеткізу әрекеттерінде істеп отырды. Абай аудармалары арқылы қазақ халқы алғаш рет А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов еңбектерінен хабар алды. Абай аудармалары өзінің шеберлігі, жетімділігі жағынан әлі де ескерерлік еңбектер қатарында. Абай

сөзбе-сөз аудармаса да, шығарманы толық меңгеріп, өз толғауымен дұрыс бере білген. Сондықтан Абай аудармаларының қазіргі кезде де мәні аса зор.

Абай қазақ халқын қараңғылықтан алып шығатын жол тек орыс мәдениеті ғана деп білді. Сондықтан да, ол қазақты орыс мәдениетіне жақындату амалын, қазақ халқы мен орыс халқын дос ету жолдарын қарастырды.

Ағартушы ақын Абай халықтар арасында ағайындық пен достықты нығайту идеясын ту етіп көтерді, мұсылманшылдық, діндістік сыяқты, кезінде көп тараған теріс идеяларға қарсы шығып отырды.

1890 жылдан бастап Абайдың данқы қазақ арасында әбден белгілі болады. Оның өмірге толы, терең мағаналы, көркем шығармалары, жалынды өлеңдері, ақыл-нақылдары ел арасына кең тарады. Оның данқын естіген халық ақындары өз құлақтарымен еркін сөзін тындап, зор дауысын естіп қайту үшін әржерден ағылып келіп, ақыл алып, оның ұлы тұлғасына қанағаттана сүйсініп қайтатын да болды. Біржан, Байкөкше, Ажар ақындар осы Абайға келіп тәлім алып, оның өткір сөздерін жадында ұстап, алыс елдерге жеткізушілердің бірі болды.

Абай өлеңдері үстем тап өкілдеріне атқан оқтай тиіп, олар Абайдың үнін өшіру амалдарын да қарастырады. Абай феодалдық қоғамның бар сырын ашып, қатты сынға алды. Қазақ феодалдары арқа сүйеніш ететін патша чиновниктері — ұлықтар да Абай шығармаларынан сүйкімсіз орын алып отырды. Сондықтан Абай елдегі би-болыстарға да, патша ұлықтарына да қауіпті адам саналды. Абайдың жер ауған патша өкіметіне наразы адамдарымен дос болуы, олармен араласып жүруі, бұқарашыл пікірлері, жалынды жырлары, жуандарға наразы үндері, айтып жүрген озық ойлары, өткір сөзді мысқылдары — үкімет адамдарын сескендірмей қойған жоқ. Кезіндегі шындықтың катал сыншысы, әділет өмірдің батыл өсиетшісі — Абай астыртын бақылауға да алынды. Абайдың жаулары топастар тобы, өзімшіл өктәм әкімдері Абайға қарсы өсек-өтірік теріп, үздіксіз доностар жазып жатады. Абайды «ақпатшаның жауы», «ата жолын бұзып отыр», «халықты азғыруда» т. б. деген «айыптар» тағады. Осының нәтижесінде бір кезде Семей полициясы келіп, Абай ауылына тінту де жүргізеді.

Қазақ феодалдарының ең реакцияшыл зұлым тобы Абайдың соңына мықтап түсіп алады. Олар 1897 жылы

Абайға тарпа бассалып, зәбірлеу әрекетін қолданады. Абайды олар қорлап өлтірмекші де болады. Бірақ, қалың халыққа сіңіп кеткен, жұртқа тегіс белгілі Абайды өлтіру оңай болмайды. Абайды қорғайтын достары көп болады.

Бірақ, Абай өле-өлгенше қуғыннан құғыла алмайды. Ол көп жауының қуғыны мен зәбіріне дамылсыз қарсы күрестен жүдейді. Соның нәтижесінде нәзік жанды ақын Абай денсаулығынан айрылады. 1904 жылы 6-шы июль күні, 60 жасқа аяқ басқан кезінде, қайтыс болады. Оның сүйегі Шыңғыс тауы бойындағы Жидебай деген жерге қойылады. Абайдың алып жүрегі бұдан 50 жыл бұрын соғудан қалды. Бірақ, Абайдың жүрек сыры, өзінің алып күші мен ақын творчествосында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келеді. Абай қалдырған мұра, Совет үкіметі кезінде, ең сенімді, ең ұқыпты қолға көшіп, берік не боларлық жаңа ұрпақтарын тапты. Соның арқасында, Абай еңбектері бүкіл совет халықтарының және прогресшіл жұртшылықтың мәдениет қорына біржола еніп кетті¹.

III

Абайдың ақындық творчествосы — дәуірінің басты сұрақтарына жауап боларлық, қазақ өмірінің әрбір саласына толық тоқтайтын өрісі кең, мазмұны терең құнды творчество Абай шығармалары қамтымайтын өмір саласы кемде-кем. Негізінде Абай өмір шындығын дұрыс танып жырлаған реалист жазушы болды. Абайдың реализмі де ұстаздары — орыс классиктерінің қолданған озық әдісі еді. Абай сол әдіске тән қарапайымдылықпен халықтың өз тілінде жазды. Оның шығармалары халық тұрмысына, ой-армандарына негізделді.

Абай ақындық өнерге ғылыми дұрыс көзқараста болды.

Ол орыс сыншылары Белинский, Чернышевский, Добролюбовтардың материалистік эстетикасынан хабарлы еді. Абай содан үйреніп өскен, қазақ әдебиеті тарихында жаңа құбылыс болатын. Абай орыс реализмі традициясында өсті, соның игі жемісі ретінде көрінді.

Абай әдебиеттің маңызын, оның қоғам өмірінен алатын орнын дұрыс түсінді. Ол өлеңді еріккеннің ермегі

¹ Абайдың өмірі туралы кейбір фактылық деректерді біз проф. М. О. Әуезовтың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып жаздық.

деп есептеуге, үстем тап өкілдерінің қорлауына қарсы шығып отырды. Сонымен бірге, Абай өлеңге жеңіл-желпі қарап, байларды орынсыз мақтап, тілін безеп мал үшін сатылып, өнердің қадірін кетіріп жүрген ақынсымақтарды қатты сынға алды.

«Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап,
Ақындары — ақылсыз надан келіп,
Кер-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап»—

дейді. Өлең өнерінің игі мақсаттарын айқын түсінген Абай:

«Мен жазбаймын өленді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін...»

деп өзін бұлардан бөлек ұстайды.

Өмірге байланысы жоқ құр сөз, құрғақ қыял қуған қазақ ақындарына қарсы өз ойын ұсынады. Абай өлеңнің мақсаты: өмірдің керегіне асу, халықтың санасына әсер ету, көзін ашып, көңілін көтеру, еңсесін басқан надандық ауыртпалығынан шығар жолды сілтеп, азап шеккен жанына шипа болу деп ұқты.

Абай өлеңнің мақсатын терең түсініп, ақынды өмір оқытушысы — үгітші, үлгі берер өзіндей азамат ақын болуы керек деп білді. Ол «Көкірегі сезімді, тілі орамды» жастарға үлгі болды. Өзі ақыл айтып, өлең жазудың тамаша шебер үлгілерін көрсетіп берді. Абай қыйыстырып айтқан сөздің бәрі өлең емес, құр айкай бақырған ән емес, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» оның тілі жеңіл, жүрекке жылы тиерлік, құрылысы шебер, айналасы теп-тегіс, тау тасындай жұмыр келуі керек деді, ал ән болса, құлақтан кіріп, бойды билегендей, көңілге түрлі ой салғандай болуы керек; есер әнге жол берілмей, тыңдаушының көңілін өсіргендей, ойлы-күйлі есті әнді керек қылды.

Абай шебер өленді, тәтті әнді мәдениеті жоғары, білімді ақын ғана бере алатынын ескертіп: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бишарасы» — деп көрсетті.

Ақындық өнердің мақсатын, мәнін осылай терең түсінген, сыншы ақын Абай, кезіндегі мәнсіз әдебиетке, феодалшыл ақындарға қарсы шығып отырды. Олардың жамаулы, құраулы, олпы-солпы, міні көп, мәнсіз шығармаларын қатты сынады.

«Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.
Әттең дүние-ай сөз ұғар кісі болса,
Кемістігі әржерде-ақ көрініп тұр-ау»,—

деді.

Абай өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі сыртқы сырларын жете ашқан реалист жазушы. Ол кезіндегі қоғам өміріне сын көзімен қарап, барлық қайшылықтарын көре білді. Елінің әлеуметтік жайын, тұрмысын, ой-армандарын мұң-мұқтаждарын таныды. Еңбекші халықтың өз еңбегінен дәулет тауып, бақыт көрмей, азап тауып, қорлық көріп келе жатқанына қайран қалды. Ел берекесін алып, дау-жанжалды қоздырып, бүліншіліктен пайда тауып жүрген кулардың зұлымдық бетін ашты. Ақын пысықсыған қазақ дәуекестерін өлтіре мысқыл етіп:

«Пысық кім? — деп сұрасаң,—
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шарғаға қыры жоқ,
Өтірік пен өсекке
Ағып тұрса бейне су,
Ат, шапаннан кем көрмес,
Біреу, атын қойса «қу» —

деп кулардың шындық образын береді.

Бұдан кейін, Абай қазақ билерін, болыстарын сынап, тек жай шыншыл ақын ғана емес, сонымен бірге, үлкен сыншы ақын екенін де танытты. Қазақ болыстарының сайланған күннен бастап шұғылданатын іс әрекеттерін, мінез-құлықтарын айқын танытып, олардың типтік бейнелерін жасап берді. Олардың болыс болғандағы мақсаттары ел қамы үшін қызмет ету емес, өз қамы, өз құлқыны екенін танытты. Олардың жұмысы ішіндегі дау-жанжалды басу емес, оны қоздыра түсіп, мал табу, зәбір-жапа көрген мүсәпірге теңдік әперу емес, зәбірлеуші байдан, ұрыдан т. б. дәуекестен пара алу деп көрсетеді.

«Қайнайды қаны,
Ашыйды жаны
Мінездерін көргенде...»

деп, Абайдың бұларға қарсы қаны қайнап, халыққа жаны ашып отырды.

Абай жуандар тобынан осылайша жиренді, бұлардың мінезін көріп шошынды, қылмысын көріп түршікті. Ақынның өз сөзімен айтқанда, олардан Абай: «Бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым жалмажан...» деді, осыдан езі ол таптан сытылып шығып, қалың еңбекшінің ортасына енді. Есіркер көпті, момындарды тапты; соның тілеуін тілеп, жырын жырлап, мұның шертуге бел буды. Ол өзінің бұл ойларын қарасөздерінің бірінде ашық айтады, өзінің кімді құрметтеп, кімнің жоғын жоқтайтынын толық танытады.

«Болыс пен биді құрметтейін десең,— дейді Абай,— сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ. Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ... Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің? Енді, әлбетте, момындықтан «ырыс баққан-дау бакпас» деген мақалмен болам деп, бергенінен жаза алмай... жүрген, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын шаруаны аямасақ, соның тілеуін тілемесек болмайды сонан басқаны таба алмадым»,— дейді.

Осылайша, Абай кезіндегі ел билеушілерге қарсы шығып, патшаның болыстық, билік тәртібін сынға алады. Олардың қылмыстарын бетіне басып, ел мұның, халық тілегің айтады. Ірені кеткен қазақ елінің бейнесін ақын

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!..
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың» —

деп көрсетті. Абай қазақ даласындағы тек болыстардың зұлымдығын ғана ашып қойған жоқ. Ол ескі ел көрінісін жан-жақты ақтарып, оның басқа да таптары мен топтарын сыйпаттап отырды.

«Ел жайын біліп қансаңыз,
Айтайын құлақ салсаңыз,
Кейбіреуі бүрсіп жүр,
Жер тәңірісін көр маңыз.
Кейбіреуі закончик,
Оңдырмас ол берсе арыз!»—

деп көрсетті. Одан кейін ақын халықты сүліктей сорып, қараңғылықтың қамауына мықтап қамап, оның қырсауына құранды құлып етіп салып қойып отырған дін иелерін бір түйреп өтеді.

«Кейбірі пірге қол берген,
Іші залым, сырты абыз,
Кейбірі қажыға барып жүр,
Болмаса да қаж парыз»,—

деп, Абай қажыға барып, пірге қол беріп жүргендердің ішінің залым, сыртының абыз екенін танытады. Бұдан кейін халықтың арын оятып, ой салғысы келеді.

«Өтірік, ұрлық,
Өкмет зорлық
Құрысын, көзін ашылмас.
Ұятын, арын оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын»

деп ақылын айтады.

Абай өзінің осы сыяқты өлеңдерінде («Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың», «Бойы былған», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» т. б.) өткір сыншы — сатирик болып қалыптасқан жазушы екенін танытты. Абайдың бұл сындары өзінің жетімділігімен, өткірлігімен орыс әдебиетіндегі сатирик жазушыларға үн қосты. Абай өз кезіндегі заманға, үстем тап қоғамына деген ыза, кек, ашуын сол сындармен берді. Қазақтың жағымпаз, қу, бұзақы үстем табын өлтіре сынады, оларға қарсы алғаш қатты сөз айтқан батыл ақын болды.

Абай — өмір шындығын сын көзімен қарап таныған әлеуметтік көзқарасы аңқын жазушы. Ол қазақ қоғамындағы таптық қанауды, теңсіздікті т. б. қайшылықтарды таныды. Оны өзінің бойындағы ақындық шабыттың бар күшімен жырлап отырды. Абай, бай мен кедейдің арасындағы тұрмыс қайшылығын, дәулет теңсіздігін көрді. Өзінің «Күз», «Қараша жел тоқсанмен сол бір екі ай» деген өлеңдерінде қазақ кедейлері мен байларының өмірін салыстыра отырып, кедейлердің қара суықты күз айларындағы аяншыты халін айқын танытады.

«Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып,
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігед қатыны бүрсең қағып»,—

деп Абай қазақ кедейлерінің жоқшылығы мен ауыр тұрмысын, оның шындық суретін тамаша реалистікпен берді. Осы бір үзіндінің өзінде талай сыр, талай сыйпат, талай күнгірт бояу түстері жатыр. Далада, мал артында, ауыр азапта жүрген кедей, оның жыртық панасыз, отыпсыз үйі, сол жайсыз үйдегі байдың терісін илеп, өрмегін тоқып отырған әйелі көзіңе анық елестейді. Осы өлеңнің екінші бір жерінен жұмысын жасап жүрген кедейге байдың көрсететін рақымсыздығы көрінеді.

«... Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі,
Қара қыйдан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы»,—

деп, Абай мейірімсіз байдың тым аяусыз зұлым екенін, тассараң бай өзі де «Кәрі қойды ептеп сойып» жеп отыр деп мазақ етеді. Әйтседе, бай және оның үй іші, балашағасы жылы үйде, тонбай, азап шекпей, еңбек етпей, тамағы тоқ қарап отырады дегенді айтады.

Бұдан кейін, осы өлеңнің аяғында ақын байға ақыл айтып, мейірімді болуға шақырып, келісім ұсынады.

«Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей.
Бір қыс сақта, тас болма, сен де оғұрлы»—

деп, байды ақылға келтірмекші болады.

Абай өлеңдерінде беті ашық әлеуметтік мәселенің бірі — қазақ әйелдерінің жайы, қазақ жастарының махаббат, еркіндік мәселесі. Махаббат, достық тақырыбы Абай өлеңдерінің кең қамтыйтын, жалпы адамгершілік идеясымен қабысып келетін мәселе. Абай бұл мәселелерді көтеруде де өзінің жаңашыл, бұқарашыл ақын екенін танытты. Ол қазақ қыздарының теңдіксіз езіліп, сүйгеніне қосыла алмай келген ауыр халін көрді. Өзі ол жағдайға наразылық білдіріп, аянышты сезімге толы өлеңдерін шығарды. Қазақтың феодалдық қоғамы әйелдерді қорлап ұстап, сүймесіне зорлап қосты. Мал, мүлік орнында жұмсалып, сатып алуға жол берді. Әйел сезімімен есептеспеген ескі салт үстем тап өкілдерінің елді қанау құралдарының бірі болды. Қазақ қыздары өзінің теңіне, жүрегі қалаған адамына қосыла алмай, не малы көп кәріге, не мүгедек бай ұлына байланып маталып берілді. Олардың жеке басының билігі өздерінде емес, «ел ағасы» — би,

қулардың қолында не әке қолында болды. Абай бұл жағдайға қарсылық білдіріп, бас бостандығы үшін күрескен жастар жағында болады. Ол өзінің «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңінде, осы салт бойынша жас өмірін қор еткен қазақ қызының трагедиясын жыр етеді. Зорлыққа, қара күшке бас имей, ханның кигізген алтын-күмісті қамқасына алданбай, өз арын жоғары ұстаған қыздың жүрек күшін сүйсіне жырлап, оның наразылығын жақтайды:

«Етімді шал сыйпағая құрт жесін деп,
Жар тастан қыз құлапты терең суға».

Бұдан кейін Абай үйлену, ерлі-зайыпты болу ісіне немқұрайды карауға, мал беріп алғанның бәрі әйел болып, дос өмір сүруге болады-мыс дегенге қарсы сын айтады:

«Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ...»

немесе:

«Кәрі, жас дәурені өткен тату емес,
Епке көнер, ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанымен қатын емес».

Осылайша, Абай достық пен махаббатқа бөленген тең, тату-тәтті, ерлі-зайыпты өмірді керек етіп, бірақ оны малмен сатып алуға болмайды, жүрек епке көнбейді, күні өткен кәрі мен өмірі алда балбыраған жас қорлық өмір сүре алмайды дейді. Қартая келе малына сүйеніп, өткен жастықты қайтармақ болатын есер байларды Абай қатты мінеп, оған қарсы қарғыс айтады.

«Бай қартайса малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр»—

дейді.

Абайша: «Махаббатсыз — дүние бос», еріксіз қосылу, зорлықпен өмір сүру — қайуандық болады, «қайуанға оны қосыңдар», дейді.

Абай өзінің шығармаларында әйелді қоғамның тең мүшесі, оны қорлауға болмайды; адам баласының тең жар-

тысы әйел, ол біреуге ана, біреуге қарындас, не қыз: біреудің қорғаны, ақылшысы, жанашыр қымбаты, сүйген жары деп дұрыс түсіндіреді. Өзінің «Масғұт» поэмасының бір жерінде Абай:

«Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы,
Хан қаһар, кара кісі қастық кылса,—
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы.
Тегінде адам басы сау бола ма?
Үйінде тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса бұрынғыдай жау бола ма?»—

дейді.

Осы поэмасының негізгі геройы Масғұттың алдына тандау ұсынғанда, дүниедегі ең байлық пен ақыл даналығын алмай, ең таңдаған тоқтамы етіп — Абай әйел жұртшылығымен достықты алғызады.

«Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер» —

деп, Масғұт еңбексіз малды болам деп, біреуді жеп, не қайыршы болып тіленіп нем бар? Ақылым артық дана болсам мені кім ұғар, кім сыйлар? Көп ақылсыз ішінде бір ақылды өзі-ақ ақымақ танылар» деген оймен, асқан дәулетті, байлықты да, даналықты да алмай, әйел жұртын сүюді таңдап алады. Бұл таңдау, сөз жоқ, автордың да таңдауы. Оның дүниедегі ең қымбат нәрсе адам, оның ішінде, ана, сүйген жар болған әйелді жоғары бағалағаны — ақынның құнды пікірі.

Әйел туралы осындай тоқтамға келген Абай сүйіспендік, достық мәселелерін көптеген өлеңдерінде жыр кылып, жоғары көтерді. Ақынның «Кейде есер көңіл құрғырың», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Желсіз түнде жарық ай», «Сен мені не етесің», т. б. өлеңдері — жүрек сезіміне, ғашықтық сырға толы, жан тербетер, нағыз шебер шыққан лирика.

Ғашық болған жастардың ішкі терең сыры, жүрек сөзі, ақ ниеті, адал бейілі, сезім дүниесі, бар бейнесі Абай өлеңін оқығанда көз алдына келеді.

«Айттым сәлем, Қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас,
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.
Сенен артық жан тумас,

Туса туар, артылмас
Бір өзіннен басқаға,
Ынтықтығым айтылмас»,—

деген ғашығына айтқан жігіт сөзі, сондай жетімді сөз және өтімді сыр. Немесе:

«Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл» —

деген үзіндідегі автордың ғашықтыққа берген түсінігі кезіндегі феодалдық түсінікке үлкен соққы боларлық, шын ғашықтың сыйлатын танытатын, өте сарқа айтқан, жетімді сөз және жана пікір, бұқарашыл идея.

Абайдың А. С. Пушкиннен аударған «Евгений Онегиннің» үзінділері де осы ғашықтық тақырыбына сай өз пікірін толықтырарлық шын ғашық сырын ашатын еңбектер. Абай бұл үлкен романның ең нәзік сезімді жерін, ғашықтар сырын ашатын хаттарын алып аударған

Гуманист Абай өзінің өлеңдерінде адамды қорлауға қарсы шығып, ер, әйел деп жынысына бөліп, бірін ол, бірін бұл деп қарауға наразы болды. Адам баласын достыққа үндеп отырды:

«Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріңдікін бірін жеткіз.
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қыянатшыл болмақты естен кеткіз»,—

дейді Абай.

Адам үй ішімен, жолдасымен шын дос болып, тату тәтті өмір сүруі керек деп, сол достықты еңбекші халық алдына тартады. Дүниенің қызығы, өмірдегі жаңа тыным табар жұбанышы достық өмірде деп білген Абай:

«Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң — досың бар»,—

деп, ең адал достық солардан табылады, қызығың үйде, солардың ортасында бол дейді. Бұдан кейін Абай:

«Жүрегі жұмсақ білген күл,
Шын дос таппай тыншымас.
Пайда, мақтан — бәрі түл
Доссыз ауыз тұшымас»,—

деп адамгершілігі зор, жүрегі жұмсақ, білікті өзі сыяқты адамдардың шын дос таппай тыншымайтынын айтады. Өз құлқыны үшін мал, мақтан үшін жүргендерде достық жоқ, айуандық сезімі ғана барын, оларға адаммен дос болу қажет емес дейді. Ақыры Абай, доссыз ауыз тұшымайды, жеке басы үшін қылған пайда мен мақтаннан адам аулақ болып, достықты таза сақтауы керек дейді.

Абайдың бұл идеялары сөз жоқ прогресс. Бірақ, ақын осы достық өмірді, махаббат еркіндігін халық қолына қалай әпермек болады? Әңгіме сонда. Абай үгіт-насихат, өнер, білім арқылы осы пікірлерін бейбітшілік жолымен жүзеге асыруды ойлады. Ал, әңгіме әркімнің (Абайдың) жағдайды әртүрлі түсіндіруінде емес, сол ауыр жағдайды өзгертуде еді. Абай сол үстем тап билеген қоғамды өзгертіп барып жететін достық, махаббат еркіндігін сол қоғам тұрғысынан талап етті. Бұл ақын пікіріндегі жетіспей жатқан жақтары болды.

Абайдың достық туралы пікірлері оның адамгершілік (гуманизм) идеяларымен тығыз байланысты. Абай адамның бәрі бірдей, оның туысы, өлімі — бәрі бір. Олардың айырмасы ақылында, мінезінде; көп, не аз білуінде, мәдениетінде деп, баскамен оздым ғой деушілік (мал, мақтанмен Х. С.) орынсыз және надандық деп білді. Өзінің қарасөздері мен өлеңдерінде Абай: өмірде ең қызық нәрсе — адамды сүйушілік, одан өзге ешнәрсе жоқ, дейді. Ол адамды сыйлап, бауыр тұтып отыруды керек қылды, оны адамдықтың қарызы деп білді.

«Адамзаттың бәрін сүй» бауырым деп,
Және «Хақ жолы осы» деп ғадалетті...
Ойла, айттым, адамдық атын жойма»,—

деді.

Абай осылайша, адамгершілікті жоғары ұстаған жазушы. Ол әруақыт халыққа «Мақтан кума, керек қу, ойсыздарға қосылма!» деп ақыл айтып отырды. Кезіндегі үстем тап өкілдерінің тағылық жыртқыш мінездерін сынап, оларға қарсы шықты. Адамды езу, тонау, талау, қанау жауыздың ісі, жыртқыш аң, айуандар құлқы деп көрсетті. Адамға лайықты ақыл, ой табар жолды көрсетіп, өнер, білімге, еңбекке үндеді. Адамгершілікке сыйымды іс қылып, өнер табуды керек қылды. Абай творчествосынан ерекше орын алатын — оның ағартушылық идеясы. Абай

өнер, білім, тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл аударып, жанын сала үндеген ұлы ағартушы ақын болды. Ол:

«Ғылым таппай мақтанба,
Орыя таппай баптанба,
Ойнап босқа күлуге...»—

деп бойына сай ғылым табуға үндейді. Абайша, адам қоғамның керекті мүшесі, ол дүниенің кетігіне қалануға жарарлық бір кірпіш сыяқты болса да өз орны бар. Сол орнын тауып қаланса, өмірдің керегіне асып, елінің тілегі үшін еңбек еткендей азаматы болса өкен деген игі тілекте болды. Жастарға:

«Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз»,—

деп, дүние, мал ғылыммен жеңіл табылады деп қызықтыра отырып, ғылымды көңіл бере, шын ықластана отырып ізден, дейді. «Ондай болу қайда?» деп, балалық жасамай, жас кезді бос ыржаңмен өткізбей, ғалім болуға ұмтыл деп ақыл береді.

«Ғалым болмай немене
Балалықты қойсаңыз
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалімді көрсеңіз.
«Ондай болмақ қайда?» — деп
Айтпа ғылым сүйсеңіз,—

дейді Абай.

Абай өз кезінде дін оқуын, молдалар сабағын сынап, балаларды орыс мектебіне дүниелік оқуға беруді талап етеді. Ол молдалар туралы:

«Кітапты молда теріс оқыр,
Дағардай болып сәлдесі.
Мал құмар көңілі бек соқыр.
Бүркіттен кем бе жем жесі?»—

дейді.

Орысша оқуды жақтаған Абай, оқып шыққан жастардың мақсаты айқын болу керек, ол елі, халқы үшін еңбек етерлік азамат болсын деген талап артады. Кейбір тілмаш, адвокат болып, шен сыйлық алып, мал табуды арман етіп, елді бүлінген үстіне бүлдіріп жүргендерді сынайды. «Я тілмаш, я адвокат, болсам деген бәрінде ой,» — дейді. Бұл ел үшін оқыйтын жасқа мақсат бола алмайтынын айтып,

жастардың алдына дана адамдарды — Салтыков Щедрин мен Л. Толстойды үлгі етіп ұсынады. Солардай елі үшін еңбек етерлік ұлы адам болуды өзіне және оқушы жастарға мақсат етіп қояды.

Абай ғылым жолы оңай жол емес, соқпақты шатқал жол екенін ескеріп, соған қарамастан талмай еңбек етіп, зор ынтамен жетуді керек қылады.

«Иждиһатсыз, михнатсыз
Табылмас ғылым сарасы...» —

дейді. Немесе, «Талапты ерге нұр жауар, жүріп өмір сүруге», — деп оқушы жастарды талаптана түсуге шақырып, қыз демей, ұл демей бәрін де оқыту керек, сол оқыған жастар жетіліп барып, өмірді өзгертер ме деген түсінікте болды. Өзінің жас кезінде көп оқый алмай, көп нәрсені ескерусіз өткізіп алғанын айтып өкінді. Өзінің ұлдары мен бірге қызы Гүлбаданды да орыс мектебінде оқытады.

Абай адамға керекті үйір болар нәрселер мен керексіз қашық болар нәрселерді санап берді. «Тілеген өмірің алдында, оған қайғы жесеңіз» — деп Абай келешекке жастарды сендіре сөйлейді. Одан кейін, адам болам деп талаптанған жасқа ең ескерерлік қажет бес нәрсе бар, олар: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым дейді; қашық болар бес дұшпаны бар, олар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, деп көрсетеді.

«Қызмет қылып мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай,—
Күр үйінде жатады,—

деп, кейбір жастардың анда да, санда да жоқ, құр селендеп жүргенін айтып, оларды бір түйреп өтеді.

Абай өлеңдері — еңбек сүйгіштікке, еңбекші жұртшылықты сыйлауға тәбиелейтін зор идеялы шығарма. Абай дүниеде өмір сүру де, оны білу, тану да — бәрі еңбекпен болатын нәрсе екенін түсінді. Адам өмірі үшін де еңбектің шешуші роль атқаратынын ескертті. Еңбексіз өмір азғын, тозғындап бітеді деп білді.

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын»,—

деп, адам баласы азбау үшін, адал еңбекпен өмір сүруі керек дегенді айтты.

Өнімді шаруа түрлерін атап көрсетіп, жер өңде, кәсіп ізде, қол өнерімен шұғылдан, ғылым тап, деді. Абайдың көптеген өлеңі өз еліне, халқына деген сүйіспеншілігін танытады. Абай қай өлеңі болмасын бәрінде де халыққа қарап ақыл айтып, ой салып оятарлық сөз қозғайды. Мейлі ол ұрсып айтсын, мейлі сыйпап айтсын бәрінде де елінің мәдениет жағынан кем, надан қалғанын айтып, болашақ, тағдырын ойлап, жаны ашып отырады. Қазақты көрші елдермен салыстырып, сол елдердің бәрі де қазақтан мәдениетті, ілгері жатқанын көрсетеді. Берекелі, мәдениетті, тату-тәтті ел болуды арман етеді. Басқа көрші елдермен, оның ішінде орыс халқымен дос болуды, олардан өнер үйренуді керек етеді.

Абайдың табиғатты суреттеп жазған бір топ өлеңдері тек түр жағынан ғана емес, сонымен бірге мазмұны да өзге болды. Ол өлеңдерінде ақын еліне, жеріне шексіз сүйіспенше отырып, өмір шындығын кеңінен қамтып көрсетеді. Орыс әдебиеті үлгісінде жазылған бұл өлеңдері қазақ табиғатын жалаң сыйпаттамайды, ел өмірі, жалшы тұрмысы, бай серуені бірге қамтылады. «Желсіз түнде жарық ай», «Қыс», «Жаз» т. б. өлеңдері жыл мезгілдерінің әрбір кезеңін көзге елестетумен бірге, қазақ ауылының өмір көріністерін де елестетеді.

Абайдың лирикалары осындай алуан түрлі, мазмұнға бай лирика, ол өмірді кеңінен қамтыйды, саяси тәрбиелік маңызы зор болып отырады.

Абай өлеңдері өзінің мазмұны мен түрі жағынан бірдей қабысқан, ең асыл сөз ретінде келеді. Ол мазмұны жағынан қандай салмақты болса, түр жағынан да сондай көрікті. Абай өлеңінде артық сөз, орынсыз пікір кездеспейді. Бәрі де белгілі өлшемге сай, терең ойға құрылып, етек-жеңі жыйнақты келеді.

Түр жағынан да, мазмұны жағынан да Абайдың «Сегіз аяқ» «Бойы былғаң», «Сен мені нетесін», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Татьяна хаты» т. б. өлеңдері, аудармалары, жыл мезгіліне арнаған лирикалары — мүлде өзге, бұрын-соңды қазақ әдебиетінде көрінбеген түр. Абай 3, 4, 5, 6, 9 буынды, шалыс ұйқасты өлеңдерді тұңғыш өзі туғызып, мейлінше оны көп қолданды. Бұл түрлердің көбі орыс әдебиеті арқылы Абай енгізген түр еді.

Абайдың өлеңдері тіл шеберлігі жағынан да ерекше көзге түседі. Абай қазақ халқының тіл байлығын сарқа меңгерген ақын. Абай қазақ тілін басқа ел тілімен, діни

сөзбен шұбарлаушыларға өте-мөте наразы болған адам. Ол тіл бүлдірушілерді қатты сынға алып, өзі қазақ әдебиет тілін жасады.

«Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы
Ол ақынның білімсіз бишарасы»,—

деп, өзі білімді, мәдениетті ақынның тіл үлгісін көрсетті. Сөйтіп қазақ әдебиет тілін жаңғыртты, ұстартты; тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, олпы-солпысыз, теп-тегіс, айналасы жұмыр өлең кестесін жасап берді.

Абай өлеңдері халыққа түсінікті және тартымды. Оның әрбір сөзі оқушысының бірден көңіліне қонып, ойына орнығады. Абай қолданған теңеу, эпитет — бәрі халыққа жат емес, таныс теңеулер. Мысалы: «Аттың сынындағы» теңеулерді еске алсақ;

«Шокпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабак...
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы болса күшті».

т. б. немесе: «Самородный сары алтын,» «Қақтаған ақ күмістей, кең маңдайлы», сондай-ақ, шомылып жатқан қас сұлуды, ақ қардың үстінде, қызыл түлкіні алып жатқан қара бүркітке салыстырады. Осылардың бәрі жұртқа таныс сөз, бірақ қолданысында жаңа, өзгеше мәнде, өзгеше орында тұр.

Табиғатты бейнелеуде де — қалғыған тауды лел-сал даланы, сілкінген жапырақты, күлімсіреген аспанды, ойланған жерді, сұрғылт бейуақты, дірілдеген су бетін өте тамаша қолданады. Абай өлеңінің тілі өткір келеді. Айттайын дегенін жеріне жеткізе айтады. Әсіресе сын, сықақ өлеңдерінің тілі тым өткір. Мысалы,

«Байы-баспақ,
Биі — саспақ,
Әулекі аспақ,
Сыпыра ку».

немесе:

«Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбынлап,
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап»

т. б. Абай негізінде, осындай, ірі лирик ақын болды. Абай творчествосының, бұған қосымша, екінші бір саласы, оның поэмалары болады. Абай қалдырған мұралар ішінде екі-

үш поэма да бар. Олардың негізгілері: «Ескендір», «Масғұт» поэмасы және «Әзім туралы анызы».

Бұл поэмалар Абай творчествосынан ерекше орын алады. Ақынның лирикадан оқыйғалы, көлемді шығарма беруге ойыса бастаған кезеңін танытады. Абай өзінің поэмаларында да жоғарыда көрсетілгендей ағартушылық, адамгершілік идеяларын көтеріп отырды. Озбырлық, дүниекорлық, қанқұмарлық әрекеттерге қарсы шықты. Бейбіт, достық өмірді, адамды сүюді, ақылмен қызмет етуді, қара күшті білімге билетуді талап етті. Мысалы: өзінің «Ескендр» поэмасын ежелгі тарихқа аты мәлім ұлы патша Александр Македонскийдің жауқұмарлық әрекеттерін сынауға арнап жазады. Бұл поэмада Абай патшаға тән қанқұмарлық, озбырлық, соғысқұмарлық, дүниекорлық, өзі тойса да көзі тоймайтын қанағатсыздық, адамгершілікке жат мінез-құлықтарды әшкерелейді. «Ескендр» туралы кезіндегі алып-ұшпа мадақтау сөз аңыздарға қарсы, Абай соғысқұмар Ескендірдің жағымсыз бейнесін жасайды. Ескендрге қарсы ақыл иесі философ Аристотельді қойып, өзі сол дана философ жағында екенін көрсетеді. Сол Аристотель сөзі ретінде, автор өз пікірлерін ұсынып, соғысқұмар патша ісіне қарсы шығады. Халық қанын жеке мақсат үшін төгіп, жер жүзін бағындыру арманын қойған мансапқор патшалар әрекеті, ақынға жат іс болып көрінеді.

«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен.
Филип патша баласы, ер көңілді
Мақтан сүйген қызғаншақ адам екен»,—

деп бастаған жерден Абай Ескендірдің мансапқор, қызғаншақ бейнесін көз алдына елестетеді. Бұдан кейін, Ескендірдің қанағатсыз жорығын сынап, былай дейді:

«Алған сайын көңілі бір тоймайды...
Жердің жүзін алуға ой ойлайды».

Бұдан кейін, ақын Ескендірдің бір сапарын түгел сыйпаттап береді. Сол жолда біраз елді қорқытып, өзіне қаратқанын да айтады. Мысалы

«Алдынан шыға алмады ешкім мұның,
«Бәрін де алды, қорқытты жолдағының»,—

дейді. Осы сапарында, Ескендір қолы шөл далаға кездесіп, қыйындыққа ұшырайды. Сонда патша тым қатал әмір бе-

ріп, жауыздық тоқтамға келеді. Өзіне жәрдем беріп, қолына еріп келе жатқан қызметкерлерді қыруға бұйырады.

«Сандалды сары далада су таба алмай,
Шөлдеген жұрт қайтеді, бос қамалмай.
Қызметкердің бәрін де өлтірмекші
Болыпты, шөлдегенде шыдай алмай»,—

деп Абай. Ескендір патшаның қара көңілін көрсетіп, патшалар үшін адам өлімі ешнәрсе емес, олар өзін қорғап жүрген адамдарға осындай мейірімсіз, басқаға не көрсетпек? деген ой туғызады. Осынша шөліккеп келіп, су тауып, қанып ішіп, демін алып жайғасып алған патша, енді еліне қайту орнына, сол судың басын іздеп, қожасын тауып, өзіне бағындырмақ болады. Бұл әрекет Ескендір патшаның құлқынқұмар, қанағатсыз, мансапқор екенін айқындай түседі. Абай бұндай өзімшіл, қанағатсыз, көзі тоймайтын жауқұмарлыққа қарсы өз ақылын айтады.

«Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең!»—

дейді.

Мұндай адамның көзі, нәпсісі тек топыраққа ғана тояды деп, Абай жауқұмар патшаға көз сүйегін тартып, Аристотельдің ұстамды сөзімен поэмасын аяқтайды.

Абайдың «Масығұт» поэмасы да адамгершілікті жоғары көтеретін, жаңа идеяға негізделген шығарма болды. Ақынның бұл поэмасындағы негізгі геройы адамгершілік үшін күрескен адам образын жасады. Поэманьң негізгі геройы — Масығұт. Озбыр тонаушылардан зәбір көріп жатқан қарып-қасер, жазықсыз шалды қорғап қалады. Шалды тонаушылар қолынан Масығұт ешбір пайда көру үшін құтқарған жоқ. Тек жазықсыз адамды қорғау мақсатын ойлап іске кірісті. Масығұттың қорғайтыны жәбір көрген шал болса, кейін тандайтыны қазақтың жәбір көріп келген правосыз әйел жұрты болады. Поэмадағы бұл тоқтам жай айтылған сөз емес, романтикалық аңызбен берілсе де ақынның бұқарашыл идеясын танытатын, айқын көзқарасының жемісі.

Абайдың жоғарыда аты аталған екі поэмасы да кезіндегі әдебиетте ерекше орны бар тың шығармалар. Ол Абай поэмаларының идеясымен де, түр өзгешелігімен де танылатын ерекшеліктер. Абай бұл поэмаларында өмірде кездесетін шындықты романтизм әдісімен суреттеген. Геройлары қарапайым адамдар. Оның іс әрекеті де қарапайым адамдар істейтін іс әрекет. Ал романтика сол әрекеттер-

дің байланысы, өріс желісі ретінде көрініп ақынның ұшқыр қыялына қабысып кетеді. Кейде, соны ақын тіпті қуаттайды да. «Адамның көзі тоймайды, көз сүйегі ауыр болады-мыс. Немесе әулиелік істейтін пір бар» деген сыяқты ескі түсініктер қуатталып отырады. Бұл ойлар ақынды амалсыз романтизмге бой ұрғызады. Сөйтсе де, Абай өмірден ешбір аулақтамайды. Өзінің романтикалық ойларын адам өміріне, шыныдыққа жағнастыра баяндайды.

Абай поэмалары өзінің мазмұн жаңалығымен де, түр, стиль ерекшелігімен де көзге түседі. Бұл поэмаларды қазақ ауыз әдебиетінде қалыптасқан жыр, толғау, аңыздармен де, шығыстық хисса дастандармен де салыстыруға болмайды. Олардан Абай поэмалары өзгеше. Ол өзгешеліктерді оқығаны өмір шындығына жанасымды етіп бере білуінен де, сөз, сөйлем, тіл қолданудағы қарапайымдықтан да, халыққа түсінікті болуынан да, образдарының жай адамдар бейнесінде сыйпатталуынан да, идеясының терең және айқын бұқарашыл болуынан да тану қиын емес.

Абай поэмаларының бұл ерекшеліктері сөзсіз орыс әдебиетінің әсері. Ақынның өзіндік түр іздеу жолындағы табысы болды дерлік, кезіндегі қазақ әдебиетінде тосын бір жаңалық. Бірақ, Абай өзінің поэмаларында лирикасымен жеткен творчестволық табысқа, тап сондағы дәрежеде жете алған жоқ.

Абайдың поэзиясындағы түр, мазмұн жаңалықтары, кейінгі, қазақ әдебиетіндегі демократтардың қолданған үлгілері болды. Революцияға дейінгі қазақ демократтары мен совет жазушылары Абай бастамаларын, жаңалықтарын құнды мұра ретінде қабылдап, ілгері дамыту жолында қызмет етіп келеді.

Абай творчествосынан тағы бір елеулі орын алатын оның қарасөздері мен нақыл сөздері. (Олар туралы кейінгі тарауларда толық тоқталамыз).

Сайып келгенде, Абай ұлы ойшыл ақын. Ол дүние құбылысы, адам өмірінің өзгеруі, сыяқты ұғымдарды біркелкі дұрыс түсінген адам.

«Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа»—

деген ақын сөздерінің мәні мен ұғымы өте терең.

Адамның тұлға мүшелерінің бітімі мен дүние жаратылысындағы шеберлік, реттілік жайларды ақын таңдана отырып баяндады!

«Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы дүние біткен ретімен»,—

дейді.

Абайдың ойшылдық пікірлерінің бәрі ағартушылық идеясымен тығыз байланысты. Ағартушы ақын осынша ойларын жастарға ақыл ретінде айтады. Ол өмірге жарқын көзбен қарап, жас уақытты мағнасыз бос өткізбей, өмірден керегін ала білуге шақырды. Осы ойларының бәрі Абайдың тек өлеңдерінде ғана емес, сонымен бірге қарасөзінде де қозғалатын жайлар.

Абай өз халқының өмірін терең танып, орыстың озық мәдениетін меңгеріп жетілген мәдениетті классик жазушы болды. Ол қазақ халқын орыс халқымен дос болуға, одан үйренуге үндеді. Өз өмірі арқылы сол достықтың негізін қалады. Қазақ елінің тағдырын ұлы орыс халқымен байланыстырды. Өз кезіндегі мұсылманшылдық идеяға қарсы күрес жүргізді. «Жыйырма бесінші сөзінде» Абай сол панатизмге қарсы шығып, орыспен дос болып, одан дүниенің кілтін ашуды үйрен деді. Сондай-ақ бір өлеңінде:

«Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды,
Қаны бұзық өзі ойлар,
Қу менен сұм боларды,—

дейді.

Абай музыкалық шығарма жазған композитор. Оның бізге жеткен көптеген әсем әндері бар. Абайдың бұл істері игілікті бастама, тарихи маңызы зор еңбек.

Абай орыстың ХІХ — ғасырдағы ағартушыларының озық идеясын қазақ жеріне алғаш әкелуші болды. Сонымен бірге, оның пікірінде сол ағартушыларға тән пікір қайшылығы, жетіспеген ұғымдар да көп болды.

Абайдың қазақ мәдениеті тарихынан алатын орны да, оның творчествосының маңызы да осы ағартушылық ақындық еңбегімен белгіленеді.

Абай өзінің шығармаларында қоғамдық мәні бар, дәуірінің ең басты мәселелерін көтеріп отырды. Қазақ әдебиетінде жаңа бағыт туғызды. Сыншыл реализм әдісін кеңінен қолданып, демократтық идеяны көтерді.

Абайдың еңбектері құнды мұра ретінде социалистік мәдениет қорына қосылды.

Екінші бөлім

**А Б А Й Д Ы Ц
ҚАРАСӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ**

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУ ТУРАЛЫ БІР-ЕКІ СӨЗ¹

Абай мұраларының бір саласы — оның қарасөздері. Абайдың қарасөздері қазақ жазба әдебиетінде алғаш көрінген прозалық шығармалар. Көбіне оның жай проза, публицистика түрі. Олар қазақ әдебиеті тарихынан ерекше орын алады.

Бірақ Абайдың қарасөздері революцияға дейін баспа бетін көрген емес. Абайдың бірінші, 1909 жылы басылып шыққан жыйнағына оның қарасөздерінің бірі де енбеген.

Абайдың қарасөздері Совет өкіметі жылдарына дейін тек көшірме қолжазба күйінде сақталып келді. Біз Абай қарасөздерінің екі қолжазбасымен таныстық. Оның бірі Мүрсейттің қолжазбасы (Қазақ ССР Ғылым Академиясы архивындағы). Бұл қолжазба 226 дәптер беті шамалы, «Кітап тарих» деп аталады. Осы «Кітап тарих» тың бірінші бөлімі Абайдың қарасөздері. Ұзын көлемі 65 дәптер беті шамасы. Қолжазбада Абайдың қырық бір қарасөзі тізбектеліп (реттік сан есіммен аталып) берілген. Екі сөзі нөмерсіз, ат қойылып берілген: біреуін «Насихат», екіншісін «Сократ хакім сөзі» деп атаған. Не бәрі Абайдың қырық үш сөзі берілген.

Абай қарасөздерінің екінші қолжазбасын А. Жандыбаев деген адам жазып қалдырған. (Семей қаласындағы Абай музейінен²).

¹ Абайдың қарасөздерінің текстологиясы мен зерттелу жайларын әңгімелегенде біз 1954 жылға дейін басылулары мен зерттеулерін ескердік.

² А. Жандыбаев ХІХ ғасырдың аяқ, ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Семейдің қазағы. Өз кезінде сауатты, оқыған адам бол-

А. Жандыбаев Абай шығармаларымен таныс болған. Оның қарасөздерін жазып алып, сақтап отырған. Оларды үлгі тұтып, Мүрсейт сыяқты, ол да өзі оқытқан балаларына оқу-құрал ретінде пайдаланып отырғанға ұқсайды.

А. Жандыбаев қалдырған қолжазбада Абайдың қырық екі қарасөзі бар. Бұлардың қырық бірі реттік санмен аталады да, соңғы бір сөзі бұнда да «Насихат» деп аталады. Бұл қолжазбада да Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген мақаласы кездеспейді

Біз осы екі қолжазбаны салыстырып көрдік. Біздіңше Абайдың бұл екі қолжазбадағы сөздерінің бір-бірінен өзгешеліктері жоқ. Екеуі бірімен бірі негізінен дәлме-дәл келіп жатады. Аталу жағынан да, нөмірленіп келеді. Тек Жандыбаев қолжазбасында Абай сөздерінің тілі аздап өзгертілген. Оны көшірушінің діни сөздерді, кітап сөздерін, татар сөздерін көбірек қолдануында деуге болады. Абай сөздерін азын-аулақ бұрмалап, оларды түсіну, оқу жағын қыйындатқан. Оның үстіне, кейбір беттер ескіріп, өшіп қалған. Бұл жағдай да оны ажыратуға қыйындық келтірді.

Жалпы алғанда, Абайдың қарасөздері бір қос дұрыс сақталған. «Қайта өлеңдеріне карағанда,— дейді проф. М. Әуезов,— Абайдың қарасөздері көбірек түгелірек сақталған сыяқты... Тегі қарасөздер кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен манайындағы сауаттылардың қолына түсіп, оларда шашылмай, аман сақталып қалған сыяқты»¹.

Сонымен, біз¹ 1) Мүрсейт Бике ұлы мен Жандыбаев қолжазбаларындағы қарасөздер даусыз Абайдікі, Абай сөздері;

2) Абай сөздерінің негізі бізге дұрыс және түгелге жақын жетті; 3) Мүрсейт қолжазбасы әрі толық, әрі дәл. Абайдың қарасөздерін басуда, зерттеуде осы Мүрсейт қолжазбасын негізге алу дұрыс деп білеміз.

ған. Бала оқытатын молдалығы да болған. Сонымен бірге, көңілі сергек жазушы да болған сыяқты. Ол 1907 жылы «Жас ғұмырым яки жастықта ғафлет» деген прозалық көркем шығарма жазып, Қазан баспасында бастырып шығарған адам көрінсін. Автор шығармасын роман деп атаған; оның оқыйғасын өз өмірінен алған, ескілік пен надандыққа қарсы шығып, өнер-білім, техниканың пайдасын түсіндіріп отырған деседі.

¹ Абай Құнанбаев. Толық жыйнақ. 1940. II. том, 57 бет (М. Әуезов «Абайдың өмірбаяны» деген мақаласынан).

۱۰۰
 ۱۰۱
 ۱۰۲
 ۱۰۳
 ۱۰۴
 ۱۰۵
 ۱۰۶
 ۱۰۷
 ۱۰۸
 ۱۰۹
 ۱۱۰
 ۱۱۱
 ۱۱۲
 ۱۱۳
 ۱۱۴
 ۱۱۵
 ۱۱۶
 ۱۱۷
 ۱۱۸
 ۱۱۹
 ۱۲۰
 ۱۲۱
 ۱۲۲
 ۱۲۳
 ۱۲۴
 ۱۲۵
 ۱۲۶
 ۱۲۷
 ۱۲۸
 ۱۲۹
 ۱۳۰
 ۱۳۱
 ۱۳۲
 ۱۳۳
 ۱۳۴
 ۱۳۵
 ۱۳۶
 ۱۳۷
 ۱۳۸
 ۱۳۹
 ۱۴۰
 ۱۴۱
 ۱۴۲
 ۱۴۳
 ۱۴۴
 ۱۴۵
 ۱۴۶
 ۱۴۷
 ۱۴۸
 ۱۴۹
 ۱۵۰
 ۱۵۱
 ۱۵۲
 ۱۵۳
 ۱۵۴
 ۱۵۵
 ۱۵۶
 ۱۵۷
 ۱۵۸
 ۱۵۹
 ۱۶۰
 ۱۶۱
 ۱۶۲
 ۱۶۳
 ۱۶۴
 ۱۶۵
 ۱۶۶
 ۱۶۷
 ۱۶۸
 ۱۶۹
 ۱۷۰
 ۱۷۱
 ۱۷۲
 ۱۷۳
 ۱۷۴
 ۱۷۵
 ۱۷۶
 ۱۷۷
 ۱۷۸
 ۱۷۹
 ۱۸۰
 ۱۸۱
 ۱۸۲
 ۱۸۳
 ۱۸۴
 ۱۸۵
 ۱۸۶
 ۱۸۷
 ۱۸۸
 ۱۸۹
 ۱۹۰
 ۱۹۱
 ۱۹۲
 ۱۹۳
 ۱۹۴
 ۱۹۵
 ۱۹۶
 ۱۹۷
 ۱۹۸
 ۱۹۹
 ۲۰۰

Абайдың қолжазбасы.

«Қазақтың қайдан шыққаны туралы» мақаласынан.

ның қарасөздері ең алғаш рет совет өкіметі орна-
стап баспа бетіне шыға бастады.

Жылы бірінші рет Абай шығармаларының толық жыйнақ басылып шықты. Осы толық жыйнақтың үшінші бөлімі Абайдың «қарасөздері — ғаклиясы».¹ Онда Абайдың 2 — сөзден бастап қырық төртінші сөзіне дейін басылды. Бәрі де екінші сөз, үшінші сөз... деп нөмерленіп берілді. Тек тарих туралы сөзі ғана бөлек, нөмірсіз, өз атымен басылды.² Жыйнаққа тек «бірінші сөзі» ембей қалады және қырық бесінші сөзі ажыратылмай, отыз жетінші сөзінің 13 нақылы ретінде басылады.

Бұдан кейін Абайдың қарасөздері, юбилей қарсаңында, республикалық, облыстық газет, журналдарда, әр түрлі көлемде басылып жүрді. Кейбір сөздері оқу құралдарына, хрестоматияларға енді. (Бұлар Абайдың 1, 3, 6, 14, 17, 18, 19, 30, 37 сөздері).

1939—1940 жылдары ақын юбилейі кезінде, ССРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалы Абай шығармаларын екі том етіп бастырды. Бұл екі томды жыйнаққа Абайдың бізге мәлім шығармалары, соның ішінде қарасөздері де түгел енді. Бұл жолы Абайдың қарасөздері «Бірінші сөзден» бастап, барлығы тізбектеліп, нөмірленіп басылған.³ Тек «Қырық бесінші сөз» бұрынғысынша, ажыратылмай, «отыз жетінші сөздің» 13 нақылы ретінде басылған. Абайдың «Бірінші сөзінің» бұған дейін басылмай кетуінің себебі Мүрсейт қолжазбасында болмай, кейін табылғаны емес, сол Мүрсейт архивында басқа сөздер арасында (Жыйырма бесінші сөзбен) ескерусіз қалып қойылған болған⁴.

Абайдың осы кейін табылған «Бірінші сөзі» 1940 ж. Семей облыстық газетінде де жарияланды⁵. Содан кейінгі жыйнақтарда үздіксіз басылып келеді.

Жоғарыда көрсетілген екі томды жыйнақтан кейін Абайдың шығармалары 1945 жылы, ақынның туғанына

¹ Абай Құнанбай ұлы. Толық жыйнақ. Қаз. Бас. Қызылорда, 1933, 264—316 беттер.

² 1945 жылғы Абай толық жыйнағындағы түсініктерінде бұл сөз бірінші рет 1939—1940 жылдарла Абайдың екі томдық жыйнағында басылған деп қате көрсеткен (468 бетте).

³ Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармалары, II том. Қаз. К. Ә. Б. Алматы, 1940. 316—407 б.

⁴ Бұл жайларды Абай сөздеріне берген түсінікпен қараңыз. Абай Құнанбаев. Шығ. толық жыйнақ. 1945, 416 бет.

⁵ «Екпінді» газетінің 1940 жылғы 15 октябрьдегі 240 санында.

مجلسه
تیسویں
دایوربان
جمعہ

مجلسه
تیسویں
دایوربان
جمعہ

مصنف ایبراهیم حاجی الخرمین قونانبدی اولادش
ایل منارین یمانلاب محفل ایوب یازغان نصیحت
سوزین باشلاب یازدیم هر تنک ۱۷۴۳ سنه ده

Абай қарасөздерінің Мүрсейіт қолжазбасы. I-бет.

100 жыл толу юбилейіне арналып, бір томдық толық жыйнақ болып шықты¹. Осы жыйнақтың негізінде Абайдың академиялық толық жыйнағы 1948 жылы тағы шықты. Бұл бір томдық жыйнақтың III бөлімі — ғақлия қарасөздер.

Бұрынғы басылуларыда, Абай сөздері түрлі көлемде, әр жерде басылып келсе, енді ғылыми жүйеге түсіп, жалпы бір атпен, жеке-жеке нөмірленіп, жыл ретімен жіктеліп басылды. Кейінгі академиялық жыйнақта Абайдың кейбір сөздері мазмұнына қарай ажыратылған. Мысалы, бұрын отыз жетінші сөзбен бірге басылып жүрген 13 нақыл сөз бөлініп, өз алдына қырық бесінші сөз деп берілген.

Абайдың қарасөздері соңғы академиялық жыйнақтарға біркелкі дұрысталаып, оригиналдарына сай жөнделіп басылған. Бұрынғы басылудағы көптеген салақтықтар, қолжазбадан ауа жайылушылықтар енді көп кездеспейді.

Абай сөздерінің 1933—1940 жылдардағы баспасында болған аяқ алып жүргісіз текст, емле, стиль қателері біркелкі жөнделген. Бірақ бұл академиялық жыйнақта да Абайдың қарасөздері әбден қалпына келтіріліп, ойдағы-

¹ Абай (Ибраһим) Құнанбаев, Шығ. тол. жыйнағы, Қаз. бірік. Мемл. баспасы, Алматы, 1945.

дай болып басылған деуге болмайды. Онда әлі де болса, оригиналға сай келмейтін бұрмаланған жерлер кездеседі.

Біз әуелі Абайдың қарасөздерінің 1933 — жылғы басылуы мен 1945—1948 жылғы басылуларын салыстырдық; онан кейін соларды Мүрсейт қолжазбасымен салыстырдық. Сонда Абай қарасөздерінің алғаш басылуында есепсіз көп қате, кемшіліктердің болғанын, ақынның мейлі идеясы болсын, мейлі стилі болсын өрескел бұрмаланғанын, солардың кейінгі басылуында түзетіліп жетпегенін көрдік.

Атап айтсақ, Абай қарасөздерінің басылуында болып келген қате, кемшіліктер мына түрде болып келді:

1. Кейде жеке сөздер, сөйлемдер түсіріліп қалдырылады; 2. кейде жеке сөздер, сөйлемдер тосынан қосылады, қараған кісілер өз ойларынан қосады; 3. кейде арап, фарсы, орыс тіліндегі жеке сөздер, сөйлемдер қазақ тіліне аударылып беріледі; ол көбіне, үстірт, теріс аударылады; 4. кейде жеке сөздер басқа сөздермен айырбасталып яки жеке сөздердің орындары ауыстырылып жазылады, емлесі әртүрлі күйінше қате жазылады; 5. кейде Абайдың өз сөзі берілмей, оның мағнасы ғана айтылып отырады¹.

Абайдың қарасөздерін нөмірлеу, жазылған жылдарына қарай жіктеу жақтарында да өзгертулер болған. Бірінші басылудан бастап Абай сөздерінің қолжабадағы тәртібі сақталмай, шыққан жылына қарай топтастырылып, жаңадан, Мүрсейттен өзгеше нөмірленген (Мүрсейт дерегінде отыз сегізінші сөз бірінші сөз болып келген). Алғашқы басылудағы нөмірлеумен, кейінгі басылудағы нөмірлеу арасында да өзгешелік кездесіп отырады.

Мысалы: 1933—жылғы басылуда Абайдың бір сөзі 1893 жылы шыққан «Он тоғызыншы сөз» деп аталады. Сол сөз 1940—1945—1948 жылы басылуында 1895 жылғы жазылған «Отызыншы сөз» деп беріледі. Ал 1933 жылғы басылуындағы 1895 жылы жазылған «Отызыншы сөзді» кейінгі басуда 1893 жылы жазылған «Он тоғызыншы сөз» деп орындарын ауыстыра салған. (Біздіңше бұның соңғысы дұрыс, Мүрсейт қолжазбасына сай келеді.) Ал, «Қырық бесінші сөзді» басушылар кейін ажыратып басқанын

¹ Абай қарасөздерін салыстырып, фактылық қайшылықтарын көрсеткен текстологиялық жұмысымыз осы тақырыпқа жазылған диссертациямыздың қосымша бөлімінде толық берілген. Ол ҚазГУ кітапханасында.

• کتاب عقلیہ •

آبایدت خلقد کت منار لاریت
جهاندا ب تعلم او چون یازمان
سونلاری باشلان یازیلدی
هجرتت ۱۳۳۱ پی سنه

۱۸۹۶ میلادی ۱۹ پی ۱۹۱۱ پی ۱۹۱۱ پی ۱۹۱۱ پی ۱۹۱۱ پی ۱۹۱۱ پی ۱۹۱۱ پی ۱۹۱۱ پی ۱۹۱۱ پی ۱۹۱۱ پی

Абай карасөздерінің Жандыбаев қолжазбасы. I-бет.

ескерттік: Бұл 1896 жылы жазылған «Отыз жетінші сөздің» 13 нақылы. Оны «Қырық бесінші сөз» етушілер 1898 жылы жазылған сөздер тобына қоса салған. Біздіңше бұл сөзді бөлуі де, жазылған жылын өздерінше өзгертулері де қата. Егер мазмұнына қарай бөлгісі келсе, жылын өзгертпей, 1896 жылғы сөздер тобына қосу жөн еді.

Абай сөздерін нөмірлеуде қолжазба үлгісі де, мазмұнына қарай топтау үлгісі де ұсталмай, жазылған, шыққан жылдарына қарай топтап нөмірлеу принципі ұсталған. Бұл дұрыс принцип. Бірақ, Абай сөздерінің қайсысы қай жылдары жазылғаны әлі әбден мәлім емес. Қазіргі кезеңде бөлу фактысыз, келісіммен, әркімнің айтуымен белгіленіп қойылған. Негізгі сүйенішіміз Мүрсейт қолжазбасы болса, онда Абайдың бірде бір сөзінің жазылған жылы көрсетілмеген.

Біз көрген А. Жандыбаевтың қолжазбасында Абай сөздерінің әрқайсысының қай жылы шыққаны туралы толық мәлімет бар. Ол әр сөздің аяғында сол сөздің жазылған жылдары туралы ескертулер жасап отырған. Оған Абай сөздерінің қазіргі баспа бетінде шығып жүрген жылдары, көбінше сай келмейді.

Тіпті ойға салып қарағанның өзінде де Абайдың кей-бір сөзінің орны ауысып жүргені белгілі болып тұрады. Мысалы: «Он тоғызыншы сөзі» мен «Отыз бірінші сөзін» алып қарасак, бұлар: 1. Екеуі мазмұн жағынан бірін-бірі толықтырып, жалғасып жатады; 2. осы «Отыз бірінші сөз» Мүрсейтте «Жыйырмасыншы сөз» болып, «Он тоғызыншы сөзден» кейін келеді; бірімен бірі жалғасып жатады¹. 3. Абайдың өзі «Отыз екінші сөзінде»: «Осы сөздің 19-бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан сақ болу керек»² деп, ескерту жасайды. Бұл көрсеткен кеселдері де естігенді ұмытпаудың төрт түрлі себебі де сол «Он тоғызыншы сөз» бен «Отыз бірінші сөзде» бар нәрсе. Абайдың өзі сол, бұрын айтқан пікіріне дұрыс сілтеу жасайды. Қазіргі «Отыз екінші сөз», қолжазбада «Жыйырма бірінші сөз» болып келеді³. Ал қазіргі «жыйырмасыншы сөз», «Тоғызыншы сөз» ретінде, қолжазбасының 29 бетінде бөлек жүр.

Ал, жоғарыда көрсетілген. Абай ескертулерін түсіндірмекші болған жолдастар, Абайдың бұл ескертуін қатағасаяды; не «Мүрсейттің шатыстыруынан болса керек» деген пікірлер айтып, «Отыз бірінші сөзге» сілтейді.

Біздіңше, Абайдың «Он тоғызыншы сөзі» мен «Отыз бірінші сөзін» екі бөлек сөз етпесе де болады. Екеуін бірі-біріне «Он тоғызыншы сөз» деу жөн. Себебі, жоғарыда айттық, екеуі мазмұндас, көлемдері шағын. Баста, Абайдың өзі жазғанда бір болу керек. Кейін көшірушілер бөліп жазса керек.

Осыған байланысты, Абайдың басқа сөздерін нөмірлеу, жылдары жағын қайта қарап, мазмұны бірліктерін де ескеріп, «Отыз тоғызыншы сөзден» кейін «Қырық бірінші» «Қырық екінші сөздерді» жазу, «Қырықыншы сөзді» бұлардан бөлек кейін жазу керек. Қолжазба мен бұл сөздердің мазмұны осыны тілейді.

Қолжазбаларда Абайдың діни тақырыптағы сөздері өзге сөздерінен бұрын келіп отырады. Мысалы: «Отыз сегізінші сөзі» Мүрсейтше «Бірінші сөз» болып, «Он екінші сөз» «Жетінші сөз» болып (27 бетте), «Жыйырмасыншы сөзі» «Тоғызыншы сөз» болып (29 бетте), «Жыйырма сегізінші сөзі» «Он төртінші сөз» болып (32-бетте) келіп

¹ «Қытап тарих (Мүрсейт қолжазбасы) 38 бет. Қаз. ССР Ғ. А. қолжазба қоры.

² Абай (Гібраһим) Құнанбаев. шығ. тол. жыйнағы. 360 бет.

³ Мүрсейт «Қытап тарих» 38 б. (Жыйырма бірінші сөз).

отырады. Бұған қарағанда, Абайдың діни тақырыптағы сөздері бұрынырақ, дүние, өмір мәселелерімен шұғылданып жүрген кезінде жазылуы мүмкін. Егер олай болса, Абайдың бұл сөзін басқаша түсіндіріп, ақын творчествосының белгілі бір кезеңіне жатқызу керек.

Абай қарасөздерінің әрбір баспаларын салыстырып, ондағы өзгешеліктерді атап көрсете келіп, қортып айтарымыз мыналар:

1. Абайдың қарасөздерін бастыруда көп салақтықтар болған, соның нәтижесінде Абай сөздері қате басылып кеткен. Көп сөз қалып қойып, не орны ауысып кетіп отырған. Көптеген емле, стилистикалық қаталар кеткен. Абай сөздерінің жылдарын көрсетуде де көптеген салақтық орын алған.

2. Абай сөздері қолжазбадағы қалпында басылмай, кейде әдейі бұрмаланып басылған. Көп сөзінің мазмұнына нұқсан келтірілген. Абайдың кейбір өткір пікірлері, айқын көзқарастары екі ұшты, күнгірт, күмәнді болып шыққан.

3. Абайдың қарасөздерін ғылыми тұрғыда жете зерттеп, бұрынғы басылулардағы кемістіктерді түгел жойып, қайта басу керек. Ендігі жерде, Абай сөзін бұрмалауға ешбір жол бермеу керек. Абайдың әрбір сөздерін баспаға даярлағанда оған өте мұқият қарап, жауапкершілікті күшейте түсу керек. Абай сөздерін барлық жат қосымшалардан, бұрмалаушылықтан түгел арылтып, өзінің дұрыс қалпына келтіру керек. Ол үшін қолда бар төл нұсқаларды жете пайдалану қажет.

Көсеміміз И. В. Сталин тарихты бұрмалап, асырып көрсетуге де, кемітіп көрсетуге де болмайды деп үйретеді. Абай жөнінде де осыны естен шығармау керек.

Абайдың мұраларын жыйып, түгел баспа бетіне шығару, зерттеу жөнінде совет ғалымдары көптеген жұмыстар жасады. Абайдың өмірі мен творчествосына арналып жазылған ірілі-уақты, жақсылы-жаманды бірнеше еңбектер бар. Абай туралы жазылған мақала зерттеу еңбектері тізімінің өзі шағын бір бөлек кітап көлеміне жетті¹.

Бірақ, кейінгі кезге дейін, Абайдың қарасөздеріне арналған жеке зерттеулер мен көлемді монографиялық

¹ Н. Сәбитов. Абай, библиография, Алматы 1946 ж.

еңбектер болмай келді. Көбіне Абайдың қарасөздері туралы әркім әртүрлі (тек сөз арасында ғана) пікірлер айтып жүрді. Абайдың өмірі мен творчествосын зерттеушілердің кей біреуі оның қарасөздерін шетпұшпақтап әңгіме қылғанда көбінесе үзіп-жұлып, жеңіл-желпі қортынды жасап, біртұтас емес пікірлер айтады. Мысалы, профессор М. Әуезов, Абайдың қарасөздері қай жылдардан бастап жазылғанын, бұл сөздердің түгелге жақын сақталғанын және мағналы, әсерлі екенін ескертіп қана өтеді. Кейде ғақылия, қарасөз дей салады.

Абайдың қарасөздері туралы пікірді доцент М. С. Сильченконың еңбектерінен де кездестіруге болады. Ол өзінің Абай творчествосы туралы жазған еңбектерінде Абайдың қарасөздерін түрлі тақырыпта жазылған ғақылия сөз, очерк жанрына жатады, ол қазақ прозасының туыуына мықты себеп болды деген пікірлер айтып жүр².

Абайдың қарасөздері туралы бір пікір доцент Б. Кенжебаевтың «Абайдың қарасөздері» деген мақаласында айтылған. Бұл мақаласында ол Абай сөздерінің идеялық мазмұнына, жанрына тоқталады. Абай сөздерін әртүрлі атаушыларға сын айтады. Өзі Абай қарасөздерін Толстой мен Салтыков-Щедриннің ұсақ әңгіме, ертектерімен үндес, пікірлес, көркем проза деп білуді ұсынады³. Сондай-ақ доцент Б. Шалабаев та Абайға дейінгі қарасөз үлгілерімен XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының прозалары туралы мақала жазып, пікірлер айтып жүр. Ол мақалаларында Шалабаев Абай прозасының маңызы мен мәнін тамашалайды⁴.

Бұл айтылған пікірлердің бәрі де Абайдың қарасөздерін толық зерттеу бола алмайды. Тек Абай сөздерінің аты мен мазмұнын бірқалыпқа келтіру туралы әртүрлі пікірлер айтып, алғаш хабар ретінде бөлек зерттеуді қажет ету талаптары болып отырады. Сондықтан, Абайдың қарасөздері зерттеуді, ғылыми тұрғыда тереңірек қарауды, ойластыра беруді қажет ететін тың жатқан тақырып болды. Абайдың қарасөзден басқа еңбектерінің де әлі зерттеусіз

¹ Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлы. Толық жыйнақ, Қызылорда, 1933 және Абай Құнанбаев шығармаларының толық жыйнағы 2 томы, Алматы 1940 ж. 57 бет.

² М. С. Сильченко — Абай. Қазогиз Алматы, 1945 ж. 96—102б.

³ «Соц. Қазақстан» — 1945, 15 август, 168 санында.

⁴ Вестник АН. Каз. ССР, № 3. 1951, 81 бет.

жатқан салалары аз емес. Олар Абайдың поэмалары, аудармалары, тағы басқа творчествосындағы проблемалық мәселелер деуге болады. Тіпті, Абайдың өмірбаяны мен творчествосы кейіннен қайта қаралып, ғылыми тұрғыда зерттелініп жатқан нәрсе. Ондағы әртүрлі бұрмалаушылық қателер 1951 жылғы Абай творчествосын зерттеу мәселесіне арналып өткізілген ғылыми айтыста әбден айқындалған болатын.

Айтыстың материалдарын қорыта келе, Қазақ ССР Ғылым Академиясы Президиумы мен Қазақстан Жазушылар Одағының Президиумының қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосын ғылым тұрғысында қайта қарастыру жайын қажет еткен болатын¹.

Қазақстан Коммунистік партиясының қаулыларында халқымыздың тарихын, әдебиет тарихын марксистік тұрғыдан зерттеп баяндауды талап етіп, республикамыздағы идеология майданының қызметкерлері алдына жаңадан соны, зор міндеттер қойды. Бұл міндеттер Қазақ ССР Тарихы мен Қазақ әдебиетінің тарихын қайтадан толықтыра зерттеп, марксизм-ленинизм тұрғысынан қайта жазу арқылы орындалмақ.

Профессор М. Әуезов сыяқты көрнекті жазушы-ғалым партияның қойып отырған жоғарыдағы зор талабына жауап ретінде Абайдың өмірі туралы жаңа романдар жазып шығарып отыр. Ол Абайдың өмірі мен творчествосы туралы ғылыми мақалалар жазып, монография шығаруды да қолға алды. Қазақ ССР Ғылым Академиясы, Жазушылар Одағы Абайдың өлгеніне 50 жыл толу қарсаңында әртүрлі зерттеулер жүргізіп, ақынның жаңа толық жыйнағын екі том етіп бастырды. Осылайша, ғылыми жұртшылығымыз кеменгер Абай творчествосын жете зерттеу ісіне кірісті. Абай творчествосын тек советтік дәуірде жан-жақты зерттеп, тануға толық мүмкіншілік туды. Ол ғылыми жүйеге түсіп, жан-жақты зерттеле түсу арқылы айқындала бермек. Бұл жолда, ұсынылып отырған, Абайдың қарасөзі туралы тұңғыш кітапша ұлы ақынның әлі зерттелмеген еңбектерін таныту үшін азда болса сеп болар деп есептедік.

² «Әдебиет және искусство» журналы, № 9, 1951 жыл, 79 б.

АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН ИДЕЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Абайдың бізге жеткен қарасөздері қырық алты бөлек болып басылып жүр. Олардың жалпы көлемі жеті-сегіз баспа табақ. Мазмұны жағынан бұл сөздер ақын өлеңдерімен сарындас келіп, терең оймән озық идеяға негізделіп жатады.

Абайдың қарасөздері де өлеңдері сыяқты алуан түрлі мәселені қозғайды. Өлеңдеріндегі бай мазмұн қарасөздерінде де толық қамтылады. Көзіне ілінген өмір көріністерін Абай жалынды жырмен де, жай қарасөзбен де жетімді дәрежеде айтып берген. Сондықтан өлеңдеріне тән тақырыптар, қарасөздерінде де қозғалып отырады. Қарасөзі, өлеңдеріндегі пікірлерін толықтыра түседі. Өзі өмір сүрген заман шындығы, қоғам құрылысы Абайдың өлеңіне де, қарасөзіне де негіз болды.

Абай қарасөзінде өмір шындығын қозғаған реалист жазушы, халықтың мұң-мұқтажын көксеген демократ, қоғам қайраткері, ірі талант иесі, ағартушы, терең ойдың иесі болып көрінеді. Ол өзінің қарасөздері арқылы да қазақ арасындағы озбырлыққа, қанауға, қара күшке негізделген ел билеу тәртібіне, зұлымдыққа, надандыққа, еңбексіз азған өмірге, бұзылған мінез-құлыққа, (адамгершілікке) сыйымсыз тәлім-тәрбиеге, кертартпа әдет-ғұрыпқа, елдің санасындағы зиянды ұғым, теріс түсінікке қарсы шығып отырған заманының мейірімсіз сыншысы болды.

Абай көзі көрген зұлымдықтарды сынап қана қоймай, сонымен бірге, одан құтылудың жолын қарастырады: ғаділетке, өнер-білімге, адал еңбекке, адамгершілікке үндеді. Қазақ жастарына ақыл айтып, адамға жат мінез-құлықтардан сақтандырды, мәдениетті елдерден өнер алуға, дүниелік ғылымды, техниканы үйренуге, алдымен, ұлы орыс халқы мәдениетін игеруге шақырды.

Абай қарасөздері ақынның терең ойы мен ұлы арманын айқын көрсетті. Ақын пікірлері орыстың революцияшыл-демократтарының идеяларымен үндес шығып отырады, соны ол қазақ өміріне творчестволық жолмен қолданады. Рас, Абай өлеңдерінде кездесетін кейбір қайшылықтар мен тарихтық шағындылық көзқарас, түсініктер

оның қарасөздерінде де бар. Кейбір сөздерінде ол қайшылықтар айқынырақ, молырақ көрініп отырады.

Абайдың қарасөздерінде ғылымдық, философиялық, моральдық, діни мәселелер өлеңдегіден көрі айқынырақ көрініп, молырақ қамтылады. Сондықтан, біздің ойымызша, Абай қарасөздерінің тақырыбы жағынан өзгешелігі тек осы мәселер айналасында сыяқты. Басқа мәселелер өлеңдерінде көтерілген алуан түрлі пікірлерді қайталап, соны толықтырып, автордың ойын айқындай түсіп жатады. Негізінде, Абай өлеңдерінде де, қарасөздерінде де бір Абай, асқан сыншы — реалист ақын-жазушы.

Абайдың жеке бір қарасөзінің бір мәселені әңгімелеп қана қоятыны да, бірнеше мәселені қамтып кететіні де бар. Әр сөзінде Абай белгілі бір ой беріп, сол ойдан өзінше қортынды шығарып, адамға пайдалы деген ақылын айтады. Кейде Абай бір сөзінде әңгіме қылған мәселесіне екінші бір сөздерінде қайрылып соғады да, сол алдыңғы айтқан пікірін толықтырарлық жаңа ой қозғайды. Бірақ алдыңғы айтқан сөзін әншейін қайталай салмайды. Сондықтан Абайдың әрбір сөзінің мазмұн ерекшелігі сақталынып отырады. Әр сөзінің өзіндік пікір өзгешелігі де айқын көрінеді. Абай аз сөзге бай мазмұн сыйғызып, қысқа, тұжырымды көлемде, біраз мәселенің бетін ашады; көптеген адамгершілік ереже ұсынады.

Абай сөзінің мазмұн өзгешілігі, оларды белгілі тақырып айналасына топтастыруда, кейбір қиындықтар да келтіреді. Бірақ, әр сөзін жеке талдау бір жағынан ғылыми принципке сай келе бермейді. Екінші жағынан, әр сөзді жеке талдай қалсақ, көптеген қайталауларға кездеспекшіміз. Үшіншіден, әр сөзіне жеке баға беруден жалпы қортынды шығару, жазушыға баға беру, әр мәселеге көзқарасын белгілеу өте қиын болар еді. Бұл сөздер көлемді, оқыйғалы (роман, повесть т. б. сыяқты) шығарма емес. Көпшілігінде ол сөздердің әр қайсысы бірін-бірі толықтырып, бір ойды тереңдетіңкірей баяндап жатады. Сондай-ақ, Абай сөздерін бұл бірлігіне қарай, бәріне ортақ бір ат беріп атауға да келмейді.

Біздіңше, Абай сөздерін мазмұнына қарай, мынадай, бес үлкен тақырып төңірегіне топтауға болады:

1) Қоғам құрылысы, ел билеу жайын көп қозғайтын сөздері.

2) Оқу, өнер-білім, тәлім-тәрбие мәселесі туралы сөздері.

3) Еңбек, шаруа жайларын әңгімелейтін сөздері.

4) Адамгершілік, мораль (мінез-құлық) жайларын көрсететін сөздері.

5) Дүние, өмір туралы ойлары мен дін мәселелерін түсіндіретін сөздері.

Бұл топтарға Абайдың 3—4 сөзі ғана жатпайды. Ол сөздер біздіңше, өзіндік мазмұн өзгешелігі бар, түрі бөлектеу болып келетін «Бірінші сөз», «Отыз жетінші сөз», «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деп аталатын сөздер.

«Бірінші сөзде» Абай өзінің жеке басына байланысты ойын өмірбаяндық дерек ретінде әңгіме етеді, оқушымен сырласады. Өзінің өткен өмірін есіне алып, енді алда не істеуге бел байлағанын мәлімдейді; өзі сыяқты қазақтың істеп жүрген істерін, кәсіптерін істеуден бас тартқанын айтады.

Ақырында, Абай өзінің ойларын, ақыл ретінде жазып кетуді қалағанын, творчестволық жұмысқа бел буғанын ескертеді.

Абайдың «Жыйырма жетінші сөзі» де өзінше бөлек, ерекше көзге түседі. Ол тарихта аты мәлім ежелгі грек философы Сократ атына байланысты сөз. Бұл сөзді «Сократ Хәкім сөзі» деп белгілеп, Абайдың өз сөзі емес, сол Сократтан аудармасы дегенді айтып жүр. Бірақ, біз мұндай пікірге қосыла алмадық. Себебі, Сократтың дәл мұндай шығармасы жоқ. Қай шығармасының аудармасы екенін белгілеп беру мүмкін де емес. Оның үстіне, сол сөздегі Аристодим деген Сократтың шәкірті тарихта мәлім емес. Ұқсас атта (Аристотиф) шәкірттері болған. Бірақ олардың сөздері жоғарыдағы Абай сөзімен бір емес. Біздің ойымызша, Абай өзінің «Жыйырма жетінші сөзін» сол кезде халық арасына көп тараған бір аңызға, не оқыған кітаптарының бірінің сюжетіне негіздей отырып, өз жанынан жазған, сондықтан бұл — аударма емес, Абайдың өз шығармасы. Мұнда автор өзі естіп, не оқып білген ойларын көркемдеп, екі кісінің әңгімесі ретінде баяндап береді. Бұл сөз өзінің ой түйіндеуі, мазмұны және стилі жағынан да Абай шығармасы екенін айқын танытады. Өзінің құдай туралы түсінігін, философиялық ойларын Абай осы сөзінде де басқа сөздеріндегідей топшылайды. Өз пікірін Абай Аристодим мен Сократ арасындағы кеңес ретінде, сырттай баяндаған. Ол автордың әдеби әдісі, көркемдеу құралы болса керек. Сондықтан бұл сөзді біз Абайдың өз

шығармасы деп білдік те, оны дін, дүние туралы сөздерінің тобына қосып талдалық.

Абайдың «Отыз жетінші сөзі» түгелдей «қарасөз» тобына жатпайтын, өз алдына бөлек нәрсе, оны қарасөз деп атау дұрыс болмайды. Себебі: бұл бірнеше нақыл сөздердің тізбегі. Онда Абайдың 23 афоризмі — нақыл, мәтел сөздері тізіліп берілген.

Біздіңше бұл нақылдар тізімін әлде де толықтырып («Абайда бұлардан басқа да нақыл, мәтел сөздері көп») бөлек, өз алдына, Абайдың өзі атаған атпен атап берген жөн. Абай бұл сөздерін «Насихат» деп атаған¹ болатын.

Абайдың «насихатын» өз атымен атамай, қарасөз тобына қосып, «Отыз жетінші сөз» деп атаудың өзі жоғарыда айтылған пікірлеріміздің дұрыстығын дәлелдейді және жете зерттеп, әрбір сөзін өз атымен атауды (нөмірлеуді қойып), мазмұнына сай ат беруді керек қылады.

Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деп аталатын сөзі «қарасөз» емес, мақала.

Абай бұл мақаласында қазақтың тарихын зерттеп, қазақ халқының қайдан шыққанын — генезис жақтарын, «Қазақ» деген сөздің мәнін, тегін әңгімелейді. Абай қазақтың қағаз жүзінде жазылған тарихының жоқ екенін айтты, сол тарихымен шұғылданып, осыған байланысты өз пікірлерін айтады.

Абай бұл еңбегінде тарихқа ғылыми, біркелкі, дұрыс жолмен қарайды. Мәселенің тегін, біркелкі, шындық жағдайға сүйеніп сөз етеді. Қазақ тарихының кезеңдерін экономикалық жағдайға байланысты анықтауға тырысады. Қазақ тарихын Орта Азия халықтарының тарихымен байланыстыра зерттеп, өзінің қортындыларын сол бойынша жасайды.

Қазақ жерінде болған ұлы оқыйғаларды, тарихи ұлы кезеңдері біркелкі дұрыс көрсетіп береді. Сонымен бірге, қазақ халқының басқа жұрттан кейін қалу себебін, мәдениетінің өспеуіне қандай себеп болғанын, қазақтың халық ретінде өсу жағының да кем болған себептерін ашуға тырысады. Елді өсіретін өнімді еңбек, тыныш өмір қазақта жеткілікті болмай, кейде жорыққа әуестік орын алып келгенін айтады; ондай өмірдің ештебір өспейтіні дұрыс дәлелденген.

¹ «Кітап тарих» (қолжазбасы) 61 бет. Қазақ ССР Академиясының архивы.

Осылайша қазақтың кәсібі, тұрмысы, әдет жайлары, діні, мәдениеті, олардың тарихи даму жолдары, біркелкі дұрыс дәлелдермен баяндалған.

Өзінің кейбір олқы және тарихи тапшы пікірлеріне қарамастан, Абайдың бұл еңбегі тарих ғылымы үшін өзінің тұңғыштығымен болса да өте қажет нәрсе.

I

Абайдың қарасөздерінде көтерілетін басты тақырыптың бірі қазақ қоғамының жайы, ел билеу мәселесі. Бұл мәселе Абайдың он шақты сөзінде әңгіме болады. Әсіресе, оның 3, 8, 22, 39, 41, 42 сөздерінде көбірек айтылады.

Қоғам құрылысы, ел билеу мәселесі — Абай өмір сүрген дәуірдің басты мәселелерінің бірі. Сондықтан Абай өз кезіндегі қазақ қоғамын, оның билеу системасын сынға алып отырды; Сол ескі феодалдық қоғамды, оның барлық жұғымсыз істерін батыл сынау үстінде, жаңалық үшін жан салып күресу үстінде өсті. Сүйтті де, ол өз кезеңінің алдыңғы қатарында болды.

Абайдың өмір сүріп, қызмет еткен кезеңі қазақ қоғамының бұрынғыдан анағұрлым ілгері басуға бет алған кезі еді. Бұл кезде Қазақстан Россия сияқты болашағы зор, ұлы мемлекетке қосылды. Қазақстанның Россияға қосылуы қазақ қоғамының тарихи дамуына жол ашқан маңызы зор құбылыс болды. Осы қосылу нәтижесінде, екі ел өзара экономикалық, саяси және мәдениет жағынан тығыз байланыс жасауға алғаш рет мүмкіндік алды. Сондықтан Россияға қосылудың қазақ халқының тағдыры үшін үлкен прогресшілдік ролі болды.

Россияға қосылғаннан кейін қазақтың ел билеу жүйесі де өзгерді. Патша өкметі қазақ елін билеу туралы түрлі жоба, ереже шығарып, реформалар жүргізді. Хан билігі, тұқым қуған билік жойылып, оның орнына әуелі сұлтан, аға сұлтан тәртібі, одан кейін болыс, старшын сайлау заңы шықты, елді болыс, старшин басқарды.

Бұл жаңа реформалар, бұрынғыға қарағанда, бір адым ілгері басу боп көрінсе де, болашағы жоқ жүйе еді. Себебі, ол халық арасындағы озбырлық билеп келген тынымсыз өмірді өзгертерлік мақсат көздемеді. Көздеуге тиісті де емес еді. Керісінше, елді екі жарып, өзара тартысқа салды. Ескіден келе жатқан ру таласын басу орнына, оны қоздыра түсті. Параға жолдың ашық болуы — елді талан-

тарапқа салды. Партиягершілік, дауқестік, ұрлық-зорлық күшейіп жатты. Еңбекші халықтың тұрмысы бұрынғысынша күйзеліске ұшырап, шаруа халі төмендей берді. Көп жұрт шаруа қумай, дау қуумен жүріп алды.

Осы тарихи жағдайда қалам ұстап, әдебиетке араласқан Абай, өмір шындығының бұл бөлегіне көңіл аудармай кете алмады. Өйткені «әрбір данышпанның дана ойы өз заманының жемісі. Оның ойын өркендететін себеп, өз заманының тұрмыс шындығы болатын»¹ Қазақ тұрмысының, Абай өмір сүрген кездегі шындығы Россия шындығымен тұтасып, тығыз байланысып кеткен, сонымен тағдырлас шындық болатын.

Абай сол Россиялық шындықтың екі түрлі бейнесін танып білді; патшашыл, реакцияшыл Россияны да, озат мәдениетті, прогресшіл Россияны да көре білді.

Абай өзінің қарасөздерінде, қазақ қоғамының ескі феодалдық кертартпа, томаға тұйық жағдайына қарсы болды. Сол үстем тап билеген заманның тымық, бірбет көрінісін, ел билеу тәртібін сынап отырды. Қазақ қоғамындағы әр түрлі таптық топтарды, олардың арасындағы қайшылықтарды ашып көрсете білді. Мысалы, Абай «Жыйырма екінші сөзінде» өзіне-өзі сұрау бере отырып, қазақ қоғамындағы топтар мен таптарды сынап, талдау жасайды. Ол топтардың әрқайсысына жеке тоқтап, сын айтады; өзінің кімнің жағын жақтап, сойылын соғуға даяр екенін ашық көрсетеді. Қазақтың байлары мен болыс, билерін, сұмдарын, момын шаруалары мен қарып-қасер—бишаларын салыстырып, олардың арасындағы үлкен қайшылықтарды танытып отырады.

Абай қазақ еліндегі бұл топтарды, таптық жіктерді бір алып қарап, бір жақты бәріне қарсы шығып отырған жоқ. Олардың әрқайсысына жеке сыйпаттама беріп, кедей шаруаны жуандар тобынан бөліп алды. Елдің бұзылуына, азып-тозуына негізгі айыпты қанаушылар тобы — «мырзалар», атқа-мінер, қу-сұмдар қауымы екенін көрсете білді. Бұлардың елді қым-қыйғаш, карама-қарсы жіктерге бөліп, дау-жанжалдың отын үргілеп жүргенін көрсетті. Елдегі барымта, жесір дауы, жер дауы, бақталастық, өсек-өтірік — бәрі солардың лаңы деп біледі; олардың ел тағдырын мүлде ойламайтын, өзі үшін оттаған санасыз мал-

¹ В. Г. Белинский. Париж күпиясы. Собр. соч, том 2 стр. 626, М Госполитизд. 1948.

мен тең, не жыртқыш тағы аңмен тең топ екенін; бұлардың әрі надан, әрі озбыр жыртқыштық істерін көрсетеді. Абай ел билеп отырған мықты, мырза, болыс билердің сыйқын, мінез-құлқын, олардың неге мырза, неге мықты екенін, қалай және кім үшін болыс, би болғанын дұрыс көрсетеді. Олардың шын бетін ашып, халық алдында масқара етеді.

«Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ. Мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Бінеулер көтіне құрым киізді түзге малшып тыққан соң есі шығып еріксіз кім болса соған далтайып емізіп жүр» — деп, мырзаларды өлтіре түйрейді.

«Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты. Жақсылыққа мықты кісі елде жоқ» — деп, мықтысыңғандардың зұлымдық сырын ашып береді. .

«Болыс пен биді құрметтейін десең... сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір хасиеті жоқ», — деп болыстардың патшаға сатылған, сол үшін қызмет ететін адамдар екенін, ел үшін, ел қалауымен болыс болмай, елді жеу, талау үшін болыстықты сатып алатындығын тура бетке айтады.

Ақыр аяғында Абай: «Момындығынан «ырыс баққан, дау бақбас» деген мақалмен боламын деп, бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштықпен баға алмай, ұры, залым, куларға жеміт болып жүрген шын момын шаруаларды аямасаң, тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым», — деп шаруаны жақтайды.

Абай көбінесе, болыстарды әңгіме қылып, солардың жайларын түсіндіруге ерекше көңіл бөліп отырады. Абайдың «Үшінші сөзі» түгелге жақын осы болыстарды сынауға арналған. Осы «Үшінші сөзінде» Абай қазақ жеріндегі болыс сайлау процесін түгел сыйпаттайды. Абай, ең алдымен, болыс болу жолдарын көрсетіп алады. Болыстыққа жеткізетін жол — қулық, сұмдық, пара деп дұрыс көрсетіп, адамдығы асқан адам болыс сайланып жүргендігін айтады. Осылайша адамшылыққа жат жолмен болыс болған адамдардың не істейтіні де, кімнің мақсатын ойлайтыны да айқын.

Абай болыстардың мақсаттарын, бар іс әрекеттерін әлгі болыс болу жолынан шығарып, оны өте шебер дәлелдейді. Әр залым болыстыққа таласқанда «сөзім өтімді болсын және де сптеп мал жыюға күшіміз жетімді болсын деп қызметке, болыстық билікке таласады», — деп, олар-

дың мақсатын ашып көрсетеді. Онан кейін, «бодыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді»,— деп кім үшін қызмет ететінін әшкерелейді.

Абай өзінің «Жыйырма бесінші сөзінің» бір жерінде, болыстарға ел-жұрт та, әке-шеше де, ағайын-тума да, адамгершілік те қымбат емес, олардың бәрін жаурынынан ұлықтың бір қаққанына сатуға даяр. Тек «Майордың күлгені керек. Көті ашылса да, басқа қам жемейді»,— деп сөгеді.

Абай болыстардың жұмысы не болатынын, болыс болған жылынан бастап қандай қаракетпен шұғылданатынын атап көрсетеді. Ақыры үш жылға сайланған болыстың үш жылы да босқа өтеді; ең болмаса, бір жылын да ел басқаруға, жұрт мұның шешуге жұмсалмайды деп қортынды жасайды. Ол «Үшінші сөзінде»: «Үш жылға болыс сайланады, әуелгі жылы — «сені біз сайламадық па?» — деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы қандидатымен андысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға мүмкін болар ма екен деп қапақтап күні өтеді. Енді несі қалады?»—дейді. Осылай уақытын босқа өткізген болыстар ел билеп, жұрт басқарып не ондырады деп мысқыл етеді.

Сүйтіп, Абай болыс билігі елдегі дау-жанжалды, ұрлық-сұмдықты жоя алмайтын, қайта оны ұлғайта түсетін әділетсіз билік болды деп қорытады. Бұндай қулық-сұмдық, пара билеген патшалық сайлау заңына Абай наразы болады.

«Осы күнде қазақта «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: ісінің түзулігінен жетпессің, кісінің амалшы, айлалығынан жетерсін» деген сөз» деп, Абай билікте ешбір әділетілік жоқтығын, көрсетеді. Мұндай билік халық мүддесіне жат, оны өзгерту керек деген қортындыға келеді.

Абай болыстық билікке, патшаның сайлау заңына наразы болып қана қоймайды, сонымен бірге, ол өз жанынан би сайлау тәртібі туралы жаңадан ұсыныстар жасайды. Ол ұсынысында Абай қазақтың ұлттық ерекшеліктерін ескереді. Қазақты тәрбиелеп, ескі надан құлықтардан арылтарлық мақсат көздейді. Мықтап өрістеген дау-жанжалды тез жойып, ұрлық-сұмдыққа тыйым салғандай ел арасындағы айтыстарды әділ шешіп, тез бітістірерліктей билік ұсынады.

Сайлау тәртібі мен ел басқару орнына ұсынылатын адам, Абай ұсынысы бойынша, мынадай талаптарға сай болуы керек:

1) Сайланған адам орысша оқыған — образованный— білімді адам болуы керек.

2) Сайланатын бидің саны шағын болу керек. Би көп болмай және жұп болмай, тек үш адамнан құралса, дақ билер таласта тез келісімге келеді. Егер келісе алмаса, әр болыстан бір-бір посредник болып, солар келістіреді.

3) Сайланатын адамды жыл кеспей сайлау керек. Оларды түсіргенде, жаманшылығы әбден әшкере болып білінгесін түсіру, әйтпесе орнынан түсірмеу керек.

4) Сайланатын адам халықтың қалауы бойынша ұсынылуға тиісті. Егер білімді адам жоқ болса, не оны ел ұсынбаса, жоғары ұлықтың атауымен болсын.

5) Қазақтың тарихына мәлім ел билеу тәжірибесін ескерту керек. Ол ескі билікті түгел қалдырмай, оның ішінен ең ғаділін саралап алып қолдану, оны жаңа заман тілегіне сай, кейбір өңдеулер енгізіп пайдалану керек.

6) Сайланған адам өз қамын ойламай, ел тыныштығын, жұрт тілегін, халық мақсатын ойлауы керек. Сондықтан халық та оған әбден нанып, бар билікті, ел тізгінін соның қолына беріп, дегеніне көнуі, жетелегеніне жүруі керек.

Қорыта келгенде, 'Абайдың, билік туралы пікірлері оның демократтық ойынан туған, әлеуметтік көзқарасының прогрестік бетін көрсетеді. Ескі билікті сынап, жаңа билік тәртібін ұсынушылықтың өзі, өз дәуірінің тәртібіне наразы болғанын айқындайды¹.

Абайдың әлеуметтік пікірлерінің негізгі қазығы — еңбекші халық, момын шаруа жайы; елдің тыныштығы мен бақытты болуын, мәдениетті өмірін аңсау.

Ел билеудегі ғаділетсіздік, озбырлық, қулық, т. б. жұғымсыз қылықтарды жойып, ақылға негізделген заңды орнатуды керек қылды. Сонымен бірге ескі, мал күшімен, не тектілігімен, ата даңқымен сайлануға қарсы шықты. Ел міндетін арқалайтын адам өзінің ақылымен өзгеден озық болуын керек етті.

Абай елді білімді адамға билетіп, халықты түгел ағар-

¹ Ел билеу мәселесіндегі Абайдың пікірлері қазақтың ірі демократы Ш. Уәлиханов пікірімен тіпті жақын, екеуі көп жерде бір жерден шығып жатады.

тып барып, қоғамдық өзгеріс жасамақ болды. Бұл тілегінің саяси билік үстем тап қолында тұрғанда орындалмас арман екенін ол түсіне алмады. Ең алдымен саяси билікті қолға алмай тұрып, еңбекшінің ғылымға қолы жетпейтінін ұқпады.

«Мен, егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам,— дейді Абай,— адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.»

Абай осы пікірден қарап, саналы өмірді аңсады. Білімді, жігерлі адам өз бойындағы бар қуат — жігерін, білімін ел мінезін түзеп, жөнге салу жолына жұмсауға тиіс деген түсінікте болды

II

Абайдың қарасөздерінде әңгімеленетін екінші бір басты мәселе — оқу, өнер-білім, тәлім-тәрбие жүйелері. Абай бұл мәселені өзінің қарасөздерінің көпшілігінде-ақ әңгіме қылады. Бұған соқпай кететін өлеңі де, қарасөзі де аз. Қарасөздерінің жыйырма шақтысы осы ағартушылық пікірді қозғап отырады. Олардың ішінде «Екінші сөзі», «Сегізінші сөзі», «Оныншы сөзі», «Он сегізінші сөзі» «Он жетінші сөзі», «Жыйырма бесінші сөзі», «Отыз екінші сөзі», «Отыз үшінші сөзі», «Отыз жетінші сөзі», «Отыз сегізінші сөзі», «Қырық үшінші сөзі» оқу, өнер-білім мәселесін көбірек қозғайды.

Абайдың қарасөздері — оның ағартушылық пікірін айқын танытатын еңбектер. Жазушының бұқарашылдық идеясының тыянақты тұрғысы мен биік сатысы. Ол қарасөзінде оқу, өнер-білім мәселелерін өте жоғары бағалап, өнер-білімсіз надандыққа қарсы шығып отырды. Адамның санасы, бірінен-бірінің озықтығы осы білімі асып, өнері артқандықпен білінеді деп, оны адамшылықтың өлшеуіші ретінде түсінді. Абайша ақыл, ғылым, ар, мінез кімде басым — сол адам артық және бағалы. «Он сегізінші сөзінде»: «Тегінде, — дейді Абай, — адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де ақмақшылық»¹.

Абай оқу, өнер-білімнің маңызын тек адамгершілік қасиет үшін керекті нәрсе деп қоймай, сонымен бірге, олар-

¹ Абай Құнанбаев. Шығар. тол. жыйнағы, 1945, 342 бет.

дың халық тұрмысына, халықтың өмірі мен шаруасына ең керекті нәрсе екенін де ашық айтып, өте ұқыптылықпен сыйпаттайды. Өнер-білім, техника халықтың шаруасын, тұрмысын жөндеу үшін де өте-мөте пайдалы екенін орынды мысалдармен шебер дәлелдейді.

Оқыған халықтарды, техникалық елдерді Абай мысалға ала отырып, өнерлі жұрттың өнерсіз қазақ елінен озықтығын дұрыс түсіндіреді. Ол үшін мысал іздеп Абай алысқа бармайды. Қазақтың алдына мысал үшін бар мұсылман елдері бас иіп келген арабты да, алыстағы батысты да тартпайды. Қазақтың көз алдында күнде араласып жатқан, көрші халықтарды алып, олардың өнер артықшылығын көрсету арқылы дәлелдейді.

Қазақты Абай өзбек, татар, орыс халықтарымен салыстырып, өнерлі халықтардың озықтығын тайға таңба басқандай-ақ айқын көрсетеді. Мысалы үшін Абайдың «Екінші сөзін» алсақ, онда Абай, ең алдымен, қазақтардың әлгі халықтар туралы қате түсініктерін сынайды. Содан кейін, ол халықтардың кәсіпкерлігінің, мәдениеттілігін, сондықтан қазақтан озық жатқандығын көрсетеді. Қазақтың кәсіпкерлігінің кемдігін, мәдениетінің, өнер-білімінің кем екенін, сондықтан, оның әлгі халықтардан мәдени төмен екенін айтады.

«Енді қарап тұрсам,— дейді Абай,— сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, сәудегері жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ...» Осы қасиеттерінен олар қазақтан озық жатыр дегенді айтады. Сондықтан қазақтың өзбекті келеке ететін орны жоқ, өзбек өзді-өзі жауласпайды, қалада, бір жерде татушылықпен тұрады. Және ол қазаққа жақсылық істеп келеді, Россияға қарағанға дейін қазақтың өлісіне кербін, тірісіне киім жеткізіп тұрғандығы үшін де оны күлкі жасауға болмайтынын айтады, ол халықпен дос болып, үлгі, өнеге үйренуге шақырады.

«Ноғай» деп келеке қылатын ноғайлардың да өнерлі екенін, медіресе, мешіті, оқыған үлкен молдасы бар, епті, сыпайы, төзімді, еңбек пен мал табу жолына жетік, салтанатты — мәдениетті халық екенін көрсетеді.

«Орысқа айтар сөзде жоқ. Біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз» деп, орыс халқының мәдениет жағынан да, тұрмыс жағынан да бұл халықтардың бәрінен де ілгері ел екенін, оларға салыстырар қазақта ештеңе жоқ екенін, орыс халқының озық екенін аз сөзбен-ақ толық танытады.

Абай бұл сөзді қазақты кем көргеннен айтып, басқа ел

алдына мазақ ету мақсатын көздемейді. Қазаққа шын жаны ашып айтады. Ол қазақты басқа елдердің қатарына қосу, солардың мәдени табыстарына қолдарын жеткізу мақсатын көздейді. Сондықтан да, осы халықтар жеткен өнерге жетпей тұрып, ғылымсыз құр көкірексіп, кеудеге ұрғандық — адамшылыққа жатпайтын құлық деп бағалайды. Өзінің «Отыз төртінші сөзінде» Абай: «Екі ауыз сөздің басын қосарлық не ақыл жоқ, не ғылым жоқ бола тұра өзімдікін жөн қыламын деп, құр: «ой тәңір-ай!» деп, таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?» — дейді.

Абай қазақтың өнерсіздігін айтып қана, не сынап қана қойған адам емес, сонымен бірге ол өнердің пайдасын көзге көрсете отырып, сол өнерге жан сала үндеген, оқу, өнер білімнің жалынды жаршысы, ұлы орыс мәдениетінің талмас үгітшісі болды.

«Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең оқыт!» — дейді Абай «Жыйырма бесінші сөзінде»

Абай тек «оқыт» деп барлық оқуды бірдей бағалап, немен болса да баланың басын шата бер демейді. Абай ең әуелі оқудың түрі көп болатынын ескертіп алады. Ел тілегіне пайдалы, заманның ілгері басқан қадамына сай оқудың да, ел тілегіне қайшы, халық мүддесіне жат, заманы өткен кертартпа, оқудың да болатынын айтып, алдыңғы, ілгері бастыратын оқуды жақтайды. Тек «құдайды танытатын» дін оқуына, медіресе біліміне қарсы шығады. Ол діни оқудың кертартпалығын түсінеді.

Сондықтан да Абай «Отыз сегізінші сөзінің» бір жерінде: «Бұл күндегі тахсил — ул — ғұлум (ғылым үйрену — Х. С.) ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды», — дейді. Мистикалық дәрістермен шатып, тағдырға бой ұрғызатынын, дүниеден, ғылымды үйренуден бездіретінін Абай сезеді.

Абай адамға, қоғамға пайдалы, тұрмыс керегіне асарлық оқуды жақтайды. Оқу елдің ілгері басуына жәрдемдесерлік, замана талабына сай келерлік, өмірге пайда келтірерлік, шындыққа жеткізерлік, әр нәрсені жете танытарлық оқу — ғылым болу керек деген талап қояды. Атап айтқанда дін шырмауында, надандық қоршауында келген қазақ халқының көзін ашарлық, көңілін сергітерлік оқуды жақтайды.

Абайша мұндай оқу мен ғылымға жеткізетін жол Шығыстың кертартпа, діни мистикасы, не сол жолдағы ескі мұсылман медресесі емес. Керісінше, ол пайдалы оқу —

орыс мектебінің үйрететін ғылымы, орысша оқу, орыс мәдениетіне жетілу жолы. «Жыйырма бесінші сөзінде» Абай: «Орысша оқу керек, хикметте, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр. Олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең көкірек көзің ашылады. Орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі», — дейді.

Абай өз кезіндегі теріс түсініктерге қарсы күрес ашып отырды. Әсіресе, ұлттар арасындағы наразылыққа қарсы шығып, қазақты көрші елдермен, оның ішінде ұлы орыс халқымен дос болуға үндеп отырды. «Орыс теріс айтпайды...» оны тыңда, одан үйрен, солардың қатарына қосыл деген пікір айтады.

Осылайша Абай орысша оқудың қазақ жағдайындағы жайына сын айтып, ол оқудың пайдалы екенін дәлелдеп, жастардың алдындағы мәдениетке жеткізерлік нысанасы ретінде ұсынады.

Білімсіз қылған қаракет те, тапқан мал да, еткен еңбек те — бәрі де өлшеусіз, баянсыз, мәнсіз дегенді айтады. Одан кейін жастай «балаңа қатын әперме, енші берме, барынды салсаңда, балаңа орыстың ғылымын үйрет. Мына мен айтқан мал аяр жол емес», — деп, Абай қазаққа ақыл береді. Жасынан баласына қатын әперіп, оқытпайтын ғадетін сынаиды.

Абай ғылымға жетілудің ең қажетті екі факторы болады деп көрсетеді. Бірі, адамның өзіне байланысты ішкі фактор да, екіншісі, өмір, тұрмыс жағдайларына байланысты сыртқы фактор. Ішкі факторлар — адамның өзінің талаптылығы, мейірленіп, жігер сала ынтамен іздену, иждаһаттана тырысу, есіткенді ұмытпау, төзімді болу т. б. Осы ішкі фактордың Абай өзінің «Отыз екінші сөзінде» ғылымға талаптанушыларға арнап мынадай алты түрлі шарты барын айтады:

1. Ғылымды шын мейірленіп, көңілге махаббат тұтып іздену. (Өгей ананың мейіріміндей шала мейір емес, тапқан ананың мейіріміндей). «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды».

2. Ғылымды талас-тартыс үшін емес, дүниені тану, білмегенді білу үшін; өмір, қоғам, ел мақсаты үшін үйрену керек.

«Ғылымды үйренгенде, ақихат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек, бақаска (егеске Х. С.) бола үйренбе,

азырақ бақас көңілді пысықтандырмақ үшін залалды емес, көбірек бақас адамды түземек түгіл, бұзады» дейді.

3. Ғылыммен ізденіп тапқан, көзің жетіп, көңіліңе беріккен шындықты пікірлеп берік ұстау. «Әрбір хақиқатқа тырысып иждиһатыңмен көңіл жетсе, соны тұт, өлсен айрылма».

4. «Білім — ғылымды көбейтуге екі қару бар; адамның ішінде бірі мұлахаза (пікірлеу Х. С.), екіншісі берік мұхафаза қылу (берік сақтау Х. С.).

5. Оқып ізденуде еріншектік, салақтық болмай, ойлап-толғап, қыялдай білу керек. Соған құзырланып уайым шегу қажет. Ғылымға салақтық, уайымсыздық сыяқты зыянды кесепаттардан сақ болу.

6. Ғылым жолына түскен адамдар мінезін берік ұстап, жеңілдікке салынбай, өзін қайратты тұту қажет.

«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын, көрсе қызарлық пен жеңілдік я біреудің орынсыз сөзіне я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең мінездің беріктігі бұзылады... Қылам дегенінді қыларлық, тұрам дегеніңе тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі қайраты бар болсын. Ол бір ақыл үшін, ар үшін болсын»,— деп тәрбиелік, педагогикалық мәні зор ақылдар айтады. Абайша талапты жастың әуелі осы алты шартты білмейінше, ғылымға жетілуіне болмайды.

Абай осы сөзінде ғылым қуған адам тапқан білімін берік ұстап, білген үстіне біле беруге тырысуы керек, құмарлана іздене түсуі керек дейді. Адам танымаған нәрсесін танып, біліп жанына рақат тауып, соның өзін дәулет тұтуға тиіс екенін ескертеді.

«Білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп, үміттенген құмар махаббат пайда қылады. Сонда әрбір естігенінді көңілің жақсы ұғып, анық сөз суретімен ішке жайғастырып алады»,— дейді (32-сөзінен).

4 «Он екінші сөзінің» бір жерінде Абай білімді үйреніп, біліп болмай, білгішсі қалушылыққа, жетпей жатып жетілгенсігендікке қарсы тұрады. «Үйреніп жеткенше, осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімдекім үйреніп жетілмей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрады...» дейді.

Абай «Отыз сегізінші сөзінің» бір жерінде ғылыммен шұғылданып, ынтық болған адам шындыққа негізделген дүниеуі, әр нәрсенің түбін білерлік ғылыммен айналысуы

керек, ол алланың ғылымы емес, хәмманы білетұғын ғылым. Соған ықыластанса, адам тез жетіледі,— деп ашық айтады.

Абай ғылымға жетілу жолындағы осы сыяқты ізденуші адамның өзіне байланысты ішкі жағдайларды керек етіп қана қоймайды. Сонымен бірге, ол ізденуші адамға байланысы жоқ сыртқы жағдайдың болатыны, ол белгілі ортаның экономикалық және саяси — әлсұмсеттік жағдайы екенін де ескертеді.

«Қарыны аш кісінің,— дейді Абай,— көңілінде ақыл, бойында әр ғылымға құмарлық қайдан тұрсын... Мал тапса қарны тояды. Онан соң білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін, не болмаса үйретейін деп, ойына жақсы түседі». «25-сөзден»).

Абай «Жоқшылықтың адамды жайуандандырып жіберетіні де болады» деп, адам өмірінің негізі, қоғамдық санасының негізі тұрмыста екенін таныйды. Абайдың бұл пікірлері оның стихиялы түрде жеткен түйінді ойын көрсетеді.

Өнер-білімнің өсуіне, адамның жетілуіне сыртқы себептің бірі сол адамның ортасы, қоғамы, әлеуметтік жағдайы екенін де Абай түсінетін сыяқты, яғни қазақ қоғамы сол себептің бір үлкені. Қазақта бұл жағынан да, жағдайсыздық өте көп дегенді айтады. Олар: ең алдымен елдің тынышсыздығы — бірлігінің кемдігі, дау-жанжал, ұрлық-сұмдықтың көптігі.

«Асап-ішуге малдың тапшылығы да, ағайынның араздығы да әр түрлі бәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге» үйір қылады, ғылымға үйір қылмайды дегенді айтады.

Қазақтың бай, билері терең оқуды керек қылмай, тек «құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана» оқыса болады деп есептейді; себебі олар оқып қыйналмай-ақ күн көрісі мол — бірі бай, бірі би. Олар «біреуден үйренем деп жүрген жоқ, қайта үйретем «деп жүр». Сондықтан да, бұлар елді қырсыздандырып отыр дегенді айтады. Қолында малы бар қазақтар мал шығарып оқу түгіл, оқуға баласын бермей, теріс саясат ұстап, қазақтың орыс ғылымына жетілуіне, одан үйреніп, араласып кетуіне кеселдік келтіріп отырғанын да айтады.

Халықтар арасында ңаразылық қоздырып, «басына шаш, аузына мұрт қойып», орыс болып кетеді деп орын-

сыз қауып ететінін, орыстың артықшылығын білмейтінін ескертеді.

Қазақ өз малын шығарып баласын оқыту түгіл «ел ақшасымен оқытуға әрең оқытады. Өз малын не қылып шығарсын?» Олар малды «иттікпен табады, иттікпен айрылады...» бірақ ғылым жолына, баласын оқытып адам етуге жұмсамайды дейді. Қазақ елінде ғылым мен өнердің дамуына қазақ шаруаларының тым басылып, жаншылып, қамшылық зардабы өтіп, бойын жаза алмай жатқандығы екенін де дұрыс танытады. Қазақ еңбекшілерінің осы санасын көрсететін олардың ғылымға қырсыздығы деп біледі. «Ғылым, білім кедейге керегі жоқтай-ақ,— дейді Абай,— «бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді»,— деп Абай қазақтың езілген еңбекшілерінің санасын, теріс түсініктерін сынға алады. Бұл түсінік те оқудың өнбеуіне бір себеп деп біледі.

Бұдан кейін Абай оқу, өнер-білімнің маңызының зор екенін түсіндіріп, оның тұрмыс үшін пайдалы екенін айттып, қалың қазақ жұртшылығын сол өнер-білімге үндейді.

Абай оқудағы мақсатты өте жоғары бағалады.

Ғылымды жеке мақсат, мансап, мақтан үшін оқу не соны бір керекке жарату үшін үйрену — ғылым жолы емес, «білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең, және әрбір білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзырхасил болады» деп тұтсаң ғана ғылым жолы болады дегенді айтады автор. «Отыз сегізінші сөзінде» Абай ғылым үйренуші жастардың алдына ел тілегін, халық қамын ұсынады. «Қазаққа күзетші болайын деп, бізде ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп, ниеттеніп үйрену керек»,— дейді Абай үйренуші талапкер жастарға айтқан ақылында.

Осылайша Абай, әруақытта да қоғам мақсаты мен ел мақсатын жеке адам мақсатынан жоғары қойып отырды. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған қайуанның бірі боласың» деп, «адамшылықтың қарызы үшін» оқуды, үйренуді, еңбек етуді керек етті. Дүниенің кетігіне қаланарлық дәрежеге жетуді, өмір үшін ең керекті адам болуды талап қылды. Абай қазақтың талапты жастарының алдына үлгі етіп Л. Н. Толстойды, Салтықов — Щедринді ұсынды. Осылардай ел тілегі үшін еңбек етерлік дарынды адам болуға шақырды. Ол «Өзі ер жетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала», «ата баласы ғана болмай,

адам баласы» болып, тәрбиеленіп өсерлік жасты керек етті. Оқудың да, оқытып тәрбиелеудің де мақсаты осындай халықтық қасиетте болуға тиіс деп білді.

«Оныншы сөзінде» Абай өз кезіндегі қазақтардың баласының алдына қоятын талаптарын, өнімсіз тілектерін атап көрсетеді. Олардың атадан — балаға ауысып, әдетке айналып келген тілек-армандарына қатты сын айтады. «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? «Өлсем орнымды бассын» дейді, артымнан құран оқысын» дейді, «қартайған күнімде асырасын» дейді. Осыдан басқасы бар ма?» деп сұрау қоя отырып, Абай бұл талаптардың тым мүшкіл тілек, нәтижесіз жеке адам мақсатымен туған талап екенін көрсетеді.

Қазақтың енді бір тобы, әсіресе үстем табы баласының алдына «тілмәш, адвокат» болуды, патшаға қызмет етіп, шен-шекпен алуды мақсат етеді. Бұларда өз құлқынынан басқа ой жоқ деп қатты сөгеді. Бұл талаптарға, өзіндік мақсаттарға Абай қарсы шығып отырады. Абай өзі де оқыды, баласын да, қызын де оқытты. Олардың алдына да, өзінің алдына да және жалпы талапты жастар алдына да түгел жоғарыдағы халықтық, адамшылық мақсаттарды қойып отырды. Абайша тәрбие мақсаты «Айтқанға тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жыйып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жарағандай» ел азаматын тәрбиелеу.

«Баламды медіресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім»,—

дейді Абай өзінің бір өлеңінде.

Абай қазақ арасында орын алып келген ескі салттарға, теріс ғұрыптарға қарсы шығып, қазақ әйелдерінің де тағдырын жырлады. Ол әйелді күндікте ұстаушылыққа қарсы болады. Сондықтан да ол тек ер балаларды оқытып қоймай, қыз балаларды да оқытуды талап етті. Сүйтіп, Абай жастарды тегіс жаңаша тәрбиелеп барып елді түземек болды. «Қырық бірінші сөзінде» Абай: «... хәттә қыздарды да ең болмаса, мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар» дейді.

Абайдың қарасөздері оның ағартушылық пікірінің

тарихи тамырын тауып, шыққан төркінін таңуға да мүмкіндік береді.

Абайдың ағартушылығы өз кезіндегі кертартпа идеяға негізделген жоқ. Ол миссионерлік немесе мұсылманшылық идеядағы, «ақпатшаға» бас июге шақырып жатқан жалған ағартушылардан мүлде аулақ болды. Абайдың ағартушылық идеясы, орыстың XIX-ғасырдағы ағартушы демократтарының озық идеяларымен сабақтас.

Абайдың бұл жөндегі барлық пікірлері В. Г. Белинский мен А. С. Пушкиннің ағартушылық ойларынан нәр алды. Абайдың кейбір қарасөздері Белинскийдің мақалаларымен де үндесіп жатады. Мысалы: Абайдың «Он жетінші сөзі» Белинскийдің «1846 жылдардағы орыс әдебиетіне көзқарас» деген мақаласымен үндесіп жатады. Абай бұл сөзінде қайрат, ақыл жүректі айтыстырып, ғылымға жүгіндіреді. Солар арқылы адамның рухани күштерінің бірлігін сақтап, ғылымға бас игізеді. Белинский де ақыл, сезім, қайрат бейнелері арқылы адамның рухани өмірін көрсетпекші болады. Абайдың В. Г. Белинскийдің ағартушылық идеясынан үйреніп қана қоймай, кейбір еңбектерінің біріне-бірі тіпті жақын, өте үндес екенін М. С. Сильченко өзінің «Абай мен В. Г. Белинскийдің ағартушылық идеяларының үндестігі» деген мақаласында дұрыс көрсеткен. Ол қарасөздерімен салыстырып дәлелдеген¹.

Абайдың ағартушылық пікірінің орыс революцияшыл-демократтарының ой-пікірлерімен үндесіп жататыны жөнінде мұндай мысалдар тіпті көп. Оның пікірі, әсіресе, Белинский мен Чернышевский, Пушкин мен Лермонтов, т. б. пікірімен тіпті үндесіп жатады.

Мысалы, Н. Г. Чернышевскийдің: «Білім — адам үшін ең ұлы дәулет. Білімсіз адам әрі бақытсыз, әрі кедей, әрі тұрпайы. Ағартушылық халыққа тәуір тұрмыс пен даққ әпереді»²—деген сөздері Абай пікірлеріне түп қазық болды. Бұл, тек Абайға ғана емес, барлық ағартушы демократтардың ұстаған программасы болды деуге сыярлық сөз.

* * *

Абай өзінің оқу, өнер, білім мәселелерін сөз қылған қарасөздерінде тәлім-тәрбие мәселесін де қозғай отыра-

¹ Қаз. ССР Ғылым Академиясының 1948 жылғы Хабаршысының 6 саны, 26—30 беттерін қараңыз.

² Н. Г. Чернышевский, Собр. соч. Т. 1, стр. 180.

ды. Оның үстіне «Жетінші», «Оныншы», «Он бірінші», «Он бесінші», «Он тоғызыншы», «Отыз бірінші», «Отыз екінші», «Отыз сегізінші», «Қырық үшінші» қарасөздерінде тәлім-тәрбие мәселесін баса айтады. Тіпті, Абайдың көптеген сөздерінің тақырыбы тәрбие кеңесіне арналған деуге болады. Енді Абайдың сол тәлім-тәрбие мәселесі жөніндегі пікірлері туралы бір-екі сөз айта кетелік.

Ең алдымен, Абай өз кезіндегі тәлім-тәрбие ісіне тоқтап, ол феодалдық көзқарастағы тәрбиенің барлық сырын, жұғымсыз бетін ашып көрсетеді. Оны мықтап сынайды. Қазақтың өз баласын тәрбиелей білмейтінін бетіне басады. Өзінің «Оныншы сөзінде» Абай қазақтың үй ішіндегі тәлім-тәрбиесін сынға алады. Баланың ескі көзқарастағы ата-анасы оны теріс жолға салып, жөнсіз, жұғымсыз мінездерге баулайды. Феодалдық ескі тәрбие баланы — өтірікшілікке, бұзықтыққа, тентектікке, қулық-сұмдыққа, пәлекор-дәукестікке, ұрлыққа үйретеді, — дейді.

«Әуелі балаңды өзін алдайсың» әні оны берем, міне мұны берем» деп, және «бастан баланды алдағанына өзін мез боласын» деп сөгеді. Абай «Боқта» деп біреуді боқтатып, баланы бұзықтыққа салып, «кәпір қыяңқы, осыған тимендерші!» деп оны масаттандырып, тентектікке үйретіп қоятынын» ескертеді. Одан кейін, «сабаққа бергенде молданың ең арзанын іздеп, «хат таныса болады» деп балаға білім жолында танытпай, надандықта қалдырып отыратынын, баланы талапсыздыққа салындыратынын көрсетеді. «Қу, сұм бол» деп, жат мінез кылып; пәленшенің баласы сенің сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей тәрбиелейсің, «осы ма берген тәрбиен?», — деп әбден сынады¹. Осылайша әрбір ата-ана баласын дұрыс жолға салмай, «көбіне балаларды ата-анасы қыянатшылдыққа салындырып алады сонынан молдаға берген болады, я балалар өздері барған болады. Ешбір бәһрә (пайда Х. С.) болмайды», — дейді².

Абай бұл ескі феодалдық санада тәрбиелеп, жасты бұзып жатқан теріс тәрбиеге қарсы шығып, жас нәрестенің таза көңілін кірге шалдырмай, таза сақтауды керек қылады. Ол баланы жаман гадеттердің бәрінен аулақ ұстау керек дейді.

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 331 бет.

² Сонда, 370 бет.

Абай баланы тегіне қарай жақсы, жаман деп бөлуге де қарсы. Абайша — балалардың бәрі де жаратылысында бірдей болады. Оларды бұзатын да, артық ететін де — тек тәрбие. Абай өз кезіндегі таптық тәрбиені де ескеріп, бала оқытатын молдалардың бай баласын шолжаң, ерке етіп тәрбиелейтінін, кедей баласын жасқаншақ, ынжық, басқақпай жасап, қорлап тәрбиелейтінін айтып, оған өзінің наразы екенін білдіреді.

Ол кедей баласы туралы, елде айтылып жүрген, ескі феодалдық санадан туған әдеттерді сынап, оның теріс түсінік екенін танытып, одан аулақ болуды талап етеді.

Абай бір де бай баласы мен кедей баласын салыстырып: «Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген — дейді. Аз ішсе, негізі тойған — дейді. Кедей баласы көп ішсе, көні кеуіп қалған — дейді. Аз ішсе, шілдесінде шық көрмеген дейді! Осы кедей баласының құтылары бар ма¹ — дейді.

Бұл Абайдың кедей баласы жағында екенін, кедей баласын ескі феодалдық қорлаудан құтқаруды керек еткенін көрсететін сөз. Және Абайдың елдегі феодалдық санадан туған ескі түсінікті қатты сынға алып, оған қарсы күрескенін айқындайды.

Абай өз кезіндегі «адамның жақсы болуы тегінен, текті атадан жақсы бала туады» дейтін ескі салттың теріс ұғымдарына осылайша қарсы шықты. Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде екенін көрсетті.

Абай естілік пен білімділікке бір беткей қарап, соның жолына жөнсіз бас ие беруге шақырған адам емес. Ол «Он тоғызыншы сөзінде» естіліктің адамшылыққа пайда берер жақсы жағы мен зұлымдық мақсатқа пайдаланылатын жаман жағының да болатынын ескертеді. Естілікті адамшылыққа пайдалы жақсы жағынан қабылдау әр адамның адамшылық қасиеті болуға тиіс екенін көрсетеді.

«Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естіліктен естіп білген жақсы нәрселерін істесе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды — сонда адам десе болады», — дейді Абай².

Абайдың адам есті болу үшін ұсынатын осы шарты

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. II. том, 388 бет, 1940—Алматы. (Әркімнің еске алған әңгімелерінен).

² Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 343 бет (19-сөз).

Н. Г. Чернышевскийдің «Адам білімін тәртіпке салып, қажеттісін қажетсізінен арылтып алып қана ақылды болады»¹ деген пікірімен өте үндес келеді. Сонымен бірге, Абайдың бұл пікірлері В. Г. Белинскийдің «Адамды табиғат жаратады, бірақ тәрбиелеп өсіретін қоғам»² деген дана сөздерімен де пікірлесіп жататыны айқын.

Абай жағымсыз тәлім-тәрбие әдістерін сынап қана қойған жоқ. Ол баланы жас күнінен, семьядан бастап дұрыс жолда тәрбиелеуді керек етті. Сол үшін толып жатқан тәлім-тәрбие әдістерін ұсынып, жақсылыққа, адамшылыққа жеткізерлік ақылдар айтты. Ол өз өмірімен де адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу үлгісін көрсетіп отырды. Ел жастарына «сендердің менен жақсы көріп, барғыларың келіп тұрған жақсы құрбыларың қайсы? деп, жастарды өз бауырына тартып, өзін оларға үлгі де, ұстаз да етіп көрсетіп отырды.

Балаларды тәрбиелеуде оның айналасы, өмір сүрген ортасы үлкен әсер ететінін Абай жақсы түсінеді. Сондықтан, Абай балаға әсер ететін орталықты санап көрсетіп, солардың әрқайсысы жақсы жағынан, көрініп, үлгі берерлік болғанын керек қылады. Әсіресе, семья мен ұстаз, құрбы жолдастарының балаға әсері айырықша болатынын Абай өте ұқыптылықпен ескертеді. Абай баланы ата-ана дұрыс тәрбиелеуге тиіс; масаттандырмай, орынсыз ерке, қылжыңбас етпей тәрбиелеуі керек; өтіріктен, алдаудан, кулық-сұмдықтан, тағы басқа жаман мінездерден аулақ ұстауға тиіс, дейді.

«Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады. Ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе солардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады» деп, Абай осы үшеуінен баланың болашағы шешілетінін, олардың тәрбие ісінде рольдерінің зор екенін ұқтырады. Абай баланы тәрбиелей бастауда осы үш объектіні қатты ескертеді. Баланы тәрбиелеуде ерінбеуге, жалықпай ұстаздық етуге шақырады.

Бұдан кейінгі тәрбиешінің міндеті — баланы жасынан оқуға, ғылымға үйір қылып, соған қызықтыра білу, болашақта бала ғылымға сүйсініп, өз бетімен іздейтін дәрежеге жеткізу деп көрсетеді. Абай «Отыз сегізінші сөзінің» бір жерінде: «ғылым, білімді әуелі бастан бала өзі ізде-ніп таппайды, басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір

¹ Н. Г. Чернышевский Собр. соч. Т. III. стр. 362. 1939.

² В. Г. Белинский. Собр. соч. том. 3. стр. 548. М. 1948.

қылу керек; үйрене келе өзі іздегендей болғанша, кашан бір бала ғылым-білімді махаббатпенен көксерлік болғанша» — үйрету керек дейді¹.

Абай тәрбиешінің баланы қорқытып үйретпей, сүйсіндіріп үйреткені дұрыс. Ғылымды, ұстазды бала сыйлама-са, одан нәтиже шықпайды. Қорқытып, сыйлатуға болмайды дегенді айтады: «Қорықпақ пен сүймек от пен су секілді, бір жерге жыйылмайды. Адам сүйген адамының ақылын ұғып, содан бәhre алады. Қорқытып, ұрсып айтқан ақыл дарымайды» — дейді.

Бұл — өте дұрыс пікір; молдалардың баланы шыбықтың астына алып, таяқтың күшімен үйрету әдісіне қарсылық.

Тәрбиеші баланы оқыту, тәрбиелеу жұмысына кіріскенде, оны бірден қыйынға, ауырға салып жібермей, жеңілден, таныстан, жақыннан бастауы керек. Сүйтіп, ол жеңілден ауырға, оңайдан қыйынға бірте-бірте жеткізуді ұсынады.

Бұдан кейін, тәрбиешінің тағы бір міндеті — баланың алдына үлкен талаптар қоя білу, «хат таныса болады» деп, болмашы талапқа қанағаттанып қалмай, баланы ғылымға терең бойлауға ұмтылдыру.

«... Түңілмей ізденсе, ретін тауып істесе», білмес нәрсе жоқ; жан, мал аямай көп оқып, дүние ғылымын жақсы біліп, терең білім алуға баланы бағыттау керек. Бала тек айтқанды біліп қоймай, өз бетімен оқып, кітаптағы көп білімді игере білуі қажет. Абай «артық білім кітапта» деп, сол кітаптағы артық білімді игеріп, ғылым шыңына шығуға үндейді².

Міні, Абай баланы бастан тәрбиелеуді, ондағы тәрбиешінің, семьяның рольдерін осылай дұрыс түсінеді. Бұл Абайдың ақылы әбден қалыптасып кетпеген жас баланы дұрыс тәрбиелеу үшін ұсынатын ақылдары еді.

Бұдан кейін, педагог-Абай оқуға шұғылданған балаларға арнап біраз басқа да ақылдар айтады. Бұл ақылдары оқушының жүйелі білім алу, ғылымға жетілу жолындағы әдіс тәсілдері ретінде келіп отырады. Баланың естіген, оқыған нәрсесін ұғу, қабылдау, ескеру үшін керекті тәрбие ретінде Абай бірнеше амалдар түрін санап көрсетеді. Ол амал-әдістері мыналар:

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйнағы, 1945, 370 бет.

² Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйнағы, 1945, 331 бет.

1. Баланың оқуға деген көңілі, «көкірегі байлаулы берік болмақ керек». Бала ғылымды білу үшін шын ынта-жігермен кірісуге тиіс. «Егер ден көңілің өзге нәрседі болса — дейді Абай,— онда білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Ғылымды білу үшін баланың оған деген көңілі, туған шешенің өз баласына деген мейіріміндей болуы, шын мейірленуі керек.

2. Бала оқыған, көрген, естіген нәрсесінен көңілі тығнарлық, түшіркеңерлік, рахаттанарлық әсер алуы керек. «Сол нәрсені естігенде я көргенде,—дейді Абай,— габаратлану керек, көңілденіп, тұтынып, ынтамен ұғу керек. Бала оны ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекітуі керек».

3. Бала оқуға кіріскенде, ойға кесел боларлық, көңілін бөлерлік, назарын аударарлық басқа нәрселерден аулақ болу керек, бар ниет, назарын оқып отырған ғылымына аударуы керек. Абай ғылым қуған адамның ойына кесел боларлық нәрселер деп мыналарды санап көрсетеді:

Ғылымға уайымсыз салғырт — салақ қараушылық; 2. Ойыншы — күлкішілдік; 3. Бір қайғыға салыну 4. Бір нәрсеге құмарлық пайда болу. «Бұл төрт нәрсе дейді Абай,— күллі ақыл мен ғалымды тоздыратұғын нәрселер».

Абай оқып, білген нәрселерді еске берік ұстап, бойда сақтау үшін керекті ақылдар да айтады. Ол өзінің «Қырық үшінші сөзінде», ержеткен жас білімін толықтыруда үш нәрсені ескеруі керек, олар мыналар дейді:

1. «Подвижной элемент». Бұл көріп, естіп білгендерді тездікпен ұғу, онымен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақыл жіберіп қарау керек. Бұларсыз оқушыға көп білуге де болмайды және онсыз көп оқудан пайда да ала алмайды.

2. «Сила притягательная однородного». Бұны Абай: «әр нешік естіп, көріп білген іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып бөтеннен қабарланып білмей тыныштанбау» деп түсіндіреді.

3. Көңілді — жүректі таза сақтау. Бұны Абай: «Жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық — бұл төрт нәрсемен кірлетпей, таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айналасына анық пәушан (жарық) болып түседі. Ондай нәрсе

тұла бойына жайылады, тез ұмытылмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсақ, жүректің айнасы бұзылады, я қыйсық, я күңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрселерден оңды ұғым болмайды»,— деп көрсетеді¹.

Осы жайларды ескеріп іздеген жас, білімге жетілмекші, ал бұл жағдайларды ескермесе, білім адамға қонбайды.

Абай оқып білген нәрсені тек ұмытпау емес, сонымен бірге сол білгенді ілгері бастырудың тәсілдерін де қарастырды.

Адам тапқан өнеріне, үйренген біліміне қанағаттанып, енді қайтып оған көңіл бөлмей, тастап кетпеу керек. Керісінше, сол тапқанынды күнде тексеріп отыру қажет. Сонда ғана өнерің күн санап аса береді. Егер «көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың»,— дейді.

Абай іздене бастап, тастап кетуге қарсы. Себебі, Абайша, бір бастап, сосын тастап кеткен нәрсені енді қусаң: бағанағы әуелгі табуыңнан қыйынға тиеді... Көп заман ескермеген адамнан ол бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады.

Абай әрбір адамның өзі өміріне көз жіберіп, өткен істерін және болашақтағы ойларын еске ала жүруін керек етеді. Ешбір мәнсіз, мағнасыз, есепсіз өткен өмірді босқа өткен уақыт деп есептеп, оған наразылық білдіріп отырады. Сондықтан да ақыл иесі, есті адамның бір шарты етіп өткен өмірінен үздіксіз есеп алып отыруды ұсынады. «Егерде,— дейді Абай,— есті кісінің қатарында болғың келсе, күніңде бір мәртебе болмаса, жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал, сол алдығы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақыретке, не дүниеге жарамды күніңде, зің өкінбегендей қылықпен өткізіппісің?»

Абай жастардың болашағына қалтқысыз сенді, одан үлкен үміт күтті. Сондықтан да ол жас буынды дұрыс бағытта тәрбиелеу ісіне үлкен көңіл бөлді. Өз бойындағы бар күшін сол игілікті іске жұмсап, барлық шығармаларының алдына үгіт — насихат мақсатын қойды.

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 397—398 беттер.

Н. А. Добролюбов бір кезде: «Әдебиет халық үшін күресетін құралдың бірі, оның міндеті үгітте, ал оның шын бағасы қалай үгіттеумен бағаланады»,— деген болатын. Абай әдебиеттің осы мақсатын дұрыс түсінді. Өзінің өлеңдерінде де, қарасөздерінде де ол осы мақсатты көздеп отырды.

Абай құрғақ үгітші болған жоқ. Абайдың насихаты — нақтылы, педагогикалық принципті, жүйелі. Әсіресе, Абайдың қарасөздері — тәлім берерлік ақыл-жыйыны жетімді насихат сөз.

Абайдың педагогикалық пікірлері орыстың XIX ғасырдағы озық ойшыларының, педагогтарының көзқарасымен сабақтасып жатады. Тәлім-тәрбие ісінің маңызын Абай соларша түсінді, оны күрес құралы ретінде пайдаланды.

Абайдың тәлім-тәрбие туралы ойлары Н. Г. Чернышевский ойымен тікелей үндеседі.

Егер Чернышевский адамның «заттық деп аталатын (адамның тамақтануы, ұйқтауы, жүруі) және рухани жай деп атайтұғын (адамның ойлауы, сезуі, білуі) екі хасиеті бар»¹ десе, Абай өзінің «Жетінші сөзінде» адамның осы екі хасиетін жас баланың бойынан табуға да болатынын айтады. Ол: «жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: бірсуі — ішсем, жесем, ұйқтасам» деу, бұлар тән құмары. Біреуі — білсем екен демек, ол — жан құмары»,² — дейді.

Сондай-ақ, Чернышевский «тырысу әркімде де болады, бірақ оны мәпелеп өсіру қажет»³ десе, Абай, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деп құмарлану, тырысу — әр-бір адамның, тіпті жас баланың хасиеті. Бала ұйқымен тамақты да ұмытып бір нәрсені сұрап білуге тырысады; ал ержеткен адам «орын тауып ізденіп, кісіні тауып сұранып, ғылым тапқандар жолына салынуы» керек, дейді⁴

Адамның білмегенін білгізіп, жетілдіретін, оны қайуаннан айыратын нәрсе адамның тәрбие арқылы жеткен мәдени тұрғысы, тапқан ғылымы екенін де ол атап көрсетті. Абай адамды қайуаннан айыратын ғылым мен тәрбиесі екенін де Белинский, Чернышевский, Добролюбов-

¹ Н. Г. Чернышевский, Собр. соч. т. VI стр. 195, 1939.

² Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 327 бет.

³ Н. Г. Чернышевский. Собр. соч. том III, стр. 362.

⁴ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945 М. 1939. 327 б.

тарша түсінді. Бұл мәселе туралы да соларға үндес пікірлер айтты.

Бұл пікір үндестіктерін салыстыра айтуда біз Абайды орыстың революцияшыл демократтарына теңдестіру мақсатын көздеп, араларына теңдік белгісін қою талабында емеспіз. Біз тек Абайдың үйренген ағартушылық мектебінің төркінін көрсетуді көздедік.

* * *

Абай орыстың революционер — демократтарынша, қазақ шаруаларын балтаға шақыра алмады. Мұның себебін, әрине, еңалдымен сол кезде қазақ қоғамының мешеулігінен іздеу керек. Абайдың ағартушылығы, И. В. Сталин көрсеткен: патшалық Россияның қуғынға салған, жаншылып езілген халықтарының өміріндегі «негізгі зұлымдық» — мәдениетсіздікпен және тым кейін қалушылықпен күрес дәрежесінде ғана болды. Абай сол мәдениетсіздікке қарсы күресуші, өнер-білімге үндеуші болды.

Сайып келгенде, Абайдың творчествосы — қазақ халқының белгілі бір дәуірін түгел қамтыған аса бағалы көркемдік мұра. Сондықтан да Абай данышпан жазушылар тобына қосылады. «Данышпанның аты миллион,— дейді В. Г. Белинский,— өйткені, ол өзінің кеудесінде миллионның азабын, қуанышын, үмітін және талабын ала жүрмек».¹

Абай — қазақтың аз тобы емес, керісінше, қалың миллионының тілегін арқалап, солардың мүддесі үшін қызмет еткен ұлы ақын. Оның негізгі арманы да — сол халқының надандығын жою, халық мәдениетін көтеріп, рухани өмірін өсіру орыстың мәдениеті мен озық идеясын қазақ еліне жаю болды.

Абай халықты өз кезіндегі ұлттық қорлау мен таптық қанаудың ауыр азабынан құтқарар жол іздеді. Елдегі жікшілдік, талас, ұрлық, тағы басқа кеселдерді жою амал қарастырды. Кертартпа ескі санаға, мұсылманнылыққа қарсы тұрды. Ұлттар арасындағы наразылықты тыйып, қазақты көрші елдермен, оның ішінде орыспен дос болуға шақырды. Абай осы мақсаттарын үгіттеу үшін әдебиетті трибуна етіп пайдаланды. А. Герцен «Әдебиет — саяси еркі жоқ халықтардың бірден бір трибунасы. Ол

¹ В. Г. Белинский. «Париж құпиясы». Соч. том 2, стр. 626-628.

өзінің ниетін кек-ашуын тек сол арқылы ғана біле, есіте алады»¹,— дейді.

Қазақ халқы өзінің қайнап піскен кек-ашуын, ниет еткен арманың тек Абай трибунасы арқылы ғана есіте де алды, біле де алды.

Абай өз ұлтының әрі сыншысы, әрі үгітшісі, әрі ақылшысы болды. Ол В. Г. Белинский айтқандай, «ұлттық ретпен прогресс жасауды» ойлады. «Онсыз прогресс болмайтынына»² түсінді.

Айналасын қаптаған тынымсыз және жұғымсыз жағдайды көрген Абай сол өмірге мүлде наразы болды. Тынымы кетіп, жан сезімін қозғарлық күшті қуаты оны ойға батырды. Өзін қоршаған меңіреу дүниеге Абай бой алдырған жоқ. Ол сары уайымға салындады, елді өнер-білімге шақырып, жаңалықтың жаршысы болды.

«Ақыл керек, іс керек, мінез керек
Ер ұялар іс қылмас болса зерек»,—

деп, өлеңінде де, қарасөзінде де адамның игі қасиеттері — жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайрат, кең мінезді түгел қамтыған білімді, зерек адам болуға шақырады. Өзі сол елбастар зерек адамның үлгісіндей болып, замандастарынан ілгері оқшау көрінді.

Абай қалам ұстап, халық қамын ойлап іске араласқан күнінен бастап, айналасын қамаған надандық түнегін серпілтерлік жол іздестірді. Сол себепті ол ағартушылық жұмысқа белсене кірісті. Бұл ағартушылық идеяны Абай өзінің бой сала зерттеп, ой сала іздеу нәтижесінде тапқан орыс мәдениет қайраткерлерінің игі әсерімен дамытты.

Абай қазақтың рухани өмірін өсіріп, мәдениетін жетілдіру үшін ұлы орыс халқының мәдениет жетістіктерінің барынша толық пайдаланды. Ол орыс тілін біл, оның өнері мен білімін үйреніп, көкірек көзінді аш, «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді аса арсыздана жалынбайды»³,— деді.

Абайдың сындарының өзінен-ақ оның элеуметтік көзқарасының бағыты әбден байқалады. Шыншыл ақын халық өміріне үңіле қарады. Халықтың ауыр тұрмысын,

¹ А. Герцен. Полн. собр. соч. и писем. под ред. М. Лемке, т. VI, стр. 350.

² В. Г. Белинский. соч. т. 3, стр. 663.

³ Абай Құнанбаев. Шығ., тол. жыйн. 1945, 402 бет.

мұң-арманын, рухани тілектерін көрегендікпен аңғарды. Қазақ еліндегі надандықпен ұласқан кертартпа әдет, әділетсіздік, озбырлық, т. б. көне заманның зұлым көріністері Абай сынының нысанасы болды. Ол өмір болашағына шүбеланып, хиалға бой ұрып, зар шеккен жоқ. Керісінше, Абай ел болашағына берік сенген оптимист болды. Ол өз кезіндегі зар шегіп, өмірден безген кертартпа феодалшыл әдебиет өкілдеріне қарсы күресті, алға апарар жол іздеді.

Абай ол жолды — өнер, білім мәдениет, адал еңбек арқылы жететін жол деп түсінді. Сол жолға ол халықты жан сала үгіттеді. Абай әдебиеттің мақсатын орыс демократтарына, Н. Г. Чернышевский мен Н. А. Добролюбовша түсінді. Абайдың өнер-білімге үгіттеуі оның тыянақты бұқарашылдық көзқарасынан туып отырды. Оның ағартушылық идеясының биік сатысын белгіледі. Абай насихаттарының негізі жастарды ғылымға жетілдіру («Ғылым таппай мақтанба»), жас буынды жаңа жолмен тәрбиелеу оларды адамгершіліктің жоғары идеясына жеткізу болды. «Кім жетсе, талабы, өнерімен жетеді»,¹— дейді Абай.

Абайша, оқу тек тіршілік қамы үшін керек емес, тамақ асырау құралы ғана емес. Сонымен бірге, ол — адам қоғамын ілгері бастыруарлық, тіпті оны өзгертерлік күш. Адамның санасын өзгертіп, мінезін түзетерлік тұрмысын гүлдендірерлік құрал, елді озбырлық пен қараңғылықтан құтқаратын бірден бір дұрыс жол. Бұл Абай санасындағы бірбеткейліктің көрінісі, оның бір жағынан жетістігі болса, екінші жағынан қате түсініктерінің де айқын көрінісі бола алады.

Абай өзінің еңбектерінде жастарды оқып, білім алуға шақырып қана қойған жоқ, сонымен бірге, ағарту жұмысын іске асыру амалдарын ойластырды. Сол үшін тәрбие мәселесіне керекті ақылдар, әдістер ұсынды. Оқу, ағарту, тәрбие мәселелерінің маңызын, мазмұнын, оны үйреніп жетілу жолдарын толық ашып, өнегелі көп пікірлер қалдырды. Сол бай ағартушылық, педагогтік пікірлерін Абай өзінің дидактикалық еңбектерінде, кейбір қарасөздерінде айтты.

Абай феодалдық қоғамды сынап, оның көнеріп біткен әдеттеріне, әділетсіз заңына қарсы шығады. Үстем тап-

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 402 бет.

тың мүддесін қорғамайды, жалпы бұқара халықтың жогын жақтайды. Абайша, өнер-білім, сол арқылы жететін бақыт, аброй тек үстем таптың үлесі емес, жалпы бұқараның, момындардың игі үлесі болу керек. Бұл Абайдың ағартушылық пікіріндегі кезінде ең демократтық бірден бір дұрыс көзқарас болды.

Абай өзінің әрбір шығармасында орыстың революцияшыл демократ ойшылдары: Белинский, Чернышевский, Добролюбовтармен іштей байланысып, терең түрде табысып, туысып жатқанын білдіреді.

III

Абайдың қарасөздерінде қозғалатын басты мәселелердің бірі — еңбек, кәсіп, шаруа жайлары. Бұл мәселелерді Абай жоғарыда әңгіме жасаған оқу, өнер, білім мәселелерімен байланыста алады.

Оның үстіне Абай «Жыйырма тоғызыншы», «Отыз үшінші», «Қырық екінші», «Қырық үшінші» сөздерінде, нақылдарында еңбек шаруа, кәсіп жайларын арнайы сөз етеді.

Абайдың барлық шығармалары, оның ішінде қарасөздері бастан-аяқ қазақ еліндегі өзара талас-тартыс, өсек-өтірік, ұрлық-зорлық, өнерсіз-надандық, жұмысқа — еңбекке қырсыздық жағдайлардың бетін ашып, сынға алып отырды. Бұл жақпас жайлардың бәрінен елді құтқару, өнер-білімге, ақылға, ойға, еңбекке жол ашу Абай пікірлерінің негізгі өзегі болды.

Абай ұсынған адамгершілік өрнегінің бес асыл ха-сиетінің бірі — еңбек. Жоғарыда аталған жағымсыз қылықтардың көп болу себебі, Абайша, ең алдымен олардың еңбексіздігінде, кәсіпқор еместігінде, шаруаның жайын білмеушілігінде. Ерінбей еңбек етіп, «шаруаның ебін, сауданың тегін» білетін, егін егіп, жер өңдейтін, өнерлі елдерде бұл жағдай қазақтағыдай емес, адалдықпен өмір сүрсе, бұндай қор болмас еді, дегенді айтады. Осылайша, Абай ел өмірінде адам тұрмысын да еңбектің ролі зор болатынын дұрыс түсінеді.

Абай адамды табиғаттық құбылыстың бір бөлігі деп түсінеді. Табиғат пен қоғамның өзгеруіне қарай адам да өзгереді деп білді. «Адам баласын заман өсіреді», өмір өзгертеді, тәрбиелейді, еңбек жетілдіреді деген пікір айтты. Ол бір өлеңінде:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек.
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек,—

дейді.¹

Абайша, білімге, өнерге жетілдіретін жол да, шаруаны жандырып, тұрмысты жақсартатын нәрсе де — осы еңбек. Ерінбей еңбек етіп, жалықпай кәсіп іздеп, қол өнерін, дүние ғылымын үйреніп, техниканы өсірсе, қазақтың да өмірінің өзгеретініне сөз жоқ деген пікір айтады ол.

«Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған».²

дейді Абай. Қазақ халқын егін салуға, оқу арқылы өнерлі ел тобына қосылуға үндейді. Осындай баянды, адал еңбекке үндеп, баянсыз, жалған еңбекке, бос әурешілікке қарсы шығады.

Абайша, адам өзінің еңбегі, өнері, ақылымен аспайынша, басқа жолмен асуы мүмкін емес, «Әрбір мансапты еңбексіз табуға болмайды».

Абай заманында, халық өз еңбегінің қызығын өзі көре алмады, оның қызығын қанаушы тап көріп отырды. Сондықтан халық бұндай еріксіз еңбекті үлкен азап көрді. Үстем тап, билеуші қоғам еңбекшіні әбден езіп, оның бойындағы қуатын сүлікше сорып, бойын әлсіретіп, буынын босатып отырды. Үстем тап билеген қоғам еңбекші мен, олардың еңбегін бағаламады.

Абай еңбек азаттығын көксеп, еңбекке қорлық деп қараушыға да, оны азап деп тануға да қарсы шықты. Бұндай ескі түсінікті сынап, еңбектің рахатын еңбек еткен адамның өзі көрсе екен, деген игі тілекте болды. Абай жалпы адамшылықтың, оның ішінде қазақ халқының да болашақ бақытты өмірінің кілті ерікті еңбек болады деп және оған адал ниетпен кіріссе екен деп арман етті. Сондықтан да Абай өз кезіндегі еңбексіздікке бастайтын ел әдеттеріне қарсы сын айтып отырды. Еңбек адамына жат қазақтың көптеген мақалдарындағы теріс ұғымдарды ескеріп, одан еңбек адамдарын сақтандырады.

Мысалы, ол «Жұйырма тоғызыншы сөзінде»: «Жарлы

¹ Абай. Шығ. тол. жыйн. 251 бет.

² Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 274 бет.

болсаң, арлы болма», «Қалауын тапса қар жанады, сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жок» деген мақалдарды сынап көрсетіп, бұл адамды сұрамшақтыққа, еңбексіздікке салындыратын, «сақ болатын, білместіктен айтылған сөздер» деп көрсетеді. Абайша адамды қор қылатын еңбек емес, керісінше, еңбексіздік, қырсыздық. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: Сонан қашпақ керек. Әуелі — надандық, екіншісі — еріншектік, үшіншісі — залымдық деп білерсің», деп, Абай осылардан сақтандырады.

Оның себебі: бұл үш нәрсе адамға жат нәрселер, яғни «надандық — ғылым, білімнің жоқтығы... білімсіздік, қайуандық болады. Еріншектік күллі дүниедегі өнердің дұшпаны: талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік бәрі осыдан шығады», — дейді Абай.

Абай қазақтың мал табатын жолдарын, істеп жүрген кәсіптерін атап көрсетіп, ол кәсіптерінің адал еңбек жолы емес, оған мүлде жат жол екенін айтып, қатты сынайды. «Осы елдің үнем (кәсіп — Х. С.) қылып жүргені немене?» деп, Абай өзіне өзі сұрау қойып, — «екі нәрсе: әуелі ұрлық; екінші бұзақылық» деп жауап берді.

«Ұры, — дейді Абай, ұрлықпен мал табам деп жүр; мал иесі, артылып алып, тағы да баймын деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт: ұрлық айтып «мал алам» деп, ұрыға атымды сатып «пайдаланам» деп, не өткізбесін арланға түсіріп алам деп жүр. Бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр», — деп Абай қазақ еліндегі әрбір қоғамдық таптардың кәсіп етіп жүрген мал табар жолдарының бетін ашады. Осы ұрлық пен бұзақылық жолға қазақтың байы да, кедейі де, биі де, ұрысы да, қуы да, қарапайым шаруасы да — бәрі де түсетінін айтып, қазақтың бәріне ортақ болып кеткен бұл теріс жолға қарсы шығады.

Сүйтіп, Абай көп жұрт істеп жүрген кәсіптер — ұрлық, сұмдық, тіленшілік екенін ашып, бұларды — еңбек сүйер ел түсер жол емес, ел түспес кері жол деп балағаттайды. Сондай-ақ, бұл ел тілегіндегі ер қылар ғадет емес, халыққа жат ез қылар ғадет деп біледі. Абайша: «Кулық-сұмдық, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ — өнерсіз иттің ісі».

Абай жұрттың еңбекке қырсыздығын осылайша өлтіре сынап, басқа елдерді мысал етеді. Басқа елдердің бірі де

қазақтай емес, қазақтың қылықтарының бірі ол еңбек сүйгіш елдерге ұқсамайды дейді. Қазаққа өзбек, татар, орыс халықтарын мысал етіп, олардың «екпейтін егіні, шығармайтын жемісі жоқ, сәудегері жүрмейтін жері жоқ, қылмайтын шеберлігі жоқ»,— дейді. Бұл халықтардың озықтығы қазақтан еңбекқор, олардың еңбек сүйгіш, кәсіп-қор, өнерлі халық екендіктерінде деп көрсетеді.

Абай қазақтың кейбір еңбекке жалқаулықтарын бетіне басып, оның себебі надандығында екенін айтып, елдің кері кетіп, адамның азып-тозуына осы еңбек етпеушілік көп қырсығын тигізетінін көрсетеді. «Үшінші сөзінде» Абай жалқау адамның сыйпатын береді. Ол: «әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді: әрбір мақтаншақ қорқақ ақылсыз надан келеді, әрбір ақылсыз надан арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады»,— деп жалқаулықты туғызатын себептерді де айта отырады.

Абай, сонымен бірге, қазақ елін бұзып аздырып отырған екі түрлі себеп бар екенін ескертеді. Ол себептер: 1) «Жұмысының жоқтығы. Егерде ел егінге салынса (жұмылса, Х. С.) я саудаға салынса, қолы тиерме еді? Ал ауылдан бұл ауылға тамақ асырап, сөз андып... пайдасыз жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар» болар ма еді?... «Адал еңбекке салынып алған кісі, ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма? деген сұрақтар қояды.

2) Қазақтың «төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан; өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді», дейді.

Абайша, адамның азуына негізгі себеп, жоғарыда көрсеткен жұмысының жоқтығы. Малды жақсы көрген адам еңбек ете білу керек. Еңбек адамды аздырмайды, шынықтырады, жетілдіреді, қарнын тойғызады, дәулетке ие қылады. Ал қазақ еңбекпен мал іздемейді. «Бесінші сөзінде» Абай олардың мал табар жолды білмейтінін, кәсіп тәсілдеріне жетік емес екендіктерін айтады.

«Қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен, ол малды қалай табуды білмейді екен; бар білгені малдыларды алдап, мақтап алмақ екен, бермесе онымен жауласпақ екен. Егер малды болса, әкесін жаулауды да

ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, сұмдық, тіленшілік соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен»,¹ — дейді. Осылайша Абай қазақтың малтабар жолын сынга алады. Бұл жолға қарсы шығады. Абай әркім өз еңбегімен мал тауып, күн көрсе екен деген пікірін білдіреді.

Жоғарыдағыдай, адамгершіліктен тыс жолмен мал тауып, дәулетті кісінің дәрежесіне жеткен қазақтың өз мақсатынан өзге мақсатының болмайтынын көрсетеді. «Әрбір мал іздеген, малым көп болса, өзім де, балаларым да малды болса екен дейді.— Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері: етке, қымызға тойып, сүлуды жайлап, жүірікті байлап отырмақ. Осыдан басқа мақсаты жоқ»² — деді.

Бұндай адамның ешбір еңбекпен ісі жоқ, малшысын қанап, өзі азғындап, өзінен өзгеге қастық — зорлық жасаудан тартынбайды; сол жолда малын дауға салып, басқа біреуге беруге де даяр; екінші біреуді жазықсыз жазғырып, қақғыртып жіберуден де тартынбайды дегенді айтады. Абай бұлайша біреудің еңбегін жеушілікке қарсы. Оларды сынайды:

«Егер,— дейді Абай,— қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ; ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек.— Әрбір қазақтың ойы осы» деп, Абай мұндайларға қарсы шықты.

Абай қазақтың жұмыссыздығын, жалқаулығын, өнерсіздігін сынап қана қойған жоқ. Сонымен бірге, ол қазаққа басқа өнерлі халықтарды көр, солардан үйрен, ерінбей еңбек ет, егін ек, жер өңде, саудаға аралас, малың болса, оны өзің бақ, өсір, оның қызығын көр — өнер тап, оқы, білім ізде, одан мал-жаныңды аяма, «қайратыңа сүйсініп еңбегіңді сау, еңбек қылсаң қара жерде береді, күр тастамайды», — деп ақыл да беріп отырады.

Абай халықты тіленіп, сұрап алуға, қулық салып табуға арлан, еңбегіңмен мал табуға арланба деп үйретті. Әркім өз еңбегімен мал тауып, күнелту, дәулет жыю, өз күші мен сол дәулетін сақтап, ел керегіне жұмсай білуі, өнер — білімге бой ұру керек деп білді ол.

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тоғ. жыйн. 1945, 326 бет (5—сөз).

² Сонда, 320 бет. (3—сөз).

«Егінің ебін, сауданың тегін, үйреніп алып мал ізде»,
еңбексіз малға жүгірме:

«Еңбек қылмай тапқан мал, доулет болмас,
Қардың сұм секілді тез суалар...».— дейді.

Сондықтан Абай халыққа еңбек етіп дүниеге лайықты өнер, мал тап, жастарға өнімді іске үйір бол: «жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел» деп ақыл берді. Арсыздықпен ас қуып, бос селендеп өмірді босқа өткізбей оқы, еңбек ет; өсектен, өтіріктен, мақтаншақтықтан, еріншектіктен, бекер мал шашпақтан аулақ бол деп адамгершілік үшін ең қажет ақылдар айтады.

Абай, әсіресе, мұрын шаруаларға кәсіпқор болуды үндеп, қарап жатпай, айнала ізденіп, үйреніп тыныш таппауын керек етеді. Ол «момынның баласы бөтен жаққа шығып, еңбек қылып, мал іздемейді» — дейді. Олардың кәсіп іздеп, еңбектеніп, егін, саудамен шұғылдануын керек қылады. Басқа елдер істеп жатқан сауда, жер өңдеу кәсіптерін Абай ерекше ескертеді. Ол «түбінде баянды еңбек егін еккен» деп жер шаруашылығын қолдайды. Бұл — Абайдың прогрессшіл пікірлерінің бірі еді.

Бұл кәсіптерден Абай қазақ үшін ең керекті, өнімді, құрметті өнер — қол өнері деп, осы қол өнерін үйренуге шақырады. Өзінің «өнер үйренбек керек; мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау салмай, адал еңбегін сатқан қол өнері қазақтың әулесі сол».¹ — деп әрі ақыл айтып, әрі қол өнерін жоғары бағалайды. Осы сөзінде Абай қазақ арасындағы азын-аулақ өнерлі адамдарға тоқтап, олардың жайларын әңгімелей кетеді. Олардың саны өте аз, жұмысы да өнімсіз, пайда түсімі төмен болып, өзін де қамтамасыз ете алмай, олар елдегі жастарды қызықтырып, еліктетіп өзіне тәртіп де алмай жатқанын ескертеді.

Абай қазақ арасында қол өнерінің өспей, өркендемей келе жатқан себебіне тоқтайды. Олардың өсуіне кесіп-пат болған себептердің бетін ашып, қазақ өнершілерін ол кесіп-паттан сақтандырады. Абай қазақ қол өнерін өсірмей келе жатқан төрт түрлі себепті көрсетеді. Олар:

1) Қазақ өнершілерінің өздері шеберліктерін, іскерліктерін, өнерін асыру мақсатын ойлап, ізденбей, «осы да солады» деп таялпсыз болып келушіліктерінен не болмаса, олардың мақтаншақ келушіліктерінен деп көрсетеді.

¹ Сояда, 167 бет. (өлекпес).

оларға талапты бол, өнеріңді өсір, жетілдір, күр
нға салынып бос нәрсемен әуес болма дейді.

Қазақ шеберлері ерінбей ісін істей берудің орнына,
идікке, еріншектікке салынып, жалқаусып, салғырт-
сатып алады — дейді. Абай өнер иелерін бұл жал-
қтан да сақтандырып, жігерлі болуға шақырады.

Қазақтың өнершілері елдегі әдет бойынша тегін
і. «Осы ғанымды істеп берге» алданады. Қазақ ше-
р еңбегіне ақы бермей, таныстық салып не алдап,
істетіп алады; шеберді қанайды, өнерінен бездіреді,
мен байытпайды; сондықтан өнер өспейді, қазақ
рын қылықтырмайды. Абай қазақтың бұл тегін іс-
і келетін әдетіне қарсы, еңбек ақысын беріп істе-
уатпайды.

Қазақ өнершілері өзі тамыршыл келеді. Олар бі-
жағынысып, сый-құрметіне, «жоғары шығына» ал-
ы. Соған дәсерсіп, ішкен асына мээ болады да ісін
істеп, өнерінен пайда таба алмайды. Абай бұндай
жасаушылыққа да, өнерінен пайда таппай, босқа
етушілікке де қарсы. Олар дәсерсімей еңбек ақысын
жасаса, өнер де өсер еді; басқаны да тартып, өнер-
а көбелер еді, сол шебердің өзін де өнері қызык-
еді дейді. Абай. «Шебердің қолы ортақ» деп, жү-
я босқа істету өнердің жауы деп біледі. Осы әдет-
жойып, өнімді кәсіп етіп, қол өнерін өсіруге шақы-

зақтың өнерсіз, еңбексіз, нағандық қамауында, ма-
да баға алмай жүргеніне жаны ашыған Абай:

«Аласып алаңдама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалбай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ед болмаса кеттің ғой мал баға алмай!»

Халықты қараңғылық қамауынан шығар түзу жол-
өнер жолына шақырады.

Абай еңбек етушілердің мақсатына да тоқтайды. Абай:
нің баласы адамның дұшпаны, адамның баласы —
ын» деп, әруақыт ел — жұрт мақсатын, жеке адам
тынан жоғары қояды. «Өзің үшін еңбек қылсаң,
лің оттаған хайуанның бірі боласың» деп, «адамшы-
ің қарызы үшін еңбек қылуға» шақырды. (7 — па-

Абай ел жастарына момынға жаның ашып, көпшілік

ғы ең мықты, зор бурлак, легендалық герой Никитушка Ломов атаандыратын әбден шыныққан күрескер ететін деген еңбегі екенін көрсетті. Еңбек адамды түгел өзгертіп, оны мүлде жаңа алып адам етіп жіберетінін дәлелдеді. «Еңбек — адамның күші мен сезімін жаңғыртып жасаушы», — деді, («Не істеу керек?» романынан).

Н. Г. Чернышевскийдің эстетикалық көзқарасына негіз болған да өмір, еңбек еді. Чернышевскийше сұлулық, әсемдік еңбекте. Ол еңбекте шынығып, бетінен қаны тамған толық денелі шаруа қызбен қаладағы дворяндардың қуыршақ қызын салыстырып өзі поселяниндер ұғымындағы сұлулықты жақтайтынын ашық айтады. Чернышевский пікірінде «Өмір» деген түсінікпен еңбек, жұмыс деген түсініктер бөлінбей бірге келіп жатады. Жұмыссыз өмір сүруге болмайды және көңілсіз де болар еді» дегенді айтады. «Еңбек, — дейді Н. Г. Чернышевский, — адамның дүние тану сезімін өсіреді. Еңбек естігеніңді ойыңа әбден бекітеді.¹

Осылайша, орыстың XIX ғасырдағы революцияшыл-идеологиясының бір саласы ретінде туғып көтеріп отырды. Еңбектің адам өмірінде атқаратын ролін жоғары бағалады. Еңбек, өнер-білім олардың үгіт нысанасы болады. Орыстың осы ағартушы демократтарының шәкірті болған Абай, солардың ізімен өзінің үгіт-насихат ісінде еңбек, өнер-білімді нысана тұтты.

Абайдың еңбекке үндеген сөздері күні кетіп, көнерген сөз емес, қазіргі еңбек азап болмай, ерлік-ігілік болған кезде, әліде болса жаңа, маңызы жойылмай, арта түсіп отырған, заман тіліне сай сөздер.

IV

Абайдың қарасөздерінде көбірек қозғалатын, негізгі тақырыптардың бірі — адамгершілік (гуманизм), мінезқұлық (мораль) жайы.

Бұл мәселелерді Абай жыйырмадан астам сөзінде көтереді. Атап айтқанда: «Төртінші», «Сегізінші», «Он бесінші», «Он төртінші», «Жыйырма үшінші», «Жыйырма төртінші», «Жыйырма алтыншы», «Жыйырма тоғызыншы», «Отыз алтыншы», «Қырық екінші», «Қырық төртінші», сөздер толығымен дерлік осы мәселелерді талдайды.

Н. Г. Чернышевский Собр. соч. Т. III. стр. 362, 1939.

Адамгершілікке үндеу, адам мінезін тәрбие арқылы түзеу мәселесі — Абай шығармаларының барлығына ортақ тақырып, барлық еңбегінің арқауы.

Өмірді терең шолып, қыяға ой жіберіп, «алыстан сермеп, жүректен тербеп», қыялдың қыйырын шарлай білген кеменгер Абай халықтың еңсесін басып, адамгершілікке зиянды кесапат болған кертартпа мінез-кұлыққа, шірік әдет, ескі салт-санаға барынша қарсы тұрды. Абай адамгершілік үшін керекті өнер-білім, еңбекті үгіттеп, адамның рухани жетілуін, оның мінез-кұлқын адамгершілік нормасына сай етпекші болды. Сондықтан ол адамға жат залымдық сияқты қылықтарға қарсы шығып, адам баласының бірімен-бірін дос болуын көкседі. «Залымдық — адам баласының дұшпаны. Адам адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді. Бір жыртқыш қайуан есебіне қосылады.»¹

Абай адамгершілікті, еңбекші бұқараны жақтаған нағыз халық ақыны. Оның халықты сүйі адамды сүйшілікпен ұштасып жатады. Сондықтан Абайдың гуманистік көзқарасы Белинскийдің демократтық гуманизмі негізіндегі зор идеялы гуманизм болды. В. Г. Белинский: «Гуманизм — дегеніміз адамды сүйшілік, тек ол білімі мен санасы арқылы жетілген сүй»,² — деген болатын. Абай, осы В. Г. Белинский көрсеткен білімімен санасы арқылы жетілген гуманист жазушы болды.

Абай: адам деген абройлы ат, оны кірлемей таза ұстау керек: ал, оған дақ салып алса, адам азып, адамдық қасиетін жоғалтып, төрт аяқты қаюанмен тең болады деген пікірлерді айтты.

Абай адамды жоғары бағалады. Оның қоғамдағы, өмірдегі тарихи ролін түсінді. Сондықтан Абайдың адамды сүйі, бағалауы антропологтардың пікірінен мүлде өзге. Абай оларша адамды қаюанның бір түрі, биологиялық өзгеше көрінісі деуден аулақ. Абай адамның қоғамдық ролін ғылыми тұрғыдан түсінеді. Абайдың адам жөнінде түсінігі өз кезінде жоғары сана, озық ой болғаны талассыз. Себебі, Абай адамның саналы болуын, әйтпесе, төрт аяқты қаюанмен тең болып кетуі мүмкін екенін ескертеді.

Абай адамды қорлауға мүлде қарсы болды. Абайша,

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 385 бет (38.сөз).

² В. Г. Белинский. Взгляды на русскую литературу. 1847 года Собр. соч. т. 3 стр. 810 М. 1948.

адам туғанда да, өлгенде де бәрі бір жағдайда туады, өледі. Онда өзгешелік жоқ. Олардың бәріне бірдей өмір қымбат. Бірақ, сол өмірді қалай өткізетінін адам дұрыс білмей, адамдыққа жат істер істеп, адамшылықты бұзады дейді.

«Адам баласы,— дейді Абай,— жылап туады, кейін өледі. Екі ортада дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа жарамсыз қылықпен қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды»,— дейді. Сөйтіп, ол тірілік өмірді тиісті дәрежесінде өткізуді қажет деп біледі.

Абай адамды бұзатын себептерді атап көрсетіп, оларға қарсы шығады. «Өмірде ең қызық нәрсе адамды сүйшілік, одан өзге ешнәрсе жоқ»¹ деп, адам сүйшілікке, халықты достыққа, бірлікке, адамгершілікке үндейді. Адам үшін керекті нәрсе — ақыл, іс, мінез, содан туатын зеректік, татулық, достық, махаббаттылық, ғаделеттік, өнерлік,— дейді.

Абай адамгершілікке жат, оны бұзатын нәрселер: алтыбақан — алауыздық, қастық, араздық, күншілдік, қыянатшылдық, құрмет білместік, надандық, әсіресе, адамды адамның тонауы, т. б. ұнамсыз мінездер.

Абай өзінің қарасөздерінде бастан аяқ осы адамшылыққа жағымсыз мінездерді сынап, оған қарсы шығып, адамгершілікті жоғары бағалап және соған үндеп отырады.

Абай адам үшін ең қажет нәрсе — талап деп біледі. Талапты Абай өз басының қамы үшін, тек мал табу үшін керек деп, біржақты ұқпайды. Ондай ұғымға қарсы. Абайша әр адам талап қылғанда тек өзі үшін емес, ел үшін, халық үшін пайдалы, адамшылыққа, ақылға сыйымды талап қылу керек. «Адам баласының ең жаманы — талапсыз... Талаптың ішінде адам баласы, көбінесе, басына қадір іздеп, сол талапта болады»,² — дейді.

Абай феодалдық идеядан туған қазақ арасындағы талап туралы түсініктердің теріс екенін көрсетіп, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ деп ұры-бөрі, қу-сұмдарды ақтап, «ит те болса, малдыны сөге алмайтынына» сын айтады.

¹ Абай (Ыбраһим) Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 238 бет. (өлеңінсн).

² Сонда, 400 бет. (44-сөз).

Абайша, адам тіршілігінің шарты — еңбек ету, ол үшін аянбай талап қылу; ез атанбау; өз жанын ойлап, қорғаланған қорқақтық адамшылыққа жатпайды; ондай адамның тірлігі шын тірлік те емес, ондай тірлік өліммен тең болады¹,— дейді.

Егер адам малға табынып, өліп-өшіп ізденсе, мал үшін арын сатып, арсыздық жолға түссе, ол адамшылықты жояды. Сондықтан, адамгершілікті жоятын нәрсенің бірі орынсыз тапқан мал, мақтан, ғизат-құрмет, сол үшін қылған орынсыз талап.

Осы малжандылығымен, дүниеқорлық, арын малға са-тушылықпен адамгершіліктерін жойғандар — қазақтың байлары мен болыс, билері екенін Абай дұрыс көрсетеді. Абай қазақ байларының дүниені малмен өлшейтін мінездерін, малға бағынбайтын нәрсе жоқ деп есептейтін қылықтарын өте шебер мысқылдайды. «Сегізінші сөзінде»: байлар «өзінде жоқты,—дейді Абай,— малмен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, армдық, ақыл, ғылым ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, ақылы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны — бәрі мал»²

Қазақ байларының мінездерін Абай осылайша жеріне жеткізе сөгеді. Байлар үшін ел де, білім, ар, ұят та, жақын да, құдай да— бәрі мал екенін ашып айтады. Абай қазақтың болыс, билерін де осылайша қатты сынап, олардың ұлықтарға жағынудан басқа, өздерінің құлқынын толтыруды қарастырудан басқа ойларының жоқ екенін ашып айтады (8—сөз).

Сөйтіп, Абай қазақтың үстем тап өкілдерін сынап, олардың мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін әшкерелей көрсету арқылы бұлардың адамгершілікке жататын істерінің, қылықтарының жоқ екенін айтады. Бұларды Абай, өнер-білімге талапсыз, жұмыссыздықтан азған, адамгершіліктері жоқ адамдар деп көрсетеді. Осы еңбексіздіктен азған байларды Абай «Қырық екінші сөзінде» былай сүреттейді:

«Малдылар малын өңкей малшыларға, бала-шағаға тапсырып, қолдағы... азды-көпті дәулет қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына

¹ Сонда, 326 бет. (6—сөз).

² Сонда 329 бет.

шыдайды; «пыш-пыш» кеңестен қалып бір ауылға барып қулық, сұмдық жасасып жүріп, тегін тамақ жеп, ыржаңдасуды қысыратуға шыдамайды»,— дейді.

Осы қылықтарды көріп отырған халық шаруа қуып, мал табуға пысықтарды өнерлі кісі тобына қоспай, оның орнына «я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін... айтып ырбаңдауға пысық болуды өнерлілерге қосылғандай көреді» — деп, әдетке айналып бара жатқан орынсыз пысықтыққа, арыз беріп, бәле-жала салуға пысықтарға қарсы шығады. Сондықтан Абай, «бұл күндегі байлық та мақтан емес, ақыл, аброй да мақтан емес. Арыз бере білу, алдай білу — мақтан»,— деп айтады.

Бұдан кейін Абай адамдықтың керекті шарттары — естілік, ақылдылық, бірлік, рақымдылық, мейірімділік, қуаныш, жұбаныш, ар, ұят, мақтан, мансап сыяқты мәселелерге жеке тоқтайды. Олар туралы ой-пікірін баяндайды. Бұл мәселелерді баяндауда Абай өзінің ірі моралист екенін көрсетеді. Халықты жағымпаз, азғын мінездерден сақтандырып, жақсылыққа, өнерге, адамгершілікке, адалдыққа шақырады.

Абайдың моралистік пікірлері көбіне орыстың ұлы жазушысы Л. Н. Толстойдың ойларымен үндес келеді. Әділдік, достық, рахымдылық, еңбек жөнінде, оларды бағалауда Абай мен Толстой пікірлері ұштасып жатады; біреуі орыс шаруаларына, екіншісі қазақ еңбекшілеріне үгіт айтады.

Абай өзінің насихаттарын Толстойдың адамшылық жөніндегі үгіттерін жақсы біле, одан үлкен әсер ала отырып жазғаны оның сөздерінің мазмұнынан айқын байқалады.

Толстой мен Салтыков — Щедрин сыяқты, Абай да адамдардың бойындағы жағымсыз қылықтарға, мінездерге қарсы шығып отырды. Ол өзінің «Қырқыншы сөзінде» адам мінезінің ұнамсыз жақтарын қатты сынға алады. Мысалы: өлген кісінің жаманы жоқ, тірі кісінің жаманданудан аманы жоқ болатынын; жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп... өз елінде сонан артық кісі болса да танымайтыны; біреудің ағайыны: торқалы той, топрақты өлім де, адалдық береке де алысуға табылмай, барымта аларлық ұрлық десе табыла қоятыны; байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуға арланбайтыны, екі жақсының бір елде, сүйіскен достығында тұра алмай, кейбір антұрған жанның тым-ақ тату бола қалатыны; екіншіден, досым жетілсе екен демей, егер бірі жетіле

қалса, баяғы досына бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны, кедейдің кер келетұғыны; нәпсісін тыйып, тоқтатқан кісінің жаман атанатыны, нәпсісі билеп мақтанға еріп, пәле шығаратын кісі мықты атанатыны; қазақтың шын сөзге нанбай, өтірік пәлелі сөзге сүттей ұйып, шаруасы судай ақса да соны ұқпай кетпейтіні — бәрі саналып айтылып, сынға алынады. Бұның бәрін Абай елдің білімсіз надалығынан көреді. Оны бұзылғандықтың белгісі деп ұғады.

Сондай-ақ Абай қазақтың бойына сіңіп, әдетіне айналып кеткелі жүрген, теріс түсінік беретін, халыққа жат мақалдарға да сын айталы. Абай тек мақалды сынап отырған жоқ. Сонымен қоса, ескі ел мінезін, кертартпа әдетін де қатты сынап отыр. Бұл Абайдың «Жыйырма тоғызыншы сөзінде» айқын көрінеді. Абай осы сөзінде: «Жарлы болсаң арлы болма», «Қалауын тапса, қар жапады», «Атың шықпаса, жер өрте», «Ата-анадан мал артық» деген мақалдарға қарсы шығып, олардан елді сақтандырады.

Абай бұдан басқа да бірнеше сөзінде қазақ мақалына тоқтайды. Олардың бәріне Абай бірбеткей қарамайды. Мақалдың ішінде ел тілегіне пайдасыздарының барын айтып, соны сүйеніш еткен адам мінезін сынға алады. Теріс айтылып жүрген зиянды мақалдарды «Бесінші сөзінде», «Қырық төртінші сөздерінде» санап өтіп, адам мінезін бұзуға үлкен себептің бірі болып отыр деп, қазақтың нені ойлап, неге қайғыратыны да, арманы да осы мақалдардан көрінеді деп, бұларға қарсы шығады.

Абай қазақтың мақалдарын сынау арқылы ескі сана-сын, теріс түсінігін, болымсыз талабын сынап, бұларға қарсы шығады. Бұл мақалдарды өміріне заң етіп қолданып, адамшылығын кетірген, жаман мінезге түсіп бұзылған адамдарға лағнат айтады. Бұлардан сақ болып, түгел арылуды талап етеді. Бұл Абайдың халық мұрасына, ескі мұраға сын көзімен қарағыш, талғампаздығын көрсетеді.

Абай еңбекші халық тілегіндегі мақалдарға қарсы болған жоқ. Оны өзі мейлінше көп қолданады; қалықты тәрбиелеуге құрал етіп пайдалана білді. Сөйтіп, мақалдың ішінде халық даналығын көрсететін құндысы болатынын, оны ел тілегіне пайдаланудың үлгісін көрсетті. Абайдың адам мінезін сынап ақыл айтқан «Отыз тоғызыншы сөзінде» қазақтың өткен өмірінде істеген жақсы істерінің мінездерінің бар екенін баяндап, сол мінездер-

дем айрылмауды насихаттағанда халық мақалдарындағы жақсы ұғымдарды сынап көрсетеді.

Бұл айтылғандардан басқа Абай қазақтың мінезіндегі көптеген жақпас құлықтарды өте ұқыптылықпен теріп өтеді. Сол құлықтың бірі ретінде қазақтың мақтанын сөз қылады.

«Жыйырма бірінші сөзінде» (345 бет) Абай мақтанды екіге бөліп қарайды. Ол мақтанға бір жақты баға беріп, түгел қарсы шықпайды. Адамды өсіруде мақтанның белгілі ролі атқаратынына түсініп, мақтаншақтықтан мақтанды бөліп қарайды. «Аз ба, көп пе, — дейді Абай, — адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы қырын іс».

Мақтанның бір түрін Абай «үлкендік» деп атайды. Бұл мінез ақылды адамдарда болатын, арлы, артықтардың мінезі, адамға керекті мақтан дейді. Бойында осындай сезім бар адам әдепсіздік, арсыздық, байлаусыздық, сұрамсақтық, өсекшілдік, өтірікшілік, алдаушылық, пайдасыз жеңіл мінез, надандық қылықтардың бәрінен өзін аулақ ұстап, ол мінездерді қорлық біліп, өзін ондай мінезге салушылардан зор ұстайды дейді. Абайдың өзі бұл мақтанды жақтайды.

Абай мақтанның адамға пайдасыз екінші түрін мақтаншақ деп атайды. Бұл мінезге Абай қарсы шығады. Бұлар, — дейді Абай, — демесін демейді, не болса да десін дейді. Бай, батыр, ку, сұм, пысық десін деп, демесінді есіне де алмайды. Абай осы мақтаншақтардың өзін үш түрге бөледі. Олар:

1) Жатқа мақтанарлық мақтан іздейтін мақтаншақтар. Бұл — «надан, надан да болса, адам» дейді. Себебі жат жерде, шет елде бойды, дұрыс ұстап, бөріше жүзін қампайтып ұстаса, еліне жаманат келмейді. Жұрты қорланбайды.

2) Өз елінің ішінде мақтанатын, мақтан іздейтін мақтаншақтар. «Бұлардың, — дейді Абай, — надандығы толық, адамдығы әбден толық емес». Бұлай деуіне себеп өз жерінде, өз елінде жүріп өтірік айтып, орынсыз дәліргеннің өзіне де, еліне де түк пайдасы жоқ. Тек абройын кетіріп, адамдық беделін түсірмекші.

3) Өз үйінде отырып, ауылында жүріп айтпаса өзгелер қосылмайтын мақтанды кәсіп ететін мақтаншақтар. «Бұлар, — дейді Абай — наданның наданы, һәм өзі адам емес. Себебі от басында отырып бос лепірудің адамшы-

лығы қанша? Оны ешкім жақтамайды, сондықтан адамшылықты жояды».

Абай өзінің «Отызыншы сөзінде» осы мақтаншақтарды адамшылыққа керексіз «қырт мақтан» деп атайды. Бұдан ар есті, намысты, ұятты білмейтін, кең толғау үлкен ой жоқ, не палуандығы, не батырлығы, не адамдығы, не ақылдылығы жоқ, қырқын мінсе, қыр артылмайты-ғұн,» мақтан иесі, түкке тұрғысыз адамдарды жатқызады. «Әрбір қайратсыз,— дейді Абай;— қорқақ мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ ақылсыз надан келеді»¹ Бұл мінездің қазақта мол екенін ескертіп, шетінен «ой тәңірай, кімнен кім артық дейсін!» деп шіренетіндерді мысал етеді. Ақырында, «Қырық үшінші сөзінде» Абай: «Мансап сүйгіштік мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшіліктерден бойды аулақ сақтау керек,»² деп ақыл айтады.

Абайдың бұдан кейін қатты бір сынға алатын мінездері — кербездік. Өзінің «Он сегізінші сөзінде» (342 бет), Абай кербездіктің адамға пайдалы түрі — бойды таза ұстап, киімін дұрыс киіп, дәулетіне сай жүру деп ескертеді. Абай орынсыз өзін безеп, бойын тым айналдырып, дәулетінен артық киініп, сол киімді көңіліне қуат тұтыну кербездің адамға пайдасыз түрі деп біледі.

Осы пайдасыз кербездің Абай екі түрлі қылығын атап көрсетіп, сол мінездерден сақтандырады. Абай көрсететін кербез қылықтарын өз сөзімен берсек олар мыналар: «Бірі бет пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін, қасқабағын қолдан түзеп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі: атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбақ...»

Абай көрсеткен бұл қылықтар — жұмыссыз азған адамның бәріне ортақ мінездер. Ол тек қазақ қана емес, басқа елде де бар және сол елдің әдебиеттерінен орын алып отырған басты мәселенің бірі. Мысалы, Абай айтып отырған, кербез қылықтарының бірінші түрі қазақта сирек кездесетін, көбіне қала мешандарына тән қылықтар. Ал, екіншісі, дала қазағына ғана сай қылықтар. Бұған қарағанда Абай тек қазақтың бойындағы мінездерін санап қоймай, сонымен бірге мәдениетті елде болатын, өзі қалада көрген мінездерге де сын айтқаны байқалады.

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 320 бет (3—сөзден).

² Сонда, 398 бет.

Абай бұл мінездерді сынап келіп, былай деп ақыл айтады: «Мұның бәрі масқаралық, ақмақтық, мұны адам бір ойламасын егерде бір ойласа, қайта адам болмағы кыйын іс. Кербезденгенде: осындай кер-кердең неменеден безіндер»,— дейді.

Абай осы кербездер жайына «Отыз сегізінші сөзінде» тағы қайталап соғады, Сол екі мінезді тағы ескертіп, оларды бояма қылық, ақылды өсірмейтін нәрсе деп, қайталап сөгеді. Осы сөзінде: «Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің?» деп сұрау қойып, оған өзі: ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылықты сүйемтікпен өсер» деп жауап береді.

Абай осылайша сырты сұлу, іші былжыр адамдарды сынап, адам ақыл, ғылым, өнер-білім, ар, мінезбен озса екен деген талап қояды.

Абай қазақтың надандығын көрсететін бір мінезі болмашы нәрсеге есі шыға қуанып, ұялмас нәрседен ұялып, жоқты жұбаныш тұтып, жас балаша алданғыш келетіндігінде деп көрсетеді. Абай бұл мінез құлықтарды 23-26-36 сөздерінде толық көрсетеді. «26-сөзінде» Абай:

«Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады, және қуанғанда не айтып, не қойғанын өзі де білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Және ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі надандық, ақымақтық әсері»,— дейді.

Сол қуаныштарының бастылары ретінде қазақтың ат жарыстырып, құс салып, ит жүгіртіп, палуан күрестіретін салттары мен әдеттерінен мысал келтіреді. Сол әдеттерінің тым надандық салттан қалып келе жатқан ешбір қуанарлық қылық, қасиеті жоқ нәрселер екенін айтып, оған өзінің наразылығын білдіреді. Әсіресе, қазақ бәйгіге қосқан аты келіп, балуаны жықса, құсы алып, иті бұрын ұстаса есі шығып соған да бір қуанады. «Білмеймін содан артық қуанышы барма екен? Ай, жоқ шығар» дейді. Бұл есі шығарлық үлкен нәрсе емес, титтей-ақ нәрсе, екі адам күрескенде бірі жығуы шарт, көп ат, не көп иттің бірі озуы керек, оған несін есі шығып қуанады екен? Тек біреуді ызаландырып, соның ызасына қуана ма? Оның несі қуаныш деп, қазақтың бұл құлқын мықты кекесінге алады.

Абай қазақтың қуанышының екінші бір түрін «Жыһырма үшінші сөзінде» келтіреді. Қазақтың бұл қуанышы: елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі

кылмаған жаманшылығы шықса қуанады; айтады: «Құдай пәленшеден сақтасын... оның қасында біз...» деп, өзін қайдағы бір жаманмен салыстырады дейді. Абайша, қазақтың бұл түшіркенуі қуанарлық іс емес, керісінше, күйінерлік ыза. Абай «жаманмен салысып жақсы болама? Жақсыға салысып жақсы болат тағы», — дейді. Абай осы пікірін, бәйге алған атқа бәйге бергенде артында неше ат қалды деп, кейінгі аттардың санына қарап берілмейді, бәйге алдындағы аттың санына қарай беріледі деп, қазаққа өте түсінікті мысалмен дәлелдейді. Кейінгіні үлгі тұтпа, алдағыны, білімі, өнері ілгері адамды, соның жақсы істерін үлгі тұт. Сондай істеумен мақтан дейді.

Осы сөзінде Абай қуанышпен бірге қазақтың жұбаныш ететін нәрсесінің қандай екенін де әңгіме қылады. Абай қазақтың жұбаныш етер сөздері: олардың жалғыз біз бе? Елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болса, болады да деген сөз», — дейді.¹ Бұл пікірге қарағанда, болмашы нәрсеге қуанғаны сыяқты, болмашы нәрсені жұбаныш етіп, ең төмен нәрсеге теңеліп, түшіркенеді, кішкене бір нәрсеге разы бола қалады. Абай бұл мінезге де қарсы шығады, бұл елдің аяғын ілгері бастыратын нәрсе емес, кері тартатын нәрсе деп дәлелдейді. Бұл үшін Абай қызық мысалдар келтіреді. Көп айтты деп, соқырға еруге болмайтынын, қазақ өміріне сай дәлелдермен әбден мыйға қонарлық дәрежеде түсіндіреді (347 б.). Кей бір өлеңдерінде де Абай осы пікірді айтып отырады.²

Абай өзінің «Отыз алтыншы сөзінде» ұят мәселесіне тоқтайды. Ұяттың адамгершілікті көрсететін, моралдық маңызы зор нәрсе екенін білген Абай адамда қандай ұяттың болатынын, қандай ұяттан кей адам құр екенін көрсетеді, оның себебін ашады.

Абай ұятты екіге бөледі. Бірін: «надандықтың ұяты» дейді, екіншісін: «шын ұят» деп айтады.

Ал, ұялатын істен ұялмай, ұялмас нәрседен ұялған адамның ұяты шын ұят емес, жалған ұят, надандықтың ұяты. Бұл жас баланың сөз айтудан ұялғаны секілді, ешбір жазығы жоқ болса да бойын көрсетіп, шешіліп сөйлей алмай, не көріне алмай, ұялмас нәрседен ұялушылық.

¹ Сонда, 347 бет. Бұл арада Абай халықты емес надандарды айтып отыр.

² Сонда, 191 бетіндегі өлеңнен қараңыз.

Абайша бұл ақымақтықтан не жамандықтан болатын ұялушылық. Бұл ұят өз алдында, «Осы күнде: менің көрген кісілерім,—дейді Абай,—ұялмақ түгіл қызармайды да. Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар? «Жә-жә! Оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпедің бе? «Пәленше де тірі жүр ғой...» деп, қарап тұрады. Осыны ұялған кісі дейміз бе?»¹ дейді.

Абай сол кездегі қазақтың «ұятты» адамдарынан санайтын би, болыс, бай, молдаларының ұяты осы деп көрсетеді. Абай бұл шын ұят емес, жалған ұят деп бағалап, өзі ұят дегеннің не екенін анықтап береді. Одан кейін шын ұят қандай болатынын көрсетеді.

«Ұят деген,—дейді Абай,—адамның өз бойындағы адамшылығы; итшілігіңді ішіңнен мойныңа салып, сөгіп қылған қылмыстың аты»². Бұл шын ұят ақылға не абу-ырға теріс бір іс секілді нәрседен болады дегенді айтады.

Абай шын ұяттың өзі екі түрлі болады. Бірі өзінен бөтен адамнан шыққан ғапіл іске ұялу; бұл сол ұятты адамды аяп-ескеруден болатын ұят. Екіншісі, өз бойынан шыққан ақылға теріс, бойға лайықсыз, адамшылыққа жат қылыққа, ғафилге ұялушылық. Бұл жағдайда «өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіне жаза тарттырады. Бұндай шын ұятпен ұялған адам» кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түседі. Мұндай ұяты күшті адамдардың: ұйқыдан, тамақтан қалатыны да бар; хатта өзін өзі әлтіретіні де болады... Бұндайлыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе болмайды. Егер — оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтса, ол кісінің өзінің адамшылығы жоқ десе болады, дегенді айтады.

Абайдың ұят туралы бұл пікірлері орыстың ұлы жазушысы. А. П. Чеховтың «Чиновниктің ажалы» деген әңгімесімен үндесіп, пікірлесіп жатады. Абай сөзі сол Чехов әңгімесін оқып алып, сонан кейін жазған шығармадай-ақ мазмұндасып, соған байланысты келеді.

Абай қазақтың арасындағы осындай жұғымсыз мінездердің қайдан пайда болатынын, оны туғызып отырған материалдық негізді дұрыс көрсете біледі. Өзінің «Қырық екінші сөзінде» Абай: «Қазақтың жаманшылыққа

¹ Сонда, 367 бет.

² Сонда, 366 бет.

үйір бола беретұғын бір себебі — жұмысының жоқтығы. Егер егінге салынса, саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға... тамақ асырап, сөз аңдып... пайдасыз қаңғырып жүруге құмар болар ма еді?»... адал еңбекке салынып алған кісі, ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап кезегендікке салына ма?,¹ — дейді.

Ф. Энгельс «Англиядағы жұмысшы табының халі» деген еңбегінде жұмысшылардың үстем тапқа қарсы өшпенділігі туралы айта келіп, бұл қарсылықтың ең алғашқы барып тұрған өрескел және нағыз жеміссіз түрі — қылмыс жасау болды деп көрсетеді. Ал «Оның үстіне, — дейді, — ұрлық қарсылықтың нағыз мәдениетсіз, нағыз санасыз түрі болды. Сондықтан ұрлық жұмысшылардың өздері іштей құптағанмен, олардың қоғамдық пікірінің ортақ көрінісі бола алмайды»²

К. Маркс: «Егер адамның мінез-құлқы жағдайлардан туатын болса, онда, демек, жағдайлардың өзін адамгершілік жағдай ету керек болады,»³ — дейді. Абай сол адамгершілік жағдайды аңсаған ақын болды.

Абай осылайша ескі ауылдың, феодалдық патриархалдық санасынан туған, тозығы жетіп, көнерген мінез-құлықтарын аяусыз сынап, соның ішкі сырларын әбден ашып, халық алдында әшкере етеді. Халықты одан бездіріп, жаңа жол көрсетіп, адамгершілікке лайық мінез-құлық ұсынады. Сөйтіп, адам мінезін тәрбиелеуді де мойнына алып үлкен моралист ретінде көрініп отырады.

Абай қазаққа үлгі боларлық халықтарды көрсетіп, соларша мәдениетке, өнерге жетіп ілгері басуды насихаттайды. Ескілік, надандық бұғауынан құтылып, өзара наразылығын жойып, мінезін, ісін түзеп, бейбіт, бақытты өмірге ие боларлық қазақты арман етеді. Абайдың бұл арманы «Жыйырма төртінші сөзінде» былай беріледі.

«Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанамыз. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, қастық қа-

¹ Сонда, 394 бет.

² Маркс, Энгельс. Соч. том, III стр. 231.

³ И. В. Сталин, Шығ. I том. 431 беттен алынды.

лып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан, түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен»,¹ — дейді.

Абай бұл сөздерді қазақты жек көргендіктен айтпайды. Оны шын сүйген, өз елінің патриоты есебінде, сол өз халқының тағдырына мықтап қайғырып, налығандықтан, үлкен аяушылық білдіріп, жылы жүрегінің сыры ретінде айтады. Абайдың бұл сөздері Чернышевскийдің өз ұлтына арнап айтқан: «Құлдардың ұлты, аянышты, ұят, жоғарыдан төменге дейін — бәрі құл» деген өткір сөзінен ауыр емес, қайта сонымен сарындас, орайлас келетін сөздер.

Егер Чернышевскийдің осы сөзіне берген В. И. Лениннің данышпандық бағасын еске түсірсек, Абайдың қазаққа деген махаббатының сол Чернышевскийдің өзінің орыс ұлтына деген махаббатымен ұштасатынын айқын көреміз. В. И. Ленин: Чернышевскийдің бұл сөзін «Отанын шын сүйгендік, ұлы орыс бұқара жұртшылығының революцияшылдығының жоқтығына қайғырудың сүйіспеншілігі, — деп бағалайды.

Абай әр уақытта да қалың көпшілік жағында, соның тілегінде болды. Халқының жарқын болашағы үшін күресті. Өзінің бойындағы бар қуатын сол жолға сарып етті. Абайдың күлкі жасап, қарсы шығатын мінездері де, іс әрекеттері де, қазақтың азшылығына тән болған, үстем табының бойындағы мінез-құлық, іс әрекет, Абай жек көріп сынағанда да сол қоғамның үстем табын аяусыз сынап, езілген халықты жақтады.

Добролюбов «Щедриннің барлық наразылықтары халқымыздың ең аз бөлегіне арналған...»² дейді. Ұлы сыншының бұл сөзі Абай наразылығына да ортақ айтылған сөз сыяқты естілді.

✓ Абайдың сыны, мысқылы жеңіл мазақ емес, зілді ашу. Ол ел мініне күліп қана қоймады. Сол мінездің жөнсіз бетін ашып, халық алдында масқара етіп, одан безіндіріп отырады. Сондықтан Абай сөздеріндегі сатира, В. Г. Белинский көрсеткендей, «кексіз күлкі, жеңіл мазақ, ұсақ қылжақ емес, масқара болған қоғамның кегінің, рухының айбары»³ сыяқты.

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 348 бет.

² Н. А. Добролюбов. Собр. соч. том. I, Госхуддизд. М. 1950, стр. 272.

³ В. Г. Белинский «Әдебиет—сын мақалалары» 183 бет. Мем. Бас. 1936.

Абайдың өз халқына шын жаны ашып айтқан сындарды, көрсеткен мәдениет жолдары, адамгершілік үшін қойған талаптары, ел түзерлік еңбектері, алдап күткен армандары тек советтік социалистік мәдениеттің қазіргі жеткен шыңынан анық көрінбек.

V

Абайдың біркелкі қарасөздері оның дінге, дүниеге көзқарасын білдіреді.

Қандай шығарма болмасын, ол жазушының дүние тану көзқарасын білдіріп отырады. Әр жазушы шығармасында өзінің дүние туралы ойын көрсетіп, Н. Г. Чернышевский айтқандай өмірге өзінің үкімін шығарады, бағасын береді. Немістің атақты жазушысы Гете де жазушының творчествосында «ойланып — қайғы шекпей жазылған бірде бір сызықшаның болмайтындығын» өте орынды айтқан. Жазушының көзқарасы оның творчестволық алғашқы кезеңінің өзінен-ақ, бірден қалам ұстап, өмір көрінісін таңдап қабылдай бастаған кезден-ақ байқалады.

«Пушкиннің дүние тану қабілеті әрбір өлеңнен шертіп тұрады. Күйзелген дүниенің өксігі әр өлеңінен де естіледі. Ал, оның тәлім берерлік мол идеялары тіптен шексіз болады.»¹ дейді В. Г. Белинский.

Осы айтылғандардай, Абайдың дүниеге көзқарасы да оның әрбір еңбегінен айқын көрініп отырады. Әрбір шығармасында оның көзқарасының шертіп тұратыны да, күйзелген дүниенің өксігі естіліп тұратыны да, тәлім берерлік мол идеясының шексіздігі де сөзсіз. Бұл жөнінде Абай шығармаларының ішінде оның қарасөздері ерекше ескерерлік еңбектер. Себебі, Абайдың бірнеше сөздері оның көзқарасын тікелей танытарлық, дін және дүниетану ойларын айқын білдіретінлік дәрежеде.

Абай ұлы акын. Оның творчестволық арнасы өте кең. Ол тек акын ғана емес, соның үстіне өзі кезінің ұлы ойшысы.

Ұлы ғалім Қ. А. Тимирязев, Гете туралы «Бәлки, адам санасы тарихында ұлы ақылдық пен терең ойшылдық және тамаша ғалімдіктің бір адам бойында табысуына бірден-бір мысал Гете ғана бола алар»² дейді.

¹ В. Г. Белинский. А. С. Пушкин шығармалары. 1840.

² Қ. А. Тимирязев. т. XIV стр. 448.

Қ. А. Тимирязев көрсеткен осы сирек кездесетін әрі ұлы ақын, әрі терең ойшы, әрі тамаша ғалім тобына орыс әдебиетінен М. В. Ломоносов, А. С. Пушкиндер сөзсіз қосылса, қазақ әдебиетінен Абай Құнанбаев та солар тобына қосылуға тиісті. Себебі, Абай да тек ақын емес, сонымен бірге терең ойшы, тамаша ғалым болған адам.

Абай арнаулы философиялық еңбектер жазып, философ болуды мақсат еткен адам емес. Тек кейбір өлеңдері мен кейбір қарасөздерінде өзінің озық ойларын, тереңнен толғай айту, жеткізе баяндау жолында философия мәселесіне де ауысып, сол жазып отырған шығармасындағы мәселе көлеміне сыйымды түрде философиялық пікір айтқан. Сондықтан Абайдың философиялық кейбір терең ойлары, пікірлері бір шығармасында әбден ашылып, аяқталмай қалып қояды.

Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін қоса зерттеп, оның философиялық пікірін әбден айқындау — арнаулы философиялық зерттеулердің міндеті. Біз ондай мақсаттан аулақпыз. Алайда, Абайдың бір топ қарасөздерінің тақырыбы дін және дүние тану мәселелеріне арналғандықтан біз сол жеке сөздеріндегі пікірлерін ғана айқындап, сол сөздеріне қарай өзімізше қортынды ой айтуды қажет деп санаймыз.

Абайдың қарасөздеріндегі пікірлері, дүние тану ойлары өлеңдеріндегі пікірлеріне қайшы келмейді, қайта олар біріндегі ойды екіншісі толықтырып отырады. Сондықтан бірін зерттегенде екіншісін ұмытуға болмайды.

Абай өз кезіндегі кертартпа діни мистикаға — фанатизмге қарсы шықты. Халықты тағдырға бас игізіп, талапсыздандырып, жігерін құм қылып отырған исламның зияндылығын көрсетіп оны уағыздаушы — молда, ишандардың зулымдық қылықтарын ашып одан сақ болуға үндейді. Сүйтіп, халықтың бойына жігер беріп, көңіл көзін ашты.

Абай, көп реттерде дүниені құдайдан бұйрықсыз тануға болмайды; оны бір құдайдың өзі ғана біледі; құдайдан бұйрықсыз адамның ешнәрсені білуі мүмкін емес, — деген діни түсініктерге қарсы шығады. Халықты білімге талаптандыруды мақсат етті. Сондықтан ол: «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік демек, құдай тағала сені менен мені бірдей жаратып па» де-

мек—құдай тағалаға жала жауып өзін құтқармақ болғандық. Бұл ойсыз, өнерсіз, надан адамның ісі...»¹ деп қаты сынға алады.

Осындай мақсат көздеген Абай бір топ қарасөздерінде өзінің дүниеге, дінге көзқарасын баяндап отырды. Бұл сөздерінде де ол озат идеяның өкілі, бұқарашыл жазушы екенін көрсетеді.

Абайша, дүниеде білуге болмайтын, адам қабілеті жетпейтін нәрсе жоқ. Тек әлі танылып болмаған нәрселер ғана бар. Адам әуелі бір білмесін біліп, одан кейін екінші бір бұрын белгісіз болып келген нәрсені танып, сүйтіп бірте-бірте біледі, осылай оның білігі өсіп отырады.

Өзінің «Жетінші сөзінде» Абай: «Дүниенің көрінгенің немесе көрінбегенің сырын түгелдеп, ең болмаса дендеп білмесе, адамдықтың орны болмайды»² деп, дүниенің белгісіз сырларын ашып, оны дендеп білуді адамшылықтың негізгі шарты ретінде түсінеді.

«Қырық үшінші сөзінде» Абай дүниені тануға болады деп қана қоймай, оны білу жолдарын, тану әдістерін көрсетеді. Адам өз еркінен тыс тұрған сыртқы құбылыстарды, дүниені затты белгілі жолдармен таныйды.

В. И. Ленин өзінің дүние тану теориясында адамның дүниені тану жолы үш сатылы болатынын (сезіну-түю, ақылға салып байымдау, тәжірибеде сынап көру) атап көрсетеді.

Абай материалистерше, адамның дүниені тануында сезім мүшелерінің атқаратын ролін бірінші орынға қояды. Адамның бес түрлі сезім мүшелерін санап көрсетіп, адам сыртқы дүниеден осы мүшелері арқылы алғаш хабар алады деп білді. Сөйтіп, Абай, адам ең алдымен сыртқы дүниені, затты сезіну (түйсіну) арқылы білетінін, сезінудің дүние тануда алғашқы саты болатынын айтады. «Адам көзімен көріп, құлақпенен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады, дейді.

Бұл алған хабарды адам көңіліне қондырып, өзіне пайдалысынан пайдасызын айырып сұрыптайды. Яғни сырттан сезіп білгенін санасына салып, ақылына қойып, көңіліне қондырады. Ал «бұндай етіп, бұл қаракетке түс-

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 396 бет.

² Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 327 бет.

кен адам ақылды дейміз»¹ — дейді Абай. Бұны Абай дүние танудың екінші сатысы ретінде түсінеді

Абай адам ақылының көп-азы оның осы сезіп білген нәрсесінің көп аздығына байланысты болады дегенді айтады. «Кімде-кім: сырттан естіп білу, көріп-білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол көп жыйғаны бар адам»,² — дейді ол. Яғни адам ақыл-ойының молаюы оның тәжірибесіне байланысты болатынын ескертеді. Олай болса, Абай дүниені тануда тәжірибенің ролі зор екенін түсінді.

Ал, адамның білімін өсіретін, ақылын арттыратын нәрсе, Абайша талап, талап болғанда еңбекке талап. «Адамда талап әр түрлі, құдай біреуді талапты етіп жаратады, сондықтан ол ақылды» деген түсінікке Абай қарсы. Ол: «кейбіреулер талап берген адам ақылды тапты. Талапты кімге аз берген, таба алмайды дейді, ода бекер. Талап әр балада бар, оған талас қылуға болмайды,» — дейді. Ол талап қылып дүниені тануды керек қылады.

Абай адамның білмектік қуатына сенеді. Адам ақылмен ойлап, өзінің бойындағы қуатын, жүрек күштерін (сөзімін — Х. С.) бірдей пайдалана отырып, дүниені толық тануына болады деген пікір айтады. Өзінің «Он жетінші сөзінде»: «Адамның қасиеттілігі оның өз бойындағы қуатын, ақылын, жүрек күштерін бірлікте ұстай білуінде» дейді. Бұларды адамның ең қасиеттісі бірлікте ұстай алады; егер бұлар бір кісінде болса, адам дүниені толық танырлық білімді кісі болмақ деген ойға келеді.

Абай адамның білімі күн сайын өсіп отыратын шексіз нәрсе деп біледі. Бірақ ол адам бірден бәрін біліп кетеді демейді. Бірден бәрін білуге адамның ақылы жетпейді: тек бірте-бірте «күн артынан күн туып, ой артынан ой туу» арқылы білмейтін нәрсесін біледі дейді.

Адам өзінің тапқан білімін күтіп ескерсе ол бірте-бірте зорая береді; ал, оны күтіп ескермесең, білгеніңнен де айрылып қаласың деп, білгенді, жеткенді берік ұстаулы талап қылады. «Адамның тапқан өнері, — дейді Абай, — күнде тексерсең, күнде асады». Міні, осылай, өнерінді өсіріп, білмесіңді біл, жоғыңды тап, талап қыл, білімінді жетілт, дүниені таны, оны тануға болады деген пікір айтады.

Абай дүниені өлшеусіз нәрсе, келісті, лайықты, белгілі

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 396 бет.

² Сонда, 396 бет.

заңдылыққа құрылған, бірі-біріне байланыстырылып, бір мықты заңға қаратылып жаратылған, оның өлшеуіне, есебіне ой, бірден сарқа білуге ақыл жетпейді, тек бірте-бірте ғана болады деген пікірлер айтады. Абай өзінің бұл пікірін «Жыйырма жетінші сөзінде» Сократ пен Аристодим арасындағы кеңес ретінде баяндайды. Өзінің «Жетінші сөзінде» Абай осы ойларын толықтырыңқырап айтады: «Ішсем, жесем, ұйықтасам — бұлар тәнің құмары... Білсем екен демек жан құмары» дейді.

Бұл арада Абайдың «тән құмары» деп отырғаны адамның тіршілік етуіне керекті азық деген сөз де, «жан құмары» деп отырғаны адамның рухани азығы, бойына лайық, адамшылығына келісті білімі, өнері, т. б. рухани қажеттері дегені. Абай адамның бұл қажеттерін екінші орынға қояды. «Өсіп-өну жолында, — дейді Абай, — адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды».

Абайша, ақыл ғылым, рух еңбекпен табылатын кәсіби нәрсе, сондықтан ол мыйдың жұмысы. Ал, табиғат адамның рухына көнбейтін, онан тыс нәрсе, тәуелсіз құбылыс. Сөйтіп, бұл арадағы Абай түсінігінде, сана рух бұрын жаралған жоқ, ол кейін табылған нәрсе. Олай болса, Абай — материалист. Бірақ Абайдың материализмі тыянақты, тұрақты емес, кейде рухқа (күдайға) жол беріп қойып отыратын босаң, айнымалы, дәиексіз, шағын (ограниченный) материализм. (Бұл жайларға кейін тоқтаймыз).

Абай дүниені тануға болады деумен бірге, дүниені өзгеріп тұратындығын да түсінеді. Абайша дүниеде бір қалыпта тұратын нәрсе жоқ; бәрі өзгеріп, жылжып, өсіп отырады. Дүние де, адам оның көңілі мен қуаты да, өмірі мен заманы да дамылсыз өзгеріп тұрады. Өзінің «Жыйырмамыншы сөзінде» Абай: «Дүние бір қалыпта тұрмайды, адамның қуаты, өмірі бір қалыпта тұрмайды», — дейді.

Абай дүниеде болатын заңды өзгерістер, есепсіз құбылыстар адам өмірінде де, қоғам құрылысында да болады деп білді. Ол өзінің бір нақылында: «Дүние үлкен көл, замана соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер», — дейді.

Абайша: жас қартаймақ, ескі өлмек, жаңа тумас, жетілмек, өспек — ол өмір заңы. Өзгермейтін нәрсе жоқ: «замана, шаруа, мінез, көңіл, күллі мақұлық және адамзат күнде өзгереді», деп, Абай дүниенің, өмірдің, қоғам-

ның дамылсыз өзгеріп отыратынын әбден түсінеді. Осы пікірлері қарасөздерінде де, өлеңдерінде де бір қалыпта келіп жатады. Бір өлеңінде Абай:

«Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл өткізбес.
Ой артынан ой туар,
Желге мінсең жеткізбес»—

деп, өмір де, қоғам да, дүние де, ой да дамылсыз өсіп, артып отырғанын айтады. Сондай-ақ:

«Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек.
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек»—

деп, әр адамның өсуіне заманның үлкен әсер ететінін, оны сүйреп өсіретін де, илеп өшіретін де сол заманы болатынын айтады.

Абай, осылайша дүниеде, қоғамда өмірде бір қалыпта өзгеріссіз қатып тұра беретін нәрсе жоқ деп қорытты. Өмірді өзгеріп тұратын процесс деп түсінді.

Абай адам қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті де көре білді. Бірақ қоғамның, адам өмірінің қандай жолмен өзгеретінін, оны өзгертетін күштердің қандай екенін біле алмады.

Абай үстем тап билеген қазақ қоғамындағы теңсіздікті, озбырлықты көре білді. Дәулет теңсіздігінен туған жоқшылықты, әлеуметтік теңсіздікті түсінді. Қоғамдағы таптық жікті айырып, олардың арасындағы қайшылықтарды да таныды.

Абай кедейлік пен жоқшылықтың құдай әмірінен болмай неден болатынын, байлық пен дәулеттіліктің негізі қайда жатқанын да әңгіме қылады. Елдегі қанау жайларында әңгімелейді. Бір топ адамның көпшілікті қанап, өзі еңбек етпей, басқаның еңбегін жеп, дәулетті болатынын, сол қаналған көпшіліктің жоқшылыққа ұшырап, кедей болатынын көреді. Өзінің «Үшінші сөзінде» Абай, осы қарсы екі топ, «біріне-бірі достық ойлай ала ма?» деп сұрау қойып, олардың келіспес, бірікпес түрлерін былайша сыйпаттайды: «Кедей көп болса, ақысы кем болар еді. Мен ананы келей болса екен деп, ол мені келей болса екен деп, әуелі ішімізбен қас сағынғандық; әрберден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық партияластық»,— дейді.

Осылайша Абай өз кезіндегі тап жігін, қоғам қайшылықтарын біркелкі таныйды. Бірақ оның аргы негізіне әбден түсінбеді. Абай осы үстем тап билеген қоғамның елді аздырып, жоқшылыққа салынып, әбден жүдетіп отырғанын да айтып, оған наразылық білдіреді. Ол: «Жоқшылықтың адамды қайуандандырып жіберетіні де болады. (383 б. 38—сөз) деп, жоқшылықтың адамды аздырып, әбден жұтатып, адамның ойын тұйыққа тіреп, өзін езіп, тіпті адамшылықтан шығаратын тым ауыр түрінен сақтандырады. Адамды азып тоздыруға жол бермеуді талап етеді.

Абай сол адамды бақыршылыққа салған, үстем тап билеген ескі заманның құрып, оның орнына жаңа, бақытты заман орнауға тиіс деп біледі.

«... Өмірге өткен бұлттай өкінбеймін
Азаттық пен тыныштық көксемім,
Көкірегімде өмірдің күші тұрып,
Іздеймін демалысты үзбегенім»,—

деген Лермонтов сөзін қайталап айтады. Болашаққа үмітпен қарап, талаптанып ізденіп, ерінбей еңбек етіп, өнер-білім алуға үгіттейді.

Оптимист Абай: «Жамандықты кім көрмейді. Үмітің үзбек қайратсыздық, дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас: жамандықта қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді,» — дейді.

Бұл арада Абай қоғамның, өмірдің өзгеретіндігін табиғаттың сөзсіз өзгеретін заңына салыстыра отырып, жамандық билеген өмір құрып, қоғамның өзгеретінін күмансыз деп ескертеді.

Абайдың қарасөзіндегі негізгі философиялық озық пікірлер осындай көлемде келеді. Бұл пікірлерге Абай көбіне орыс демократтар—Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев шығармаларын оқу, олардан әсер алу, үйрену арқылы жетеді.

Бірақ, жоғарыда көрсетілгендей Абайдың көзқарасы, ондағы материализм элементтері — стихиялық жолмен жеткен, бір ізбен шығып отырмайтын дәйексіз, идеализмге жол беріп отыратын материализм.

Герцен «Сана біреу емес, екеу болады. Кешкі, батып бара жатқан дүниенің санасына таң ата шығып келе жат-

қан дүниенің санасы сай емес», — дейді.¹ Абай нұрын шашып, жаңа шығып келе жатқан дүниенің санасын алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінен көріп, соны жақтады. Абай өшіп бара жатқан ескі санадан жаңа сананы, болашағы бар идеяны айыра білді.

Абай сана мен ақылды бөлек, өз алдына алып қармайды; жалғыз ақылдың күшіне ғана сыйынбайды. Ол ақылға қуат берерлік қайрат қосылса ғана, ол — зұлым дүниені құртарлық күшке айналады деп, ақыл мен қайратты бірге алып қарайды. Өзінің «Қырық үшінші сөзінде» Абай: «Бір ақыл қуатымен мұны (залалды Х. С.) тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат екі мықты қуат қосылып тоқтатады»² дейді.

Абай оқу, білімінің ролін тым жоғары бағалап, оны өмірді өзгертетін күштің негізгісі деп есептейді. Бұл арада Абай социалист утопистерше, білім арқылы қоғамды өзгертуді ойлады; бірақ революциялық қозғалыстың қажеттігін айта алмайды.

Утопистер жаңа қоғамды орнату қолынан келетін қоғамдық күшті таба білмеді... Жаксы, әділетті құрылысты қыял-арман етті..., — деп жазды В. И. Ленин.

Сондай-ақ, Абай да қоғамдағы шындықты көріп, оны таныса да, оның құрып бітуіне көзі жетіп отырса да, құртар жолды, өзгертер әдісті дәл басып таба алмады.

Абай, заманның өсу процесі, қоғамның тарихи өзгерістері сананың өзгеруі арқылы болады деп есептеді. Адам санасын қоғамды өзгертуші күш деп білді. Ақылға негізделген өмірді арман етті. Адамды тәрбиелеп, оның мінез-құлқын өзгертіп, адамгершілігін арттырып, сол арқылы өмірдегі бақытсыздықты жоюға болады деп ойлады. Сондықтан да ол, елді білімге, өнерге жан сала үгіттеді. Қоғамды тек ағарту жолымен ғана өзгертпекші болды.

Абай материализмнің жетімсіздігі, оның идеализмге ауытқуы қоғамды өзгертетін күшті танып алмауынан, тарихтың даңғыл жолын таба алмауынан және діннен түгел арылып кетпеуінен айқын көрінеді. Абай, көп мәселеде, өзіне өзі қарсы шығып, тұйыққа тіреліп, айқын жол таба алмай адасып, ғылыми материализм сатысына жете ал-

¹ Герцен. Соч. т. X. стр. 10.

² Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 398 бет.

май, материализмге берік тұрақтай алмай қайтадан идеализмге ауысып отырды.

И. Сталин: «Ғылым жолымен жасалып, негізделген социализмге жеткенше, адамбаласының ойына талай сергелденді, талай азапты және талай өзгерістерді бастан кешіруге тура келді»,¹ — дейді. Осы ойын сергелдеңге салып, тыным таппай ізденген, сол жолда талай азаптарды басынан кешкен, талай ой өзгерістерін жасап өскен адамның бірі Абай болды. Осы іздену жолында ол талай қыйыншылыққа да кездесіп, талай кедергіге ұшырап отырды.

Абай өзінің негізгі нанымы (убежденнесі) бойынша құдайды мойындайды. «Отыз сегізінші сөзінде» ол: «Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар дейміз,² «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына (өлшеуіне Х. С.) ешкім жетпейді»³ дейді.

Бірақ, Абай кейде «құдай», «алла» деген сөздерге өзге де мағана береді, оны басқа сыйпатта да түсінеді. Және ол құдай жолына құлшылық етуге шақырмайды; өзі де ол жолды ұстамайды. Дін парыздарын (ораза, намаз, т. б.) өзі орындамайды; Оларды орындаушыларды сынайды.

Кейде Абай «құдай», «алла», «хақ» деген жске сөздерге көп ұғым сыйғызып, өзгеше мән де беріп отырады. Бұл сөздерді тек әмірші құдай ұғымы ғана емес, қорғаушы күш, табиғат, жаратушы үлкен ақыл, ғаділет, ақиқат, көңіл, ғылым, махаббат, т. б. деген ұғымдар орнында қолданып отырады. Абай дін жолын сынай отырып, оны ғылымға, ақиқатқа, ғаділетке жеткізетін жол деп ойлайды. Сондықтан, ол дін жолын өзінің ағартушылық тәрбие жұмысына, моралистік, гуманистік идеясына бейімдей талқылайды.

Діні дұрыс адам деп Абай білімді ғалім, мейірімді, ақ ниет адамды; ағайыншылдық — достық, адамгершілік, сезімі терең кісіні есептейді. Дін — адамның көңілі, адамгершілік қасиеті деп түсіндірді. Басына шалмасын (сәлде-сін) орап, бес уақыт намазын қаза жібермей, оразасын ұстап жүргеннің ғана діні дұрыс деушілерді қостамайды.

Осылайша, Абай дінді ғылымға, адамгершілікке же-

¹ И. Сталин. Шығ. I том, II бет.

² Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйнағы, 372 бет.

³ Сонда, 384 бет.

тілдірер мінез-құлықты түзер жол деп ұғады да, сол жолды өзінің ағартушылық моралистік мақсатына пайдаланады. Ол біріне бірі қарсы екі нәрсені — дін мен ғылымды бір деп қате пікір ұсынады.

Өзінің шығармаларын қалың көпшілікке арнаған Абай өз тұсындағы адамдардың сенім-нанымдарына ерекше назар аударды. Сол ұғымдарына сын айтып, өңдеулер жасай отырып, дінді адамгершілікке, өнерге тәрбиелеп қараңғылыққа қарсы шығу үшін шартты құрал ретінде пайдаланады.

Абайдың құдай, дін туралы ұғымдары көп жерде таза діншілік ұғым болмай шартты ұғым болды; Қазақтың дін уағыздаушы молда ақындарының діншілдік сарыны емес, одан мүлде өзгеше. Абайдың құдай, дін туралы ұғымын «Отыз сегізінші сөзінен» айқын көруге болады. Ол алланы былай түсіндіреді:

«Алла тағала өзі — «хақиқат жолы», хақиқат пенен растық қыянаттың дұшпаны»... (370 б.). Ғылым алланың бір сыйпаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық хәм адамдық дүр, болмаса: мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат — құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббаты-мен ғылым, білімінің хақиқаты табылмайды.»¹

«Құдай тағала — ғылымды, рахымды, ғадәлетті күдірет».

«Растың бір аты — хақ, хақтың бір аты — алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып ғадәлетпен тәпештеуге керек».

Құдайды, оның жолын осылай түсінген Абай дін ұстаушылардың құлшылық ету жолдарын сынға алады. Құдайды танып білмей, соқыр табынып, оның жолына түсінбей, біреудің айтуымен қылған құлшылық дұрыс емес. Құдайдың хақиқаттығын ғылым жолымен танып, шын көңілмен, бар ықласын аударып, махаббат тұтуды керек етеді: «Отызыншы сөзінде» Абай:

«Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат (құлшылық Х. С.) орнына бармайды» дейді.

Абай өзінің бірнеше сөздерінде дін, құдай мәселелерін осылай сөз қылады.

Осы «Қырық бесінші сөзінде» Абай: «Құдай табарақа уатағаланың барлығының үлкен дәлелі, неше мың жыл

¹ Абайдың толық жыйнағы, 371 бет.

дан бері әркім әртүрлі қып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі (401 б.), — дейді. Сондықтан да Абай оны құрмет тұтып, құмарта нануды керек дейміз деп тынады. Бұдан кейін, Абай құдайдың барлығына өзі күмән келтірместен оған құлшылық етудің жаңа жолын ұсынады. Ол жолы Л. Толстойдың құдай туралы ойы мен оған махаабатпен құлшылық етуді керек қылатын талаптарына ұқсас келіп жатады.

«Адам баласына адам баласының бәрі дос. Не үшін десең, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпін, екі дүниенің жақсылығына рахатын бәрі бірдей екен» (364 бет, 34—сөз). Немесе өлеңіндегі мына сөзі:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты
Сен де сүй, ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп,
Және «хақ жолы осы» деп ғадаләтті».

Абайдың бұл пікірлері Л. Н. Толстойдың діни оқумен, дінге көзқарасымен тікелей байланысып, кей жерде үндес келіп жатады. Толстойдың «... Біз құдайға құлшылық ете білмейміз, өзіміз үшін тұрмыс шегіп, өзімізді асыраймыз... Құдай дегеніміз — махаббат... Кім сүймесе, ол құдайды білмейді. Құдайға және адамға алтынмен емес, еңбекпен қызмет ет... Бірінді бірін сүйіндер, ағайындар»,¹ деген пікірлері Абай сөздерін оқығанда еске еріксіз түседі.

Абай мен Толстойдың махаббатқа беретін мына түсініктері біріне бірі тіпті жақын. Абай: «Махаббат әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселерден; талап ұғым махаббаттан шығады»² — десе, Толстой махаббатты ақыл иесі адамның қымбат қасиеті деп санайды. Ол: «Махаббат деген адамның бірден бір саналы жұмысы»³ дейді. Бұл пікірге Абайдың мына сөзі де ұқсас келеді: «Адамшылықтың алды: махаббат, ғаделет, сезім... Бұл ғаделет, махаббат, сезім кімде көп болса, ол кісі — ғалім, сол ақыл» дейді.

Хрестьян дін иелерін сынаған Толстой сыяқты, Абай да ғылымсыз соқыр табынуға қарсы шығып, басындағы

¹ Соч. гр. Л. Н. Толстого. ч. II, изд. II, М. 1902. 108.

² Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйнағы, 1945, 376 бет.

³ Соч. гр. Л. Н. Толстого, ч. II, М, 1903.

сәлдесіне маз боп, білімсіз ораза намаз оқыуды, т. б. ислам дінінің иман шарттарын орындауды сынайды. «Кімдекім,— дейді Абай,— иманның неше нәрсе білэн камалат (жетілу Х. С.) табатындығын білмей, қанша жерден бұзылатынын білмей басына шалма орап, бірэдәр атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге: қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды»¹.

Иманды дүниеге сатып, ақты қарадан ант етуші дін иелерін көрсетіп, олардың ішкі сырын да ашып отырады. Мысалы: «Он үшінші сөзінде» Абай: «Иманы бар деуге ғылымы жоқ, тақлиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты кара деп, я қараны ақ деп, я өтрікті шын деп ант етуғын кісіні не дейміз?»²

Бұған карағанда, Абай Л. Толстойдың тек гуманистік, реалистік озық дәстүрлерін ғана қабылдап қоймай, соған қоса, кейде Толстой пікіріндегі діни қайшы түсініктерге де, лесіп кетіп отырғанға ұқсайды.

Ол құдай бар деп ұкса да, оған өзгеше жолмен құлшылық етуді керек қылады. Сондықтан Абай: құдай, иман, мақшар, тамық, жұмақ т. б. діни ережелі сөздерді мүлде өзгеше талқылайды. Кезіндегі түсініктерге батыл сындар айтады. Сөйтіп, кей жерде, Абай құдайды жақтай отырып та, дінге қарсы шығып кетеді. Өзінше ережелер де ұсынады. Мысалы:

Абайша, «иман» деген «ұят» деген сөз. Ұятсыз, білімсіз адам имансыз (Отыз алтыншы сөз. 366 бетті қараныз). Бұдан кейін, Абай дін жолының басқа түсініктеріне де сын айтып, мақшардың жайларын әңгіме етеді. Жұмақ, тамық туралы ұғымдарға тоқтайды.

Абай бұл мәселелерді де дін қағидасынан басқаша, өзінше түсіндіреді. Кейде оған мүлде қарсы шығып, өзінің ол сөзге сенбейтінін ашық айтады. Абайша «құдайға» илану жолы — сол кездегі дін жолын ұстау емес. Ол мұсылман діні жолына қарсы, ол жолмен құлшылық етуден бас тартады. Өзінің жолын ұсынады. Ол шын ниетпен, алланың өзіне ғашық болу. Абай, сондықтан да, кезіндегі діни түсінікті сынап, оның надан ишандарына қарсы шығады. «Отыз төртінші сөзінде»: «Һәмманы жаратқан кү-

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 334 бет. (Он екінші сөзінен).

² Сонда, 335 бет.

дай бар, ақиретте сұрау алады: жамандыққа жазғырады. Жазғыруы да, жарылқауы да пенде ісіне ұсамайды дейді. Жок, онысына мен сенбеймін: олар сендік десе де, анық ақиқат көзі жетіп, ден қойып ұйып сенбейді. Ол екеуіне анық сенген кісіге уайым жеп не керек?» — дейді.

Бұл — Абайдың дінге көзқарасының өзгере бастағанын, оған сенбеуге дейін көтерілгенін көрсететін сөздер. Осы сыяқты батыл сын, күмән, қарсылықтар Абайдың басқа сөзінен де айқын көрініп жатады. «Он екінші сөзінде»: «Кімде кім жақсы, жаман ғибадат (кұлшылық — Х. С.) қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жок қой дейміз», — дейді¹.

Абайдың дінге наразылығын әсіресе молда ишандарға қарсы шығуынан байқауға болады. Абай білім иесі хакімдерді (ғалімдерді — С. Х.) аса жоғары бағалап, молдаларды олардан мүлде өзге, оларға қарсы адамдар деп санайды. Бұлар, молда-ишандар ғылымның да адамшылықтың да жауы деп, халықты олардан сақ болуға шақырады.

«Молдалар тұра тұрсын, хұсусән (әсіресе — Х. С.) бұл заманның ишандарына бек сақ болындар. Олар фитнай (бүлдіруші — Х. С.) ғалім; бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хукім шарифатты таза білмейді; көбі надан болады... Бұлар адам азғырушылар, хәтта дінге де залалды. Бұлардың сүйенгені надандар, сөйлегені жалған, дәлелдері тасбығы менен сәлдесі, одан басқа еш нәрсе жок»², — дейді Абай.

Бұл адамдар құдайдан да, адамшылықтан да сый көре алмайды. Ақиретке барғанда да бұларды дүние үшін болғандарға қосып, өздерінің құлқыны үшін қылған істеріне тамық жазасын берер дегенді айтады. «Отыз бесінші сөзінде»: «Сендер дүниеде: қажеке, молда еке, сопы еке, мырза еке, батыр еке» аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниен мұнда жок... Енді мұнда құрмет алмақ түгіл сұрау беріндер, мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарынды, өмірлерінді бетіне ақиретті ұстап, ден ниетін дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылындар» деп айтар дейді.

Абайша, құдай жолына қызмет еткенде адам шетінен

¹ Сонда, 334 бет.

² Сонда, 334-бет, (Отыз сегізінші сөз).

әулиелік құрып, өмірден, дүниеден безуге тиісті емес. Адамшылықтың артықшылығы дінішілдікте, әулиешілікте емес, еңбекте, тірлікте, саналы бақытты, ғаділ өмірде деп түсінеді. «Отыз сегізінші сөзінде»: «Бенделіктің толықтығы әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады. Киімді кім тоқыйды. Астықты кім егеді» дейді. Немесе: «...Қасиет қажылықта емес, адамдықта... Он рет қажыға барып келгеннен, халыққа пайдаң тисе — бұл қасиетті»* — дейді Абай, қажыға барып, құрмет алмақ болған адамдарға.

Бұл арада Абай дін ережесінің адамды тағдырға сөзсіз бас июді керек ететін ең зиянды, ақылға теріс ұғымдарына қарсы шығып, оның түсінігінен елді аулақ ұстап отыр.

Абай өзінің «Он үшінші сөзінде»: «Құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пәндінің жүзі құрсын» деп, құдайдың жазасы, тамығы зұлымдарға, зорлықшы, адамшылыққа қарсы іс істегендерге арналған болу керек, құдай оларға кешірім беруге тиіс емес» — дейді.

Міні, Абайдың діни пікірлерінің өзі өзгеше, исламшылықтың кертартпа парыздарына қарсы келіп жатады.

Абайдың діни ұғымы бір беткей емес. Абай құдайды мойындағанмен, оның жолын берік ұстамайды. Оны сынға алып, тіл тигізіп, кейде қарсы шығып та отырды. Діни ұғымдары да моралистік, ағартушылық ойларымен ұштасып жатады. Дінді сыпай отырып, дін иелерімен айтысады; сүйтеді де өзі құдайға махаббат көрсетуді керек етеді.

Абай «Жыйырма сегізінші сөзінде» мұсылмандарға: «Сіздер айтасыздар: бәрі құдай тағаланың бұйрығынша болатын іс деп». «Жә олай болса, біз құдай тағаланы ғайыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп, иман келтіріп едік, енді құдай тағала бір ант ұрғанға, еңбексізге мал береді екен; кейбір құдайдан тілеп, еңбек қылып ізденген кісінің еңбегін жандырмай қатын-баласын жөндеп асырарлық қылмай, кедей қылады екен: бір залалсыз момынды ауру қылып қор қылады екен. Кейбір ұры, залымның денін сау қылады екен... Осының бәрі құдай тағаланың ғайыпсыз,

* 1947 ж. экспедицияда жазып алынған материалдан. ҚазССР ғылым. Акад. архивының қолжазба қорынан.

мінсіз... әділдігіне лайық келе ме?.. Әлде оны ғайыпты болады дей алмаймыз... Құдай тағаланың ғайыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ, айтуға бата алмаймыз дегенін емес пе?» дейді.

Бұл — Абайдың құдайға күмәндік білдіріп, дін туралы түсінігінің мүлде өзгере бастағанын көрсететін сөз. Сонымен бірге тағдырға бас иіп, «бәрі құдайдан» деп талап-сыздыққа салынушылыққа қарсы айтылған, өз кезі үшін мәні зор жаңа ұғым, фанатизмге қарсы озық пікір.

Абайдың қарасөздеріндегі діни ұғымдар осы көрсетілген көлемге келеді. Өлеңдерінде де Абай осы сыяқты қайшылықтарға жиі кездесіп отырады. Бір өлеңінде «құдайдың өзі де рас, сөзі де рас» (252 бет) десе, екінші бір өлеңінде («Күнді уақыт итеріп» деген өлеңі) дінге қарсы пікір, аллаға мысқыл айтады. Мысалы:

«Көкке бақтым, «алла» деп,
Тамаша етіп күдіретін.
Рахматы оның онда көп.
Бізге түк жоқ тиетін.
Көрдім артық бір сені,
Рахматынан аллауың»,—

дейді. (246 бет).

Бұған қарағанда, дін мәселесінде Абай еркін ойлы деистерге¹ ұқсайды. Солар сыяқты құдайды жалпы мойындайды да, оның парыздары мен схоластикалық догмалық түсініктеріне қарсы шығады. Құдайды Абай шартты түрде ұғып, оны адамның көңілі, жоғары моральдық шартты деп біледі. Қазақтың кертартпа дінішілдерін қатты сынап, олардың зұлымдықтарын, надандықтарын әшкерелейді.

Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде, дін ұғымының қалай пайда болатынына және қазақ діндерінің тарихына көңіл аударып, ғылыми пікірлер айтады. Абай, осы мақаласында, адам не нәрсеге көзі жетіп, әбден білмесе, соны құдай тұтып жүрмекші — деп мүлде жаңа және ғылыми дұрыс пікір айтады. Қазақтың «әлімсақтан бері мұсылманбыз» деген білместіктен айтқан сөзіне қарсы шығып, Абай, қазақтың әуелі шаман дінінде болғанын айтып, не көрсе соған табынып, от, суды құдай тұтып жүргенін ескертеді. Ол

¹ Деизм (латынша құдай) — жаратушы құдайды мойындайтын ілім. Бірақ, оның діни түсініктеріне қарсы, әлемді табиғат заңы деп біледі.

қазақтың «Дүниеде не нәрсенің себебіне көзі жетпесе, сол нәрсені «құдай қылып тұр» деп, дін тұтынатуғын әдеттерінің сарқынын бізде кей жерде көргеніміз бар» дейді; бұған қазақтың «от ана, май ана жарылқа!» дейтін әдетін және «өлген аруаққа арнадық» деп шырақ жағу әдеттерін мысал ретінде көрсетеді. Бұл әдеттерді Абай шаман діннің қалдығы деп дұрыс түсіндіреді.¹ Бұдан кейін, Абай Орта Азияға, қазақ жеріне ислам дінінің келуін сөз қылады.

«Орта Азияға діні исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге күшпен қаратып жүрген кісінің бірі Кутаева деген кісі болған»,²— дейді.

Сөйтіп, Абай ислам дінінің келу жайын әңгімелейді. Күшпен келген діннің елге әбден сіңіп кетпегенін айтып, ол діннен арылу жайын сөз етеді.³

Қорықанда, Абайдың ғылым, өнер білімді — қоғамды, өмірді өзгертетін негізгі күштен санауы, дінінен қол үзбей, жақтап отыруы, кейде жан мен тәнді екі ұшты түсініп дуализмге ұрынуы, санашылдық сарындары, кейде құдайды тануға болмайды, ол өлшеусіз, адам ақылы өлшеулі деуі — оның көзқарасындағы қайшылықтар.

Ф. Энгельстің Гетенің ішкі қайшылықтары мен діни түсініктері туралы айқын пікірін Абайға да айтуға болады. Ол: «И Гете был не в силах победить немецкое убожество; напротив, оно побеждает его. И эта победа убожества... над величайшим немцем является лучшим доказательством того, что «изнутри» его вообще нельзя победить...»,⁴ деген болатын.

В. И. Ленин Л. Толстойдың творчествосына баға бергенде, оның санасындағы қайшылықтардың бәрін ашып, күшті жері мен осал жақтарын толық көрсетті. Оның қоғамдағы алуан түрлі жалғандықты сынап, ұлы суретші болғанын, сонымен, бірге, «зұлымдыққа қарсы шықпауды» талап еткен дін үгітшісі болғанын атап айтты.

Абай да — осы Гете, Толстой сыяқты, көп қателескен

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. II том, 1940, 249, 250 беттер.

² Сонда.

³ Дін мәселесінде сын айтуда Абай жалғыз болған жоқ. XIX ғасырдағы қазақ демократтары—Шокан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин сол діннің қараңғылық қамауынан құтқаруда оқу, өнер білімінің ролін көрсеткенді. Екеуі де фанатизмге қарсы күрескен адамдар. Абай да солар жолындағы демократ. Бұлардың дін туралы ұғымдары өзектес.

⁴ Қ. Маркс и Ф. Энгельс. Соч. т. V, стр. 142—143.

жазушы. Іздену жолында Абай діни мистикамен де, түрлі бағыттағы философиямен де, оқулармен де кездесті. Абай біреудің ығында қалып қойған жоқ. Өзінің өсуіне, елінің ілгері басуына керекті пікір қазынасын, ой сарасын жыйнап ала білді.

* * *

Абайдың қарасөздері ақын творчествосының мол сарасы, құнды мұра. Олар Абайдың өлеңдерімен мазмұндас, идеялас болып келеді, соларды толықтырып жатады.

Абайдың өлеңдерін туғызған тарихи әлеуметтік жағдайлар қарасөзінің тууына да себеп болды. Абай өлеңдерінде де, қарасөздерінде де бір мақсатты көздеді: өмір шындығын, халықтың арманын жырлады, оның камын ойлады. Ол өзі айтқандай: «Қыранша қарап Қырымға, мұң мен зарды қолға алды. Кектеніп надан зұлымға шыйыошық атты, толғанды».¹

Абай қарасөздерінде де үлкен оптимист ретінде танытты. Ол «артқа алаң болмай»², батыл ілгері басуды жақтайды. Қазак халқы мен орыс халқының достығын ансады. Қарасөзінде де Абай әрі өткір сыншы, әрі ақылшы, әрі терең ойшыл, әрі өткір тіл, шешен сөз иесі болып көрінді.

Абай дүниені тануға болатын құбылыс деп түсінді. Оны білгізетін ғылым, білім тәжірибе екенін көрсетті. Дүниенің дамылсыз өзгеріп тұратын құбылыс екенін таныды. Өмірдегі зұлымдықтың да жойылуы заңды деген қортындыға келді.

Бірақ, қоғамның өмірдің өзгеру жолын, революциялық әдістерін түсіне алмады. Өзінің кейбір озық ойларын жеріне жеткізіп, тыянақтай алмады. Дін иелерін дұрыс сынап отырып, фанатизмге қарсы күресе жүріп, оның шырмауынан әбден арылып шыға алмады, жаратушы бар деген түсініктен құтыла алмады. Сондықтан да ойшыл Абайдың пікірлері тұрақты, қалыптасқан философиялық дәрежеге жете алмады.

Абайдың саяси-әлеуметтік, философиялық көзқарастарының қалыптасуына орыс ағартушыларының, революцияшыл-демократтарының әсері ерекше болды. Бірақ Абай

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйнағы. 1945, 179 бет.

² Бұда сонда, 331 бет.

олардың дәрежесіне жете алған жоқ. Әрине, бұл үшін Абайды кінгалауға болмайды.

Абай орыстың XIX — ғасырдағы ағартушыларының шәкірті, солардың идеясын қазақ даласында таратушы. Сонымен бірге оның пікірінде сол ағартушыларға тән пікір қайшылығы, жетіспеген ұғымдар да көп болады.

«Ағартушылар,— дейді В. И. Ленин,— өздерінің айырықша көңіл бөлерлік нәрсесі ретінде халықтың бірде-бір тобын жекелеп алып қараған емес, бұлар тек жалпы халық туралы ғана емес, тіпті керек десе жалпы ұлт туралы сөз қылды».¹

Абайдың, сондай-ақ қазақтың өткен ғасырдағы басқа да ағартушы-демократтарының еңбегіне баға бергенде, талдау жасағанда Ленинің бұл пікірін әрдайым есте ұстау қажет.

IV тарау

АБАЙ ПРОЗАСЫНЫҢ ТҮР, СТИЛЬ, ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

I

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының тағдыры ұлы орыс халқымен байланысты. Россияның прогрессивтік әсері қазақтың саяси-шаруашылық тұрмысынан да, қоғамдық санасынан да, бұқарашыл әдебиет саласынан да көрініп отырды.

Орыс әдебиетінің тікелей әсерімен қазақтың жаңа бағыттағы жазба әдебиеті қалыптасты. Қазақ әдебиеті мазмұн жағынан да, түр жағынан да байыды. Әсіресе, қазақ поэзиясы жаңа мазмұн мен соны түрлерге не болды. Бұл әсіресе Абай поэзиясынан айқын көрінді.

Сонымен бірге, орыс әдебиеті арқылы қазақ жазба әдебиетіне шағын проза түрлері де ене бастады. Ыбрай Алтынсарин қазақтың алғашқы көркем прозасының шағын түрлерін жасады. Оның прозасы тәлім-тәрбие мақсатын көздеген новелла, өнегелі мысал сөз, қызғылықты әңгіме болып келеді.

Бірақ, қазақ прозасын туғызуда Ы. Алтынсарин жал-

¹ В. И. Ленин. Шығ, 2 том, 582 бет.

ғыз болған жоқ. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев та прозаға көңіл бөліп, бұл салада да қалам тартты.

Абайдың қарасөзге көңіл бөлуі кездейсоқ іс емес, немесе оның тек жазғысы келгендігі де емес, ол белгілі жағдайда керекті, заңды бетбұрыс еді. Таланттың өзін туғызатын тарихи әлеуметтік жағдай, халықтың қалың ортасының тілегі болса, оның алуан түрлі творчествосының қайнар бұлағы да содан басталады.

Ойын, алуан түрлі жаңа пікірлерін, өмір тәжірибесі мен

Өмір насихатшысы, оқытушы — Абай өзінің терең ұшқыр қыял жемістерін толық ақтарып халқының алдына тартуды көздеді.

«Көңліндегі көрікті ойдың өңін қашырмай» халыққа жеткізу — насихатшы Абайдың негізгі тілегі болды. Өнерге қалдыру, ақыл айту Абайды көп іздендіріп, көп толғандырды. Абай өзінің көңліндегі терең сырларын, арман-ойларын түгел баяндау үшін тек жалғыз өлең — поэзия түрі жеткіліксіз деп білді. Сөйтіп, ол қарасөз жанрына да көңіл бөлді.

Бірақ, Абай алдында әзір тұрған проза үлгісі қазақ әдебиетінде болған жоқ. Бұрынғы ауыз әдебиетіндегі тақпақ, ертегі, аңыз әңгіме түрлері де, билер сөздері де Абайға үлгі бола алмады. Абай «Ескі бише отырман бос мақалдап» деп қазақтың ескі билерінің түр қуған бос сөздеріне сын айтып, оған қарсы шықты. Өзіп олардан алуан ұстады. Абай сөзіне халықтық терең идея, көркем түр бере түзеп, тыңдаушыларын да түзелуге шақырып отырды. Абай қандай шығарма жазбасын бәрінен де түр қуаламай, мазмұнға ерекше мән беріп отырды. Сондықтан да Абай шығармаларының түрі мен мазмұны терең қабысты.

Абай өзінің өлеңдерінде саяси-әлеуметтік лирика, өткіп мысал, әділ сын ретіндегі лирика, табиғат, көңіл күй лирикасын, лириканың жаңа түрлерін қолданды. Осылайша Абай қазақ поэзиясын түр жағынан жетілдірді және биікке көтерді.

Сондай-ақ, Абай қазақ әдебиетінің тәжірибесіне ал сіңбеген прозалық түрлерді енгізу үшін де алғаш рет бағытты қадамдар жасады. Ол өз кезіне лапық, жаттап алуға, ойға салып, тәлім алуға мүмкіндігі мол қарасөз түрін тапты. Сол сөздер арқылы Абай өлеңдерінен көзге алып алуан түрлі жаңа пікірлерін, ішін кернеген ой толғауларын жазып қалдырды. Келешектің көрегіне жараяндық өсиет сөз, кезіне керекті насихат сөз, жас буынға ой са-

ларлық ғақыл, өмір ережесі етіп тұтарлық нақыл сөз айтты берді.

«Ақыры ойладым:— дейді Абай,— осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағазбен қара сыяны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті тапса, жазып алсын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ»¹.

Осы ойға белін бекем буып, жазуға кіріскен Абай, өзінің көтерген мәселесін ұзақ желіге құрып, оқыйға арқылы суреттеуді мақсат қылмайды. Ол өзінің айтпақ болған ойларын, өлеңдерінде көтерген мәселелерін көлемі шағын, мазмұны бай, сөзі орамды, тілі өткір қарасөздер арқылы әңгімелеп береді.

Проф. М. Әуезов Абай прозасы туралы былай дейді:

«Жалпы алғанда, Абайдың осы қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның — өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі мемуар да емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе, адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді».

Проф. М. Әуезовтың айтқанындай, «жалпы алғанда» бұл пікір дұрыс. Бірақ, бұл пікірде көлісуге келіңкіремейтін бір жалпы айтылған ұғым бар. Ол Абайдың қарасөздерінің бәрі бірдей «өзіндік түр, өзіне бөлек көркем проза» өсиет толғау тәрізді» деп қараушылық.

Біздіңше, бұл Абай сөздерінің көпшілігіне ортақ мазмұны мен стилльдік өзгешелігіне қарай айтылған пікір болса керек. Әйтпесе, әдеби шығарма болғасын оның белгілі бір жанрға жатпауы мүмкін емес. Қантай шығарма болсын — ол белгілі бір әдеби жанрдың біріне жатуға тиіс.

Біздіңше, «өзіндік жанр» деген түр. «Абайлық проза» деген қалыптасқан проза әдебиет тарихында жоқ. Сондай-ақ, Абай сөзінің бәрі өсиет толғау да емес. Олар алуан түрлі болып келеді. Және Абай қолданған проза түрінің біркелкісі әдебиетте ертеден белгілі бар түрлер.

Абайдың прозасы туралы басқа да толып жатқан пікірлер бар. Олардың біразын келтірейік.

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн. 1945, 316 бет.

Мысалы, кейбір зерттеушілер Абай прозасының бәрін де публистикаға жатқызады.

Доц. Б. Кенжебаев: «Абайдың қарасөздерінің басым көпшілігі сын, сықақ жөнімен сюжетсіз жазылған көркем әңгіме, басқаша айтқанда көркем проза, көркем публицистика»¹ дейді.

Жазушы С. Мұқанов: «XIX ғасырдағы қазақ жазба әдебиетінің классигі А. Құнанбаев та проза үшін қызмет етті. Бірақ оның прозасы ғылым-тарих ретінде, мәдени-мінез, тәрбиелік трактат немесе прозалық афоризм»² дейді.

М. С. Сильченко Абайды ірі прозашы деп атай келіп, «оның изречения — факлия қарасөздері очерктер түрінде келіп отырады»³ — дейді.

Дұрысында, Абайдың қарасөздерінің бәрін бір алып карап, бәріне ортақ прозаның біртүрін атауға болмайды. Оларды прозаның біртүріне жатқызуға келмейді. Сондай-ақ Абайдың қарасөздерін бір атпен атап, не факлия, не изречение, не әңгіме т. б. деуге де болмайды. Рас, әр сөзі-не бөлек, мазмұнына қарай не бастапқы сөзіне сай (әлендеріне қойған ат сыяқты етіп) ат тауға болады. Бәрін «қарасөз» демей, әр сөзін бөлек аттармен атаса, өте ыңғайлы болар еді. Абайдың өзі тек біреу өлеңі мен біреу сөзіне ғана ат қойған да, өзгесіне ат қоймаған. Көшінушілер бірінен бірін айырып отыру үшін ғана номерлей салған. Сол номерлеуімен қабылдай беруіміз, біздіңше, жөнсіз. Егер бәрін бір атпен атаса, бір шығарма деген мән бермейтін «Абайдың прозалары» деп атау жөн болар еді. Ал, осы күнгі «факлия» деп атаушылық дұрыс болмайты⁴. Абай өзі тек бір ғана сөзін (38-сөзін) «факлия» деп атағанын, өзгесі факлия деген атқа жауап бере алмайтынын біз жоғарыда ескерттік.

Қазіргі қолданып жүрген мағнасында проза жанры, әуелі, екі үлкен салаға бөлінеді: көркем проза, жай проза деп аталады. Онан кейін, прозаның бұл саласының әрқайсысы бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, көркем прозаны алсақ, оның көлемді түрі және шағын түрі болады: көлем-

¹ «Социалистік Қазақстан» газеті. № 168 15 август. 1945 жыл.

² Жур. «Литература и искусство Казахстана», № 10, 1939 год. стр. 106

³ М. С. Сильченко, Абай, КазОГИЗ. А. 1945. 96 б-т.

⁴ М. С. Сильченко «Факлия» деп атап жүр, басқа да атаушылар көп.

ді түріне роман, повесть, т. б. жатады; шағын түріне расказ, очерк, новелла, т. б. жатады. Жай прозаның да түрлері көп: публицистика (публицистиканың өзі бірнеше формада келеді — мақала, заметке, памфлет, т. б.), философия, ғылыми еңбек (трактат, беседа, рассуждение, дидактика), поучение (проповедь, слово, притчи, т. б.).

Абайдың сөздерінде прозаның осы айтылған жанр-түрлерінің көбінің ізі, элементі бар. Мысалы, оның ішінде ғақлия да, нақыл сөздер де, ғылыми мақала да, трактат та, өткір сып, мысқыл ретінде келетін сатиралық әңгіме де, адамгершілік өсиеттер де, публицистикалық насихат түрлері де, шешендік әңгіме-кенестері де бар. Абайдың қарасөздерінде оқыйғалы сюжетке құрылған көлемді, көркем проза түрлерінен басқа шағын көлемдегі жай прозаның ертеден мәлім түрлерінің бірқатары бар деуге болады.

Қысқасы, біз: 1) Абайдың қарасөздерін негізінен жай проза деп атау керек: өйткені, өлең нормасына түспеген, жай сөзбен жазылған шығармасын басқаша атау мүмкін де емес, 2) Абайдың қарасөздерінде прозаның мынадай түрлері бар деп білу керек демекпіз:

1. **Ө с и е т ғ а қ л и я** (поучительное рассуждение). Бұған Абайдың адамгершілік, мораль мінез-құлық туралы мысал жөнімен келетін өсиет сөздері және діни ғибрат ретінде жазылған біраз сөзі жатады. Олар: «Он үшінші», «жыйырма сегізінші», «отыз сегізінші» сөздері деуге болады.

Абай өсиет, ғақлияны тек түр ретінде өз мақсатына сай, жаңа мазмұн бере отырып пайдаланған. Бұл Абайдың ағартушы, насихатшылық талабына, өнеге, ақыл айтып кету арманына сай келген. Сондықтан оны түр ретінде пайдаланудан қашпаған.

2. **Т а с т и к** (утверждение) ретінде келетін философиялық т р а к т а т. Бұған Абайдың философиялық ойларын, дүниеге көзқарастарын білдіретін, ғылыми пікірлер айтқан сөздері жатады. Мысалы, «Жетінші сөз», «Он жетінші сөз», «Қырық үшінші сөз», «Қырық бесінші сөз».

Бұдан басқа «Жыйырма жетінші сөзі» мен «Отыз сегізінші сөзі» де трактат үлгісіне ұқсап жатады. Бірақ олар да ой беру, мазмұн жағынан жақындық болса да түр жағы алшағырақ келеді. Сондықтан бұл сөздерді өсиет ретінде кенес сөз үлгісіне (поучение, беседа формасына) жатқызулы жөн санадық.

3. **Н а қ ы л, т ұ с п а л с ө з** (афоризм, изречение).

Абайдың өлендерінде де, қарасөздерінде де тауып айтқан, тұжырымды, үлгілі, тұспал сөздер көп. Қарасөздерінің ішінде «Отыз жетінші сөз» деп аталып жүрген сөзі түгелдей афоризм (23 афористік сөз). Абайдың бұдан өзге де афоризмдері көп. Олар әр жерде шашылып жатыр, өлеңінде де, қарасөздерінде де, әркімнің еске алған сөздерінде де кездеседі.

Мысалы: «Сакалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық», «Дүние бір қалыпта тұрмайды, адамның қуаты бір қалыпта тұрмайды. Енді көңіл қайдан бір қалыпта тұра алады» (20-сөз). Осылайша ол тұспал сөзбен ақыл айтып, тұжырымды ой беріп, әдебиетте тұспал, мақал сөз формасын дамытты.

4. Кеңес, әңгіме (беседа), дидактикалық насихат (назидание). Бұған Абайдың сөйлеу, әңгімелесу ретіндегі жазған сөздері жатады. Абай кейде екі адамды, не адам мүшелерін сөйлестіріп, кеңестіреді. Кейде өзі тыңдаушысымен не өз ойымен кеңесіп отырады. Біреуге қарата сөйлеп, жауап күтеді, не өзі екінші кісінің сөзін беріп отырады. Жауабы өз өзінен түсінікті сұраулар тастайды. Абайдың мұндай сөздері: төртінші, бесінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он екінші, он алтыншы, он тоғызыншы, жыйырмасыншы, жыйырма бесінші, жыйырма жетінші, отыз бірінші, отыз екінші, қыркыншы сөздері деуге болады.

5. Публицистика. Бұған Абайдың бірінші, екінші, үшінші, он төртінші, жыйырма төртінші, жыйырма алтыншы, жыйырма тоғызыншы, отыз үшінші, қырық бірінші, қырық екінші сөздері және «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» мақаласы жатады.

Публицистика — прозаның мезгілді баспасөздің шығуына байланысты пайда болған, жай түрі. Онда саяси-әлеуметтік мәселелер, мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар жайлар сөз болып отырады. Ел өмірі сыналады. Сондай-ақ, кейде ғылымдық мәселелер көтеріліп отырады. Осы, көтерілген мәселесінің характеріне, баяндау ерекшелігіне қарай публицистика бірнеше түрге бөлінеді. Олар мақала, заметка, фельетон, памфлет, рецензия, үндеу (обращение, воззвание, прокламация) хат, еске алу, күнделік, мемуар т. б. болады. Абайдан сол публицистиканың бірнеше түрлерін кездестіруге болады. Мысалы:

а) Абайдың екінші, үшінші, бесінші, тоғызыншы, қырық екінші сөздері мен «Біраз сөз қазақтың қайдан шық-

каны туралы» деген сөздері — мақала ретінде жазылған публицистикалық еңбек. Онда Абай алуан түрлі қоғамдық саяси-әлеуметтік, ғылымдық мәселелерді қозғайды. Бұл сөздердің мақалалық сыйпаты айқын байқалады.

б) Абайдың публицистикасының енді бір бөлегі өткір сын — мысқыл, сатира ретінде келіп жатады. Қазақтың болыс, билерін, байларын келеке еткен сөздері, елдегі қырсыздық, еңбексіздік, надандық, діншілдік, т. б. жағымсыз істерді сынай сөйлеген: алтыншы, он төртінші, жыйырма тоғызыншы, отыз тоғызыншы, он бірінші, жыйырма екінші, қырық бірінші сөздері осы публицистиканың сын-сатиралық түріне жатады. Бұл сөздерді, Абай публицистикасының памфлет түрі деп атауға келеді. Себебі, памфлетте ирониялы күлкінің, сатираның элементтері басым болады. Памфлет адамшылыққа дұшпан, жат қылықтарды мұқату, халықты оған қарсы қою, жақсылыққа шақыру мақсатын көздейтін публицистика. Абайдың, әсіресе, алтыншы, он бірінші, жыйырма екінші, қырық бірінші сөздері памфлетке ұқсайды.

в) Абайдың бірер сөзі. («Бірінші сөз») мемуарлық сыйпатта. Мұнда Абай өз жайын, ойын, арманын, талаптарын айтып отырады.

Қысқасы, бұл сөздері арқылы, Абай өз кезінің ірі бұқарашыл публицисі болды. Ол қазақ жазба әдебиетінде публицистикалық прозаны туғызады. Абай публицистикасы өз кезінің келелі мәселелерін көтерді. Феодалдық қоғамға қарсы, оның салт-санасына қарсы, надандықтың ошағы дін иелерінің (молда, ишан) зұлымдық әрекеттерін, елдегі өрескел әдет-ғұрыпты сынады: орыс халқы мен бірлікке, достыққа үндеді; демек, өнер-білімге, бақытты тұрмысқа шақырды.

б. Көркем прозалық элементтері бар сөздері. Бұған Абайдың он бесінші, он жетінші, он сегізінші, жыйырма бірінші, жыйырма үшінші, жыйырма жетінші, отызыншы, отыз бесінші, отыз алтыншы, қырық төртінші сөздері жатады. Бұл сөздердің көркем сөздік дерегі элементі басым. Әсіресе, мінезсіз адамдардың (кербез, мақтаншак) бейнесін көрсету жағынан айқын танылады. Кейбіреулері диалогті әңгіме ретінде көрінеді. Көпшілігі автордың атынан айтылады. Ақыл айтып, кенес жасау, толғай сөйлеу (рассуждение) ретінде көрінеді. Бәрі де сюжетсіз, белгілі бір ойды ғана білдірерлік шебер сөздер деп есептеледі. Абайдың басқа сөздерінен ерекше түсетін бұл

(фрагмент) ретінде келетін романтикалық шағын прозаның өкілі еді.

Абайдың прозасы — өмір прозасы. Ол объективтік прозаның, терең ой, зор мазмұн прозасының өкілі, өмір фактыларын хабарлау әдісімен жазған публицистикалық насихат үлгілерін, дидактикалық әдебиеттің шағын, жай проза түрлерін туғызушы.

А. С. Пушкин проза жазуда әуелі күнделік, сын заметка, памфлеттер, қысқа запись түрлерін, афоризм, ой кезеңдерін және көргендерін тізіп жазу (наброски мыслей и наблюдений), хат трактат (трактование, как литературная данность) жазған. Содан кейін барып ұзақ проза (повествовательная проза), ең соңынан публицистика мен тарих туралы еңбек жазған. А. С. Пушкиннің бізге мәлім бірнеше памфлеттері де бар. («Феофиликта Косычкина», «Торжество дружбы», «Записка Видока», «Несколько слов о мизинце г. Булгарина»). Пушкиннің бұл шағын прозалары өз атынан жай әңгімеленіп (рассказчик) әңгімеші, кеңесші (собеседник) ретімен, кеңес сөз (беседа) сыяқты боп жазылған. Одан кейін ол беллетрист, сосын, зерттеуші болып көрініп отырған.

Абай да прозаны осы Пушкинше бастаған сыяқты. Бірақ, ол түрлі себептермен, Пушкинше ірі прозашы болып қалыптаса алмаған, көркем проза бере алмаған. Абай тек публицистикалық шағын, проза, өнеге-өсиет сөз, нақылдар мен кеңестер жазды. Бірақ, осы жай прозаларының өзі бұрынғы өсиеттерден өзгеше мазмұнда, өткір көркем тілмен жазылған жаңа идеядағы еңбек болып шықты. Қазақ әдебиетінде прозаның өсуіне жол ашты.

II

Абайдың қарасөздері тек жанры — прозалығы жағынан ғана емес, сонымен бірге ол өзінің тілі, стилі жағынан да аса маңызды.

Қандай шығарма болмасын ол белгілі бір стильде жазылады; одан жазушының творчестволық ерекшелігі көрініп жатады. Шығарманың идеялық мазмұны мен жекелік тіл формасы; т. б. алуан түрлі өзгешелік қасиеттері оның стилін танытады. Стильдің дұрыс шығуы, оның қарапайым, айқын болуы шығарманың құндылығын зорайтады. Сондықтан да, марксизм-ленинизм классиктері шеберлікке үндеген стиль мәселесіне ерекше көңіл бөліп отырды.

К. Маркс пен И. Сталиннің стиль туралы айтқан да-
тышпандық қағидаларына сүйене отырып, академнің
В. В. Виноградов: «Жазушының стилі — бұл өз «рухы-
ның» бетін көрсете білушілігі. Немесе оның көзқарасы,
оның творчестволық жекелігі, оның өмір шындығына бет-
алысы»¹. — дейді.

Осы тұрғыдан біз Абайдың творчестволық стилін то-
лық талдамаймыз. Тақырыбымызға сай, тек оның қара-
сөздерінің стиль өзгешелігін ғана сөз еткелі отырмыз.

Абайға дейінгі, Абай тұсындағы қазақ әдебиетінде
оған стильдік үлгі болғандай проза болған жоқ. Өйтке-
ні, қазақ арасында бұрыннан мәлім болған, Абай тұсында
шыққан бірен-саран кітаптар түгелімен қазаққа түсінік-
сіз арап, фарсы, шағатай тілдерде болатын; қазақша де-
ген аты болмаса, затында олар бастан-аяқ шұбар тілде,
діни, реакцияшыл идеядағы, мүлде өзге стильде жазылған
кітаптар болатын.

Осындай реакцияшыл әдебиетпен қабат, қазақ жеріне
прогрессивтік әсері күшті алдыңғы қатарлы, озық идея-
лы орыс әдебиеті де келді, Пушкин, Крылов шығармала-
ры қазақ тіліне аударылды, Шоқанның, Ыбрайдың, Абай-
дың творчестволық жұмысы осы соңғы әдебиеттің игілікті
әсерінің көрінісі болды.

Ф. Энгельс К. Маркске 1853 жылғы жазған бір ха-
ғында фарсы тілін, ол тілде жазылған әдебиеттерді сы-
найды, фарсы тілінтіл емес ойыншық секілді деп, фарсы
прозасының тым тілі кедей екенін ашып айтады:

«... Персидский язык не язык, а настоящая игрушка...»
Зато персидская проза убийственна. Например. «Ranzat-
us-safa». благородного Мирхонда, излагающего персид-
ский героический эпос очень образным, но совершенно
бессодержательным языком».²

Соңғы кезге дейін, зерттеуші жұртшылығымыздың
көпшілігі Абайды арап, фарсы әдебиетінен үлгі алды, шы-
ғыстан үйренді, соған еліктеді деп келді. Абай алғашқы
іздену кезеңінде шығыс әдебиетін оқып, әбден танысты.
Оның бойындағы бар сырты жалтырауық, ішкі мәңсіз
қасиетін таный білді. Ақынның сыншыл, талғампаз қабі-
леті талғамастан барлық шығыс атаулыны қабылдаған

¹ Вопросы литературоведения в свете трудов И. В. Сталина по
языкознанию. Изд. АН СССР М. 1951, стр. 14.

² Маркс, Энгельс об искусстве. Сборник, М. 1938, стр. 214—215.

жок. Ол молда, ишандардың ісіндегі надандықты, арамдықты көрсетіп қана қоймай, оның тіл бұзу әрекеттерін де сынға алды. Шығыстық ықпалдың болашақсыз, мәнсіз бетін, оның түрі жағынан да көре білді.

И. В. Сталин әр тілдің сөздік қоры мен грамматикалық құрылысының тұрақты болатынын айта келіп, «түрік ассимиляторлары жүз жылдары бойы балқан халықтарының тілдерін бүлдіруге, бұзуға құртуға тырысты»¹ деп жазады.

Сол сыяқты түрлі ықпалға түскен, бұзылып құруға бағытталған тілдердің бірі қазақ тілі болатын. Бірақ, қазақ тілі «оған төтеп беріп, аман қалды»². Қазақ тілінің де «грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры негізінде сақталып қалды»³ Абай осы сақталып келген қазақтың сөздік қоры мен грамматикалық құрылысын толық таныды. Оны бүлдіріп, бұзушылықтан сақтап, қорғап қалушының, ұстартып, ілгері дамытушының бірі болды.

Абай Шығысқа сын көзімен қарап, қазақ әдебиетінде алғаш рет шығыстан бас тартты, батысқа, орыс әдебиетіне бет алды. Ол өсе келе, орыстың алдыңғы қатарлы бұқарашыл идеясымен қаруланды. Сондықтан да ол кейін, «шығысым батыс болып кетті» деп, өзінің бет бұрысын өзі де атап көрсетті.

Абай өз кезіндегі қазақ ақындарына да сын көзімен қарады. Жаңа көзқарастағы, халықтық идеядағы Абай өз шығармаларының түрін де, тілін де, стилін де, мазмұнын да мүлде өзгеше құрды. Ол қазақтың өз тілін жоғары көтеріп, қалың бұқараның қарапайым сөзін жазба әдебиетке енгізді.

Сөйтіп, Абай қазақ әдебиетінде тек мазмұнға жаңалық енгізіп қоймай, сонымен бірге, стиль, тіл жағынан да үлкен реформа жасады.

Абай өз шығармаларын еңбекші халыққа өте түсінікті, көкейіне қонымды етіп жазды. Абай, өзінің қарасөздерінде мейлі алуан түрлі өмір мәселелерін жазсын, мейлі мінез-құлық, адамгершілік жайын айтсын, мейлі философиялы ойларын айтсын — бәрін де түсінікті қарапайым халық сөзімен беріп, ең жетімді, жеңіл орамға құрды.

¹ И. В. Сталин, Марксизм және тіл білімі мәселелері. Қаз. Мем-Бас. А. 1951, 22 бет.

² Бұда сонда.

³ Бұда сонда.

Абай қарасөздерінің стилі ескі діни феодалшыл әдебиеттен мүлде басқа.

Абай тілінің халықтық сыйпатын оның қолданған көптеген мақалалары және соның үлгісінде жазған тұспал сөздері, афоризм, мәтелдері айқындай түседі. Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде қазақтың 53-мақал-мәтелдері қолданылған. Абай олардың кейбіреулерін үлгілі сөз ретінде ұсынса, кейбіреулерін сынға алып, қайшы пікірлерінің бәрін ашып, халықты сақтандырып отырған.

Бірақ, бұған қарап, Абай сөздерінің стилін халық ауыз әдебиеті жасаған стильмен бір деп санауға болмайды. Себебі, Абайдың афоризмдері халық мақалдарының не шешендігінің тұспал сөзімен бір емес, олар мазмұн жағынан да, түрі жағынан да өзгеше болып, білімді, ірі ақыл иесі адамның шығармасына тән қасиеттерімен озық жатады.

Абайдың қарасөздері халық ауыз әдебиеті жасаған ертегі аңыз әңгімелерден де өзге, Ертегілік стиль үлгісінде Абай қолданбайды. Абай, «жөк-барды теріп, ертеқ жазуды ермек» еткен жөқ. Ол өнегелі сөз айту, үлгі беру үшін тіл ұстартты: «әсіре қызыл емес», «әзірет әлі айдаһарсыз» сөз айтты.

Абай сөздерінің стиль өзгешілігі де өзінен өзі пайда бола қалған жөқ. Ол да мазмұн өзгешелігі сыяқты белгілі бір әдебиеттің әсерінен пайда болған өзіндік стиль. Абай стилі — ойшы, сыншы, ғалым жазушыға тән өзгешелегі бар стиль.

Сонымен, біздіңше, Абай прозасының стилі шығыс әдебиетінен ауысып келген стиль де емес, қазақ ауыз әдебиетіндегі белгілі ертегілік стиль де емес, орыс әдебиетінің мазмұн әсерінен пайда болған жаңа стиль. Мәдениеті жоғары суретшінің терең ойлы толғауына сай, аса зор мазмұнға негізделген, өзіндік беті айқын, жаңа стиль болды. Себебі, Абай проза жазуға өз бетімен келді. Оның алдында жетілген ұлттық проза тәжірибесі болған жөқ. Ол өзі оқып білген, естіген жаңа ойларын қазақша қарапайым сөзбен, шағын көлемге сыйғызып баяндап отырды. Өз бетімен жазған еңбектің өзіндік беті де айқын болып отырды. Ол ерекшелік Абайдың барлық творчествосынан да көрінеді. Әсіресе, Абайдың қарасөздері өзіндік ерекшелікке толы.

Абай қандай шығарма жазбасын, бәрінде де мазмұнды бірінші орынға қойып, оған ерекше көңіл бөлген. Оның

қарасөздері көлемі шағын, сөз сөйлем жағы қысқа, пікір-жағы нұсқа болғандай, терең ойдың тілімен жазылған. Ол шағын прозаның қарапайым түрлерін тугызып, өмір шындығын асқан реалистікпен көрсетті. Ол қарасөздерін анық, дәл, қарапайым сөздермен қысқа, ықшам, нақты ой бергендей, ұғымға да жеңіл, түйдектелген түйінді сөйлеммен жазды. Оның барлық сөзіне ортақ бір стиль өзгешелігі байқалады.

Ал, әр сөзінің стильдік айырмасы түр өзгешелігіне қарай, бір стильдік жүйенің ішкі өзгешелігі ретінде көрінеді. Ол қасиеттерді Абай сөздерінің бәрінен де көруге болады. Абайдың қарасөздері өзінің тақырыбына не алдына қойған мақсатына, не түр өзгешелігіне қарай ерекше болып көрінеді. Әйтпесе, бәрінің де жалпы бағыты, баяндау әдісі бір беткей, бір стильдік жүйеде келіп отырады, өз кезінің қерегін сөйлеп, заман жайын қоғам өмірін баяндайды.

Абайдың кейбір публицистикалық (мақала, памфлет), сын, сықақ-сатира түріндегі қарасөздері сол түрге сай стильде келеді.

Белгілі мақсат көздеп отыратын шебер сөзді, терең ойлы афоризмдеріне қарама-қарсы Абайдың сын публицистика ретіндегі сөздері қатаң сөзді сатира стилінде келеді. Бұл сөздеріне тән ашуға толы зілді кекөсін де, қатаң интонация да бар. Ол памфлет ретіндегі сөздерінен айқын көрінеді. Абайдың мақала ретіндегі келетін сөздеріне тән стиль қысқа нақылы ой білдіретін, өткір сөзділік. Абайда поэтикалық стиль сөйлеу интонациясына қосылып, ойға бағынады.

Абайдың қарасөздерінің қалың көпшілігіне тән стильдік ерекшеліктердің бірі — лаконизм, яғни белгілі ойды қысқа, анық, нақты етіп тұжыра айтып беретін қасиет. Ол ешуақыт егжей-тегжейлеп, айнала орап өмір көрінісін қалдырмай баяндап жатпайды. Айтар ойынан тікелей бастап, етек-жеңі жыйнақты сөзбен, түйдектеп сөйлеп отырады. Уақ детальдарға, өмір фактыларына аса зер салмайды.

Абайдың ой толғаулары — рассуждениелері өз атынан айтқан қысқаша сөз, бір істің жайына байланысты пікірді танытарлық ойы-айқын бөлек ақыл ретімен келеді.

Абай қарасөздеріне екінші бір тән стильдік ерекшелік, ол — нақыл сөзділік. Афоризм, лаконизм Абай сөздерінің бірсыпырасына тән. Абайдың өз атынан айтылып,

толғанатын сөздерінде афоризм әрдайым кездесіп отырады. Кейде ол афоризмдері Абай сөздерінен бөлініп, жеке, өзалдына өмір сүріп кете барады. Олар нақыл, мәтел сөзге айналып кетіп отырады.

Абайдың афоризмдері өзінің құрылысы жағынан халықтық мәтелдерден өзгешелеу болып көрінеді. Абай афоризмді көбінше метафорасыз жасайды. Оның орнына қарама-қарсы қою (контраст) әдісін не ой қайшылықтарын жасау әдістерін қолданып, афоризм жасайды. Бұл жасалуы жағынан, Абай афоризмдері халықтың мәтелдерінен көрі Гете мен Пушкиннің жай сөзбен терең ойды беретін афоризмдеріне өте ұқсап жатады. Себебі, Абай афоризмі де солардікі сыяқты қарапайым мәтел ғана емес, толғаулы, ойлы айтысты, тартысты афоризмдер, нақылдар. Абай өзінің көргендігі арқасында өмірден шалған шындығын шағын көлемді, өткір сөзді публицистика, шебер нақыл, қысқа өсиет-насихат — ақыл әңгіме, шешен қарасөз ретімен бере білген.

И. В. Сталин «тілдің грамматикалық құрылысы және оның негізгі сөздік қоры тілдің негізі, оның айрықшалық мәні болып табылады»¹ дейді.

Абайдың қарасөздерінің стильдік ерекшеліктеріне тән үшінші қасиет оның сөйлем құрылысынан айқын көрінеді. Абай сөйлемдері өзінің синтаксистік құрылысы жағынан өз кезіндегі кітапшыл әдебиеттен өзгеше болып келеді. Ол өзгешелік Абайдың өленді сөйлемінен де, қарасөзді сөйлемінен де байқалып отырады. Бұған қарағанда, Абай орыс әдебиетіндегі кейбір обороттарды қазақ сөйлемінде де енгізіп, оны дамытуға тырысқан сыяқты.

Абайдың сөйлемдері жыйнақты, ұғымға оңай, сөздері жатық келеді. Бірақ тықылдаған өте қысқа (бастауыш пен баяндауыштан ғана құрылған) жай сөйлемді оборот емес, сөйлемдері толымды, ұқыпты, белгілі бір ойды айқын танытарлық.

Абай қарасөздерінде көбірек кездесетін сөйлем: жай сөйлем түрі мен құрмалас сөйлем түрлері. Құрмаластың түсінуі жеңіл шебер құрылған салалас құрмалас пен аралас құрмалас сөйлемдер.

Біздің байқауымызша, Абайдың қарасөздеріндегі аралас сөйлемдердің құрылысында оған тән бір ерекшелік

¹ И. В. Сталин. Марксизм және тіл білімі мәселелері. Қаз. мем. бас. Алматы, 1951, 22 бет.

те бар. Ол — орыс сөйлемдерінде көп кездесетін өзгешеліктердің әсерінен пайда болған, Абай жаңалығы дерлік құрылыстар. Мысалы сөйлем мүшелерінің дағдылы орнында келмей, орын ауысып келушіліктері. Баяндауыштардың, кейде, сөйлемнің аяғына келу орнына, басында не орта жерлерінде келетін жағдайдың кездесіп отырушылығы. Мысалы: «Ойлайды, жалынтып бердім» деп ақымақтығынан, жоқ өзі жалынып беріп жүр, қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр». (22-сөз, 346 бет.)

«... Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма сен? Ай, жоқ та шығар» (26-сөз, 351-бет).

Бұл сөйлемдердің мүшелері өз орнында емес екенін дәлелдеп жатудың қажеті де жоқ. Кейде бастауышсыз, толымсыз сөйлемдер де кездеседі. Бірақ олардың түсінуі қиын емес. «Ғылым бағу, жоқ, ғылым бағарға да, ғылым сөзін сөйлер адам жоқ, білгеніңді кімге үйретерсің! Білмегеніңді кімнен сұрарсың?» (1-сөз).

Абайдың кейбір аралас құрмалас сөйлемдері «деп» етістігімен аяқталып отырады. Бұл да — қазақта бұрын қолданылмаған, Абай жаңалығы. Мысалы: «Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ, аз кеңірдегің ғана көрсетеді-ау, «қыйылып қалағалайын»¹ «деп» деген сөйлем тек «деп»-ке біткендіктен ерекше емес, бүтіндей құрылысы өзге сөйлем. Немесе, «Үшінші сөзіндегі», «... өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп»² деген сөйлемін алсақ, бұлда — «деп»-ке бітеді, қазақта бұрын қолданылмаған жүйе.

Абайдың қарасөздерінде осы сыяқты жаңа жүйелер, жаңа обороттар көп. Сөйлемдері өте күрделі. Бір сөйлеммен Абай кейде бірнеше ұғым береді. Мысалы: «Бірінші сөздегі», «Елсіз күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар, мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі бір қартайтатұғын күйік»³ деген сөйлемді алсақ, мұнда кемі екі ұғым бар. Бірі жалғыздықтың жайын білдіреді, екіншісі, ғылымның адамға ауыр тиетіні болатыны, үшіншісі, ғылым халық үшін пайдалы болса, күйік болмайтыны.

Абайдың қарасөздерінің стиль ерекшелігінің бірі сұ-

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйын., 1945, 385, (30-сөздер).

² Бұда сонда, 321 бет.

³ Бұда сонда, 216 бет.

раулы, лепті сөйлемдерді барынша көп және ұғымды қолданғандығы деуге болады. Сұраулы сөйлемдерге құрылған сөздері өте жетімді, жауапсыз түсінікті сөздер ретінде келеді. Ол келесуші адамына не оқушысына қайрыла сөйлеп, сұрау қояды, не өзіне өзі сұрау береді. Ол сұрауларының жауабы сол сұраудың өзінен-ақ көрініп тұрады. Немесе, өзіне өзі сұрау қояды да, қысқаша жауап беріп кетеді. Мысалы: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?.. Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние, иесіз қалар дейсің бе? Білмейсің...» т. б.¹

Абай сөздерінің стилі өзінің түріне сай халықтық насихат, ақыл, өсиет сөз ретінде тәлім берерлік дидактикалық стиль; сын-сықақ не ғылыми ойды білдіретін ғылыми әдебиет стилі. Бұл ерекшеліктер қазақ ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиеттерінде де бұрын белгісіз жаңа жай әдебиетке тән құрылыс.

Абай қарасөздерін өз толғауы — монолог ретімен де, екі кісінің сөйлеуі — диалог не екі нәрсенің келесі, айтысы ретінде жазады. Диалогтің айқын мысалы — «Жыһырма жетінші сөзі», немесе «Он жетінші сөзіндегі» ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің айтыстары т. б.

Абай көбіне өмірден көрген шындық оқыйғаларды сол көрген қалпінде қарапайым сөзбен баян етіп отырады. Ол көрген нәрсесін өсірмейді де, кемітпейді де, қыял дүниесін араластырмайды да, бір сөзін қайталап айтып алыстан орамай, оқушысын жалықтырмай, тез қайырып өзін өзі ұстай сөйлейді; ақыл айтып, ой салады. Абай өзінің ішін кернеген алуан ойларын, көңілін, тілегін өз атынан (автор сөзі ретінен) толғап, үлкен ақылшы боп көрінеді. Осылайша, бір ақыйқат істі әбден ұғындырады, жете түсіндіреді, оқушысы мен тыңдаушысының ой-өрісін есепке ала отырып, соларға ыңғайлап жазады.

«Отыз сегізінші сөзін» Абай басқа сөздерінен де өзгеше етіп, кезіндегі оқыған молда не сауатты оқушыға түсінерлік етіп жазған. Оның стиль, тілі де ауыр келеді. Дін сөзі, араб, фарсы тілі мейлінше көп қолданылады. Оның себебі, Мұнда Абай түрлі аяттар мен дін, иман шарттарын өзінше талдап, оның мән-жайларын қозғайды. Оны теріс түсіндіруші надан молдалармен айтысады.

Абайдың сөзінде теңеу, эпитет өте аз кездеседі. Кей-

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. тол. жыйн., 1945, 331 бет (10-сөз).

бір метафора, ауыстырулар сыяқты көркем әдебиетке тән прием мүлде жоқ. Оның сөзі мен сөйлемін күшейтіп отыратын, жандандырып жататын — басқа нәрсе. Ол Абай сөздеріндегі терең мазмұндылық пен орынды қолданылған етістіктер арқылы көрінеді. Жай прозаларға, қарапайым сөздерге тән қасиет Абай сөздерінде де айқын. Абай сөйлемдері жанды және жан-жақты.

Абайдың қарасөздері өзінің сөйлем құрау стилі жағынан да жазба әдебиетімізде алғаш көрінген көрнекті прозалық үлгі болды.

Қортынды: Абай прозасының стилі,— негізінде, реалистік стиль. Қарапайымдылық пен лаконизм — Абай прозасының бұқарашылдық идеясынан туатын өзгешелік. Ал үгіт, ақыл, насихат айту оның сөзінде публицистикалық түріне лайық. Терең ой мен аса мәнділік, зор маңыздылық және дидактизм — Абай прозасының мазмұн өзгешелігі.

Абай прозасы белгілі мақсат көздеп, оның ой толғауын, пікір тереңін білдіріп отырады.

III

Көсеміміз И. В. Сталин өзінің тіл туралы данышпандық еңбегінде: «Ойлаумен тікелей байланысты болғандықтан тіл ойлау жұмысының нәтижелерін, адамның білу жұмысының табыстарын сөздер арқылы, сөздердің сөйлемдерге құрасуы арқылы тіркеп, баянды етеді, сөйтіп адам қоғамында пікір алысуды мүмкін етеді,¹» — дейді.

Абай қазақ әдебиетіне жаңа мазмұн, тың ой, озық идея әкелген кемеңгер ақын. Абай өзінің жаңа ойларын жалпы халықтық тіл мүмкіншілігін сарқа пайдаланып, жаңа ойға сай, сөзге, сөйлемге жаңа мән бере отырып жазды. Ол қазақ тіліне жаңа сөз, жаңа жүйе, жаңа ұғымдар әкелді. Сонымен бірге қазақ әдебиет тілін бір қалыпқа келтіру жолында алғаш қалам тартқан адам болды.

«Өзінің құрылымы жағынан,— дейді Сталин жолдас— кәзіргі орыс тілінің, Пушкин тілінен айырмасы аз... Пушкин тілінің құрылысына, грамматикалық құрылысына, негізгі сөздік қорына келсек, ол бүкіл мәні жағынан кәзіргі орыс тілінің негізі ретінде сақталып қалды»²

¹ И. В. Сталин. Марксизм және тіл білімі мәселелері. Алматы, 1951. 19 бет.

² Сонда, 1951, 7 бет.

Пушкин орыс әдебиетінің классигі болса, Абай содан үйреніп, өсіп жетілген қазақ әдебиетінің классигі болды. Сондықтан бұлардың арасында ұқсастық та, үндестік те бола береді. Бірақ, ол жақындықтары екеуінің арасына теңдік белгісін қоюға әкеліп соғатын нәрсе емес. Орыс тілінің сөз байлығын қазақ тілінің сөз байлығымен баластыруға келмейтіні сыяқты, Пушкин мен Абай сөздерінің сөздік құрамын, тіл байлығын салыстыруға да болмайды. Пушкин сыяқты, Абай да өз халқының тілінде сөйлейді. Сол халықтың жалпыға бірдей тілінің барлық байлығын меңгере білді. Оны пайдаланудың жолын, үлгісін көрсетті.

Бір кезде, М. Горький, Пушкин «бізге халық тілін қалай қорытып пайдалануды көрсетіп кетті» десе, біз Абай туралы да сол пікірді қайталап айтамыз. Себебі, Абай шығармаларының тіл жүйесі, сөздік құрамы, грамматикалық құрылысы қазақтың бүгінгі сөйлеп, жазып жүрген тілінен өзге емес. Сол халық тілінің сөзі. Тек оның ең асылы, көріктісі, мәндісі — ұстартылған түрі. Абай шығармаларының грамматикалық құрылысы да негізінде бұрыннан мәлім сөйлемдік жүйе. Абай осы халық тілінің бар байлығын, жетістіктерін қалыптастырып оны дұрыс пайдаланудың жолын көрсетті.

Абай қазақтың ертеден мәлім бай ауыз әдебиетіндегі көркем тіл жетістіктерін, сөйлеу салтында қолданылып жүрген шебер — дәрежеде, өз шығармасында қолданып отырады. Рас, Абай өзіне дейінгі мұраға үлкен талғампаздықпен қарады. Оны өзінің сын елегінен өткізіп, екшеңділерін ғана іріктеп алып қолданды және сол үлгілерді ілгері дамытты, толықтырды. Мысалы, Абай өзіне дейінгі, ертеден келе жатқан эпостық жырлары, салт өлеңдері, ертедегі аңыз әңгімелері, айтыс, мақал-мәтелдері жасаған сөз кестелерін толық дерлік біліп, оны жете игерді. Бірақ, Абай, соның шеңберінде қалып қойған жоқ.

Абай тек ауыз әдебиеті ғана емес, кезіндегі ақын-жазушыларды да түгел дерлік біліп, олардың жетістіктерін меңгерумен бірге, кейбір кертартпа ақындардың «құрау, жамау» сөздерін сынап, әдебиеттік таза, көркем тіл үшін күрес жүргізіп отырған.

Қазақтың әдебиет тілінің қалыптасу тарихында Абайдың орны ерекше. Оның өлеңмен жазған шығармасы да, қарасөзбен жазған еңбектері де — сол әдебиет тіліміздің бастама үлгісі дерлік, өзінен бұрынғы әдебиет тілін халық тілі сапасында өсіре, байыта, сұрыптай түскен

ерекше биік мәдениетті жазба әдебиеттік шығарма. Абай тіл тазалығына аса зер салды. Ол өзінің «Отыз сегізінші сөзінде»: Бұл заманның моллалары хакім атына дұшпан болады. Бұлар білімсіздік, бәлкі бұзық, пияғыл... Олардың шәкірттерінің көбі: біраз ғарап, фарсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бақас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады. «Най-ной» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді»¹ дейді!

Абайдың қандай шығармаларын алып қарасақ та, одан бірде-бір артық қолданған оғаш сөз, ұғымсыз жүйе таба алмаймыз. Ол шығармасының жалпы мазмұнына ғана көңіл аударып қоймай, әрбір жеке сөздерін де байыптылықпен, оның негізделмеген мәнсіз, әлсіз сөздер — Абай творчествосының рухына жат.

Ол өзіне дейін болмаған салмақты философиялық пікір айту, саналы, саяси әлеуметтік ой білдірудің көркем үлгісін көрсетті. Қазақтың өз тілімен-ақ мәдениеті озық елдердің ғылыми-философиялық ұғымдарын бере білуге мүмкін екенін және керекті жерінде кейбір терминдерді қолданудың шет еместігін, тіпті шаруасы аралас елдің тілі де араласа дамуы заңды екенін ескерді. Өзі бірнеше орыс сөздерін қолданды. Сол жаңа сөздер арқылы, қазақтың сөздерінің құрамын байытты, сөйлем жүйесін кеңейтті, грамматикалық құрылысын зорайтты.

Абай қазақтың әдеби тілін байыту жолында халықтың байырғы сөздерін, сөйлем жүйелерін өткірлеп, ұстартып, ұғымдық жағын күшейтті. Оны өңдеу арқылы кейбір сөздерге жаңа мағына берді. Өмір жаңалығы қосқан кейбір жаңа сөздерді өте орынды және ұқыпты қолданды. Осы қасиеттердің бәрін Абайдың өлендерінен де, қарасөздерінен де байқау қыйын емес.

Сондықтан біз, Абайдың қарасөздері өзінің сөздік құрамы, сөйлем құрылысы, тіл-стилі жағынан қазақ жазба әдебиетінің алғаш даму сатысында белгілі блес болды, көркем прозаның қалыптасуына септігін тигізді дей аламыз.

Абайдың тілін зерттеушілер оның қарасөзінсіз тіл байлығын толық таныта алмайды. Абайдың тілінде кітап-

¹ Абай Құнанбаев. Шығ. II том, Қаз. мем. көр. өнер. бас. А. 1940, 231—232-беттер.

тық жазу тілі мен сөйлеу тілі ұштасқан. Бұл Абайдың қарасөзінен айқын көрінеді.

Абай қазақ сөзін пайдаланғанда, бұрынғы қолданып жүрген тұрғысында алып отырған жоқ, ол сонымен бірге, бұрыннан қолданылып жүрген қазақ сөздеріне өзгеше мән беріп, жаңа мағынада қолданып отырды.

Сөйтіп, Абай халықтың сөз байлығын өзінше пайдаланды. Бір сөздің мағынасын өзгерту арқылы жеке сөздің семантикасын зорайтты. Мысалы: көп, бір, күзетші болу, ынтымақ, іс (дело), уголовное, ғапылдық, ғалам өлшеуішіне, мас, дүние, әзелде, сезім, ақыл, сана, мақтан, қыртмақтан, насихат, кезкелгендікпен, жан, тән, жүрек, затия, қайрат, тәрбие, дарақы, айдындырам, кезегендікпен, жадағайдақ, ақыл сақтайтын сауыт, мінез т. б. сөздерді Абай бұрынғы мағынасынан өзге, философиялық мағынада қолданады.

Сонымен қатар, Абай өз кезінде әбден сіңіп болмаған, жаңа енген шет сөздерді батыл қолданып, оны жазу тіліне енгізеді. Мысалы: ғылым, тарих, жербе, сайлау, арыз, тергеу, үйез, губерния, пәлен қадерлі, жарлық т. б. Бұл Абайдың қазақ сөздік құрамын байыту әдісінің бір түрі болды.

Қазақ сөздік құрамын байыту жолында Абайдың істеген үшінші бір әдісі — көрші елдердің тілінен сөз қабылдау. Әсіресе, орыс тілінде қолданылып жүрген ғылым, техника, философия, социология, саясат сөздіктерін қазақ тілінде де қолданып байыту. Абай басқа тілден сөз алып қолданғанда халық тілін байытуға жордемі тиерлік, ең қажетті терминдерді қолданады. Сондықтан, Абайдың бұл ісі тіл шұбарлау емес, тілді байыту жолындағы бір әдісі.

Сондай-ақ, Абай шығармаларының сөздік құрамында да көршілес халықтар тілінен енген сөздер болуы — табиғи нәрсе.

Абай лексикасында діни сөздер де бар. Бұл Абайдың діни, дүние мәселелерін әңгімелейтін еңбектерінде көп кездеседі. Әсіресе, аят, иманшарт, құран хадистерін түсіндіретін, сол түсініктер туралы өз пікірін білдіретін қарасөздерінде, қажет жерінде қолданылады. Осы архаизм мен діни сөздер, араб, фарсы тілдерінен келген сөздер, оның бірер өлеңі мен «Отыз сегізінші сөзінде» біркелкі кездесіп жатады. Басқа шығармаларында Абай мұндай сөздерді өте сирек қолданады.

Абай заманындағы, «Орта Азия ақындарының өз тілінде жаздым деген шығармасының өзінде 60 процент сөздігін араб, фарсы, иран тілінен кұрайтындығын»¹ ескерсек, Абай сөздерінде кездесетін араб, фарсы сөздері тіпті аз екендігі даусыз. Абай қолданған араб, фарсы сөздері — дін мәселесіне байланысты пікір айтуда амалсыз қолданылатын аят аттары, адам есімі сыяқты жеке сөздер. Бұл сөздердің біркелкісі сол кездің жұртшылығына таныс, түсінуге боларлық сөздер.

Бірақ, бұл — тілді бұзатын, халықтық стильге нұқсан келтіріп, оны көтеріңкі стиль қатарына қосатын қасиет. Ал, Абай қолдануында халықтық қасиет жойылмайды. Себебі, Абай оларды өте шебер ұштастыра біледі. Сөйтіп, өзіндік стилін сақтап қалып отырады. Ол Абайдың ғылыми жалпыға ортақ тіл стилі ретінде (науочно — популярный стиль) негізделеді.

Абай қолданған осы сөздердің біркелкісі татар, өзбек, тәжік сөздері екені айқын. Мысалы: шаһари, ақирет, шақшы, еден, мәдресе, һәммә, пәлән қалерлі, ақирет, гибрат, т. б. татар арқылы келген сөздер. Қалғаны да осы сыяқты өзбектен, тәжіктен келген ортақ сөздер. Бұлар «бақас, хүсідшілік, қырсылану, гүрұрлық, зинһар, смерлер, бөгс, дарқансын ғой, тамыр, бегірек, иден, пышырату, кыйнау, хатта, кәдіс, хикмет, уану, ұстат, дарақы, айдындырамын т. б.

Абай лексикасында орыс сөздері де көп қолданылған дедік. Олар: уголовный, дознания, кандидат, сот, болыс, образования, назначения, посредник, миллион, майор, трагедия, закон, виноват, подвижной элемент, сила притягательная однородного, сибирь, яшашнай, башалшік, т. б.

Абайдың қарасөзінде тағы бір көп кездесіп отыратын саналуан атаулар бар. Олар — қала, дала, ел, жер, су, өзен, өлке, адам аттары т. б. Бұл атаулар Абайдың дүние тану қабілетінің кең екенін, көп нәрседен хабары мол, мәдениеті жоғары адам екенін толық танытады.

Абай қолданған бұл сыяқты шет сөздерге қарап, оның шығармаларын шұбар тілді шығарма деуге болмайды. Бұл сөздердің көпшілігі орынды қолданылған сөздер және Абайдың ой-өрісінің кеңдігін дүние тану қабілетінің молдығын көрсетеді.

Абай қолданған кәзір ескірген көне сөздердің өзі сол

¹ М. Әуезов. «Әдебиет және искусство» журналы, № 4, 1951.

Абай кезінде оқығандарға түсінікті, әлі қолданудан шықпаған сөздер еді. Абайдың өз замандас жазушыларымен салыстырғанда бұл сөздер тіл бұзғандай көп емес және ақын тіліне тән емес¹.

Абай сөздерінің сөйлемдік жүйесінде бірен-саран ескі обороттар да кездеседі. Олар, мысалы: «Әнің үшін...»; «Хақтың нәм адамдық дүр» деген сыяқты—ескі құрамдар үлгісі деуге болады. Бірақ, бұлар да Абай сөзіне тән қасиет емес, өте сирек (бір ғана 28-сөзінде) кездесетін жүйе.

Абай кейде тұрпайы сөздер қолданып, өзінің жауына деген мейрімсіз көңлін де білдіріп отырады. Бұл қаталдықпен айтқан сөздері белгілі нысанаға дәл тиерлік, арнап айтылған сөз болып, өте орынды қолданыс екенін айқын танытады. Сөзіміз құр болмас үшін «Жыйырма екінші сөзінен» бір мысал келтіре кетелік.

«Біреу, бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр, біреулер, көтіне құрым киізді тұзға малшып тыққан соң, есі шығып, еріксіз, кім болса, соған талтайып емізіп жүр» деген сөйлемде, Абай кейбір тұрпайы сөздерді әдейі, жауының жер-жебіріне жете, өлтіре сынау үшін қолданып отыр.

Мұндай тұрпайы сөздер Абай шығармаларында өте сирек кездеседі, негізінде, Абай шығармалары халықтың таза көркем сөздеріне негізделіп, көпшілікке жеңіл ұғарлық өткір сын тілмен жазылады. Үнді, әділ, жатық сөздерге толы болып келеді.

Абай — сөз қолдануға өте шебер ақын. Оның қарапайым халық тілімен жазған қарасөзінің өзі көркем үлгілерден құр шығарма емес. Онда да Абай алуан түрлі әдеби терминдерді қолданған. Әртүрлі тенеу сөздерде, синоним сөздердің нешебір шебер үлгілері де кездесіп жатады. Мысалы:

Қуларды Абай «сыйырдың жорғасы секілді» деп, жорға сыйырға теңейді. Абай бұл арада жорға атқа тенеуді білмей отырған жоқ, оны әдейі кеміту мақсатында істеп отыр.

Елден бөлініп жалғыздық көрген ғалымды Абай «елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырған» пайдасыз есуас адамға теңейді. (1-сөзден).

¹ Абайдың қарасөздеріндегі барлық келгін сөздер 400 дей сөз. Оның 300 дейі бір ғана «38-сөзінде» қолданылған да, қалғаны басқа сөздерінде кездеседі.

«Кулық, тіленуші — өнерсіз иттің ісі» — деп итке теңейді.

Алысқа кетіп кәсіп, ғылым таппағанды Абай: «Ұзактай шулап, қарғадай қарқылдап, ауылдағы боктықтан ұзамадық» деп келтіреді. (7-сөзден). Немесе: «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ айуанмен теңбіз» дейді. (Бұл да 7-сөзден).

«Алтыншы сөзіндегі» тақпақталып келетін көркем сөз үлгісі:

«Кеселді жалқау қылжақ бас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртын пысық ішін нас,
Артын ойлап ұялмас».

Басындағы сәлдесіне мәз болып жүрген білімсіз нандан молданы Абай олар көңілге: «калық бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды»—дейді (12-сөзден).

Ден көңлін білімге бөлген адам мейірімін Абай «тапқан шешенін туған баласына деген мейіріміндей, ал ден көңілі өзге нәрседе жүрген оқушы өгей ананын тумаған баласына деген мейірімі секілді болады», деп балайды.

«Көкірегі көкте, көзі аспанда», деген сөз де бар. Осы сыяқты көркем үлгілер Абай сөздерінде көп кездеседі. Сондықтан да Абайдың қарасөздері көбіне көркем тілді прозаның түріне жақын жатады.

Абайдың қарасөздерінде көп кездесетін көркемдік, тілге шеберлік қасиеттің бірі қазақ тіліндегі көптеген синоним сөздерді өте шебер пайдалана білу деуге болады. Мысалы: Абай адамның бір кездегі жабырқаққы көңілін не мінезін: қайғы, мұң, қасірет, өкініш, күйініші, ашу, ыза, кек, қорлық, бейнет, күйігі т. б. деп түрлі сөзбен береді. Ал, керісінше, көңілді күйді: күлкі, қуаныш, қызық, мәз болу, қанібет т. б. деген сөздермен береді.

Жат мінезді баланы: қыянқы, алдамыш, мазат, тентек, қу, сұм деп береді.

Адамның бойындағы қуатын — күш, қайрат, қуат, жігер, мықты деген сөздермен береді.

Аброй, серт, ант, ұят, ар, намыс, шарт, ғибадат, иман, ақиқат т. б. сөздерді анық бір мағнада қолданытын жері көп.

Ұры, бөрі, сұғанак, залым, сұм-сұрқыя, кеселді жалқау, қылжықбас, ұялмас, амалшы, арам, қу-сұм, құратпай, суалтпай т. б. бәрі бір мағнада келіп отырады.

Мал үшін сатылғандардың діні, құдайы ден көңлі,

ұаты, ары, абройы, жаны, халық, жұрты, елі — бәрі мал дейді Абай.

Арамдық, залымдық, айуандық, надандық деген сөздерді Абай бір мағнада қолданады да, керісінше, рақымдылық, мейірімділік, мейірбандық, бауырмалдық, адамшылық, ынтық, құмарлық, жүректілік, батырлық, айтқанға тұрғыштық, әдептілік, байлаулылық, жалғаннан аулақтық т. б. сөздерді бір жатымды ұғымда қолданады.

Жігіттің түрін айыруда да — мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт, тәуір жігіт деп жақсы жігітті көрсетеді. Жәңіл, мақтаншақ, надан, арсыз, әдепсіз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамсақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді т. б. жарамсыз қылықтарды санап көрсетеді. Абайда осындай мағналас сөздерді топтап қалдырмай қолдану үлкен орын алады. Бұл Абайдың сөзін көркемдеу үшін қолданған бір әдісі сыяқты.

Абайдың сөзге шеберлігінің бір ерекшелігі оның сөздерінің терең идеялы, өткір сезімді, бейнелі, суретті болып келуі. Абайда пікір қаншалық жыйнақты, жүйелі келіп отырса, суреттеу әдісі де сол пікірінің тереңдігіне сай соншалық жүйелі, табиғи заңды және шебер болып отырады.

* * *

Абай өзінің көркемдігі жоғары шығармаларын нағыз халық тілінде жазады. Оған қазақтың облыстық, жергілікті сөз элементтерін араластырып шатастырмай, халық тілін өте шеберлікпен өңдеп, ұқыптылықпен қолданды.

Абай шығармаларының тілінде қазақ тіліне тән барлық халықтық қасиеттер сақталған.

Абай заманында қазақтың билеп-төстеушілері, дін басылары, татар молдалары қазақ тіліне араб, фарсы сөздерін көп енгізіп, оны күшпен ассимиляциялауға тырысты. Абай соларға, қазақ тілін шет сөзбен шұбарлап, бұзуға қарсы күресті, қазақ тілінің тазалығын сақтап қалды. Абай қазақтың өзіне дейінгі әдеби тілін меңгеріп, оны ілгері дамыту амалдарын жасады. Ол үшін бұрын қолданылмай келген жаңа сөз, сөйлем құрылыстарын қосты. Кейбір қолданылып жүрген сөздердің өзіне жаңа мағна беріп отырды.

Абай шет сөздерді қолданғанда оны қазақ тілінің запына көндіре, қазақ ұғымына, айтуына ыңғайлап қолданады. Мысалы: суд емес, сот, уезд емес. өйез, губерния емес, губерне т. б. Кейде сол орыс сөздерінің кейбіреуін сол өз қалпында алып өзгертпей де қолданады (образование, назначение, посредник т. б.).

Халық әдебиетіндегі мақал-мәтел, нақыл сөздерді Абай өзінше пайдаланып, оны да жаңа тұрғыда дамытты. Қазақ әдебиет тілін ұлы орыс халқының тілімен жақындастырып (одан аударып не тікелей сөз алып қолданып қазақтың сөздік құрамының өсуіне жағдай жасады.

Абайдың философиялық қарасөздерінің тілі автордың өз ойымен орыстың алдыңғы саптағы санасын бере білуде тыянақты, өзіндік өзгешелігі бар екенін және оның дүние танып, қортынды жасау талабында болғанын танытады. Оның әрбір сөздері қысқа айтылған терең ойға, шебер түрге, афоризмге толы болып келеді. Онда ғылыми терминдер жанданып айқындала түседі. Мысал үшін бірер сөйлем келтіре кетелік:

«Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді; келісті көрімділігіне және қандай лайықты жарастықты заңымен жаратылып оның ешбірінің бұзылмайтуғынын көресін. Бұлардың бәріне ғажайып қаласын және ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кезкелгендікпенен бір нәрседен жаралған ба? Яки бұлардың несі, бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылмен болмаса, бұлайша бұл есебінде, өлшеуіне ой жетпейтуғын дүние әббіні, бір түрлі керекке бола жаратылып және бір біріне себеппен байланыстырылып, пәнденің ақылына өлшеу бермейтуғын мықты көркем заңға қаратылып жаратылды»¹— дейді.

Бұл келтірген сөйлемдерден Абай енгізген жаңа сөз, сөйлем, ғылыми терминдерді байқау қиын емес. Олардың ішінде, басқа тілден алынған сөзде, қазақтың өз сөзіне басқа мағына беріп қолданушылық та айқын көрініп отыр.

Абайдың қарасөздерінің тілінен қазақ қоғамының барлық слойларының сөйлеу өзгешеліктері, түсініктері, мінез-құлықтары әбден байқалады. Абай тілінде ку, би, мырза тобының айла-амалы, менменсіген сөздері, молда

¹ Абай Құнанбаев. Шығ, тол жыйн., 1945, 353 бет. (27-сөз).

ишандардың діни жаргондары, қалың халыққа ортақ сөздермен белгілі дәрежеде берілген.

Абай қарасөздерінің тілі оқушысына ақыл айтып, қуат беріп, әділдікке үндеп, зұлымдыққа қаділетсіздікке мықты наразылық білдіріп, кейде мысқылдап, сын айтып отыруымен ерекше болып көрінеді.

Абай прозасының тіліне тән бір қасиет ол көпкем сөздік элементтері мен ғылыми терминдердің элементтерінің бірігіп кетушілігі. Ол поэтикалық лексиканы да, халықтық көркем сөздерді де, философиялық және публицистикалық терминдерді де, шетел сөздерін де, діни сөздерді де пайдаланған. Кейде күлкі, сыққық, мысқыл сөздерді де қолданады. Оның қарасөздері көбінесе осындай аралас тілде сөйлеу, әңгімелесу стиліне тән қасиеттермен ерекшеленеді.

Абайдың қарасөздерінің тіл молдығын, стильдік ерекшеліктерін зерттеу, үйрену ісімен тек әдебиет зерттеушілер ғана емес, сонымен қатар тілшілер де, жазушылар да шұғылдануға тиіс. Өйткені бұл ретте де қазіргі ақындарымыз сыяқты, прозашыларымыз да прозаик-Абайдан көп нәрсе үйрене алады.

ҚОРТЫНДЫ

Абай—қазақ әдебиетінің классигі, озық демократ, ірі ағартушы, заманының терең ойшылы, қоғам қайраткері. Ол қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай—өз заманына сын көзімен қарап, еллегі әлеуметтік теңсіздікті көріп, оған қарсы шыға білген дәуірінің әділ, қатал сыншысы. Ол ғаділеттік, адмагершілік, азаматтық қасиеттерді жақтап, адамшылыққа жат қасиеттерге қарсы күрескен, ата баласы болудан бас тартып, езілген еңбекші халық үшін аянбай, қызмет еткен шын мәніндегі адам баласы, нағыз патриот. Халқына бақытты, азат өмірді өткен өмірден іздеп, кері тартпай, ілгері жетелеген оптимист.

Революцияға дейінгі екі түрлі Россияның демократтық прогрессивтік түрін ресми патша-чиновниктік, бюрократтық, помещик крепостнойлық озбыр түрінен айыра білген. Абай Белинский, Чернышевский, Добролюбов сыяқты ұлы ойшылардың озық идеясына суарылып,

Пушкин, Лермонтов, Толстой, Герцен, Салтыков-Щедрин, т. б. жазушылық дәстүрінде тәрбиеленіп өсті. Солардың үлгісінде халқы үшін жан аямай еңбек етіп, елінің ең сүйікті ұлы болды. Сол данышпандарша елі, халқы, оның болашағы үшін аянбай қызмет етті.

Бірақ Абай сыяқты ұлы адамдардың зор еңбектері өз кезінде бүгінгідей тарап кең жайыла алмады. Абайдың еңбегі тұрсын, аты да біреуге мәлім, біргеуге жете мәлім болмай келді. Тек Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейін, Ленин—Сталин ұлт саясаты жүзеге асуына байланысты, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жаңа қарқында шарықтап ілгері дамуына сай, Абай өзінің тиісті бағасын алып, тек қазақ жұртшылығына ғана емес, бүкіл совет жұртшылығына мәлім болды.

Абай шығармалары революцияға дейін тек бір-ақ рет кіші-кірім кітап болып басылса, енді, совет тұсында, Абай еңбектері бірнеше рет таңдамалы, толық жыйнақ болып үздіксіз басылып келеді.

Ұлы ағартушы, акын Абай қалдырған мұраны толық тану, жете зерттеу ісі де советтік дәуірде ғана қолға шындап алынды. Абайды тану ғылым ретінде негізделуі тек қазақ әдебиетінің ғана емес, сонымен қабат бүкіл қазақ совет мәдениетінің үлкен табысы.

Абайтану ісін зорайтып, ғылымдық дәрежесін бірден-бір дұрыс жолға қою — совет ғалымдарының соңғы жылғы табысы. Оның өсу жолында әртүрлі бұрмалаушылық, ғылымға жат буржуазиялық «біртұтас ағын» теориясы мен саяси теріс түсініктер орын теуіп келгені мәлім. Сонымен бірге, асыра бағалап, құр дәріптеп, құрғақ сөзге негізделген «зерттеулер» де болып келді.

БҚ(б)П Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі тарихи қаулылары негізінде бұл сыяқты бұрмалаушылыққа кезінде соққы берілді, акын мұрасының дұрыс ғылыми тұрғыда зерттеуіне сара жол көрсетілді, осыдан кейін Абай творчествосын зерттеу мәселесі жаңа жолға қойылып, белгілі нәтиже бере бастады.

Жазушы М. Әуезовтың бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық алған «Абай» романын айтпағанда, оның «Абай жолы» атты жаңа романы осыны дәлелдегендей, ғылыми беті айқын, көркем шығарма болды. «Абай романының сюжетіне негіздей құрылған «Абай» спектаклі де Абай бейнесін айқын, барынша дәл танытарлық сахналық еңбек болып шықты. Оны қоюшы қазақ драма театрының

озық орындаушылары Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алды.

Абай творчествосының зерттелмей келген бір саласы— ақын творчествосының мол бір бөлегі есептелетін қарасөздері болды.

Абайдың қарасөздері өзінің тақырыптары мен мазмұны жағынан оның өлеңдерінен көп өзге емес, қайта солармен тығыз байланысты. Абай өлеңдерінде де, қарасөздерінде де ұлы ағартушы, демократ, үлкен ойшы, өресі кең-жаңашыл жазушы. Көптеген қарасөздерінде Абай кейбір өлеңдерінде көтерген мәселелеріне тағы тоқтап, сол өлеңдегі пікірін кейде қайталап, кейде жалғастырып отырады.

Абайдың қарасөздерінде көбірек қозғалатын мәселелер: ел өмірі, ел билеу тәртібі, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайы, оқу, өнер, білім, тәлім-тәрбие мәселелері, адамгершілік (гуманизм), мінез-құлық (мораль), еңбек, шаруа, кәсіп жайлары және дін, дүние туралы болып келеді. Абай пікірлері қай мәселеде болсын ұлы орыс демократтарының, жазушыларының пікірлерімен үндесіп, ұштасып жатады; солардың игілікті бастамаларының қазақ жеріндегі бір көрінісі ретінде танылады.

Саяси әлеуметтік мәселеде, ел билеу жайын әңгімелеуде Абай өз кезінің алдыңғы қатарлы саналы демократтары ретінде көрінеді. Елдегі пара мен зорлыққа негізделген билікке, надандық қоршауына ол қарсы шықты. Халық сайлаған білімді адамның басқаруын керек етті. Ондай адам өз мақсатынан ел мақсатын жоғары қояды деп сенді.

Абайдың саяси-әлеуметтік көзқарасы осылай қалыптасты. Абайдың әлеуметтік ойлары, кейбір қайшылықтарына қарамастан, кезінде прогрестік маңызы бар жаңа құбылыс болды.

Абай жаңалығының бір саласы оның ағартушылық санасында болатын. Оқу, өнер, білім, тәлім-тәрбие— Абайдың барлық шығармаларының арқауы дерлік, басты мәселе. Бұл — қарасөзінде де толық қамтылып отыратын басты тақырып.

Абай қарасөзінде де ескі діни оқуды жақтамайды, ол орыс мектебінде тәрбиеленіп, ғылым негіздерін білуді талап еткен, жаңа оқуды керек еткен ағартушы болды.

Шығыстың діни тәрбиесіне, кертартпа медресе оқуына қарсы шықты. Орыс ғылымын үйренуге шақырды.

Абай орысша оқуға шақырып қана қоймай, сонымен бірге, ол өзінің педагогикалық принциптерін де белгілеп, тәрбие жүйелерін ұсынды. Ол балаларды жасынан бастап тәрбиелеуді керек қылды. Ол үшін ең алдымен ата-ана тәрбиесінің зор ролі болатынын атап көрсетті. Өз кезіндегі ғалетке айналған ата тәрбиесіне сын айтып, оның бойындағы барлық зиянды жақтарын ашып көрсетті.

Ең бастан баланы ата-ана дұрыс тәрбиелеуі керек екенін ескертіп, арамдық, бұзықтық, қыястық т. б. қылықтардан аулақ етіп, адал адамгершілік жолда тәрбиелеуді талап етті.

Оқуға түскен баланың оқып отырған ғылымына, кітабына түсіну, ұғыну әдістерін де көрсетіп берді. Асыра еңбектеніп, зер салып, көңіл қоймайынша білімді болудың мүмкін емес екенін айтты.

Абай қарасөзінде көтерілген басты бір мәселе еңбек-кәсіп жайлары, Абай еңбек мәселесін ерекше бағалап, оған үлкен мән беріп отырды. Еңбексіз сұрамсақтыққа да, кісі еңбегін жеп баюшылыққа да қарсы шықты. Әрдайым өз еңбегін жапдырып, соның нәтижесін өзі көруін талап етті.

Абайша адамның адамшылығы оның еңбек сүйгіштігімен бағалануы керек. Еңбек адамды жақсы тұрмысқа жеткізетін ғана құрал емес, сонымен бірге, ол адамға рухани, азық, санасын молайтатын күш. Абай еңбекты сүйіп, өз еңбегімен күнелтетін еңбекшіні жақтап отырды.

Абайдың еңбек жөніндегі пікірлері ХІХ ғасырдағы орыстың ағартушы-жазушыларының пікірлерімен сабақтасып жатады. Бірақ, Абай пікірі кейбір қайшылықтан да құр емес. Ол еңбексіздік өзінен өзі азып-тозып құрйлы деген ойла болды. Бірақ, казак әдебиетінде Абайдан бұрын соншалықты толық, дәл, терең, жетімді етіп еңбек мәселесін көрсеткен ешкім болған жоқ-ты. Абай өз кезіндегі еңбекті қорлық деп қарайтын ескі феодалдық түсінікке, еңбексіз топтардың теріс көзқарасына соққы берді.

Мінез-құлық, адамгершілік мәселелері де Абай сөздерінде толық қамтылады. Абай сол кездегі казак қоғамының таптық, әлеуметтік жіктерін, топтарын ашық

көрсетті. Олардың әрқайсысына тән мінез-құлық, іс-әрекет, ой-өріс, тегіс қамтылып жатады. Кербездер қылығы, мақтаншақтар мен өтірікшілер сыйқы, ұятсыздар мен ұятшылдар беті әбден ашылады. Ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық істейтін бай, би, залым төре, ұлық т. б. топтар да танылады. Бұларға қарсы еңбекші халық, қол өнершісі—смерлер қойылады. Абай адам, адамгершілік деген мәселеге терең тоқтап, адамның не екенін ашып береді. Адам жөніндегі Абай түсінігі өз кезіндегі алдыңғы қатарлы идеяға ұштасады. Абайша адам мен адамның бәрі тең, олардың тууы да, өлуі де бірдей. Олардың өзгешелігі тек өмірінде, өнерінде, еңбектерінде. Адамның адамшылық қасиетін оның малы, байлығымен өлшеуге болмайды. Олай өлшеу адамшылық қасиеттен айрылғандық болады.

Абайдың кейбір атсыз жасаған типтері мен мінездері Салтыков-Щедриннің сатиралық және Чеховтың мысқылды типтеріне ұқсап жатады. Абайда солайша болыс, бай, би, молда, ишан, т. б. сынға алып, өтірікші, мақтаншақтар кейпін жасап береді.

Абай өз кезіндегі барлық феодалдық тағы, ұят қылмыстарға соққы береді. Ол сол қылықтарды көрсетіп қоймай, оларды туғызып отырған әлеуметтік себептерді де көрсете білді. Сөйтіп, Абай жоғары саналы адамгершілікті жақтап шықты; адамның бас бостандығын, халықтар достығын, ел бірлігін мәдениеттілігін аңсады. Болашақтың жақсылығына, бақытты өмірдің алда екеніне күман келтірген жоқ. Зұлымдық билеген қоғам жойылып, бақыт заманы, жаңа саналы өмір орнайды деп білді. Оны, қары қалың суық қыстың сонынан келетін көгі қалың, көлі мол жайдары жаздың келетіні сыяқты заңдылық деп сенді.

Абай қарасөздерінің тағы бір мазмұн өзгешелігі — ол көптеген философиялық ойларды көтеріп, өзінің дін, дүниеге көзқарасын баяндап отыратындығы деуге болады.

Әрине, Абайдың ойшыл боп қалыптасуы үшін өз халқының өмірін, тұрмысын, өз елінің мәдени жетістіктерін меңгеруі алғашқы керек жағдай болғаны даусыз.

Абай түсінуінше дүние, қоғам дамылсыз өзгеріп тұрады. Ол дүниенің материалдық, заңдылық және білуге боларлық қасиеттеріне қарсы болмағанмен, өз ойын іске асыру жолын дәл баспай, қоғамнан өзіне тірек боларлық күшті де көре алмай, аяғын шалыс басып, тұрақсыз-

дыққа бой ұрды. Ол өзінің негізгі түсінігі — құдайға иланды. Дінді, дін иелерін қатты сынға алсадағы, өзі оның қармағынан әбден шығып кете алмай, құдайдың барлығын, оның құдіретінің күштілігін мойындап отырды. Құдай деген ұғымға Абай өзінше түсініктер беріп, адам біліп болмас ірі бір қозғаушы күш деп түсіндірмек болды.

Абайдың түсінігінде білімді жеке адамның тарихтағы ролін теріс бағалаушылық та кездеседі. Оның күшіне нанып, артықша бағалап, елді азат ететін күш, бірден бір дұрыс жол көрсетуші деп бағалап отырды.

Абай елдегі үстем қанаушы тапты сынауда әділ сыншы, демократ болды. Бірақ, Абай революционер демократтардың дәрежесіне көтеріле алмады.

Абай қазақ әдебиетін тек мазмұн жағынан ғана емес, сонымен бірге оны түр жағынан да байытқан жаңашыл ақын. Абай өзі тәрбие алған орыс әдебиетінің үлгісінде, қазақ әдебиетінде жаңа мазмұнға сай жаңа түрлер қолданып отырды. Ол түр жаңалығын тек поэзиядан ғана емес, басқа жанрға көңіл бөлуінен де байқауға болады. Абайдың қарасөздері мен Ыбрай Алтынсаринның көркем әңгімелері қазақ жазба әдебиетінде алғаш көрінген проза жанрының тұңғыш тәжірибесі ретіндегі бірінші бастамалар еді.

Біздің байқауымызша, Абайдың прозаларын өзінің түрі жағынан 6 топқа жіктеуге болады. Олар: 1. Өсиет-ғақлия (поучение, рассуждение), 2. Тастих (утверждение) ретінде келетін философиялық трактат; 3. Нақыл сөз (афоризм, изречение); 4. Кеңес әңгіме (беседа), дидактикалық насихат (назидание); 5. Сын мақала ретіндегі публицистика; 6. Көркем прозалық элементтері бар әңгіме.

Бір ескертетін нәрсе, бұл жіктеулердің әбден жеріне жеткен жіктеу деп есептеуге келмейтіндігі. Біз оларды басым сыйпаттарына қарай, кейбір маңызды элементтерін ескеріп топтадық. Әйтпесе, Абай сөздерінің жанрлық жігі бірден танырлық анық нәрсе емес, бір сөзінің өзінде прозаның жай түрлерінің бірнешеуіне тән ерекшеліктер кездесіп жатады. Ол Абайдың өз бетімен, өз ой толғауын, өзінше жазып кетуге тиіс болғандығынан. Оның алдында әзір проза түрінің қазақ әдебиетінде болмауына байланысты.

Абай кезінде қолдануға ыңғайлы түр қарастырды. Өзі-

нің озық ойын тез және оңай халыққа жеткізу, тарату амалын көздеп, сол мақсатта шағын көлемді, дидактикалы мазмұны бар, нақыл шағын әңгімелер туғызуға тиіс болды.

Абайдың бұл прозалық шағын түрлері қазақ прозасының басы; алғашқы тәжірибесі болды. Онда қазақ прозасының шағын жай түрлері, ғылыми, философиялық трактат, публицистикалық жаңа түрлері негізделді.

Абай прозасында публицистика сарыны басым. Онда публицистиканың бірнеше түрінің элементтерін кездестіруге болады.

Сүйтіп, Абай прозасы қазақ әдебиетінде тарихи орны бар, кезінде үлкен жаңалық болған, қазақ прозасының пайда болып өсіп қалыптасып кетуіне жол ашқан құбылыс.

Абайдың прозалары өзінің стилі жағынан да өзгешелігі мол шығармалар. Абайға дейінгі қазақ әдебиетіндегі стильдік жағдайларды да шолып, Абайдың жаңалығын соған салыстыра отырып ашып беру қажет болды. Абай прозасының стилі негізінде реалистік, бұқарашыл публицистік стиль деуге келеді. Оның стиліне тән қасиет белгілі ойды қысқа, анық, нақты етіп түйдектеп айтып беретін лаконизм. Сонымен бірге, Абай сөзіне тән тағы бір стильдік ерекшелік—нақыл сөзділік. Абай өзінің өмірден көріп, байқап, білгендерін жүйеге салып, өз ойының толғауы ретінде әңгіме етеді. Сондықтан, оның әңгімесін баяндау әдісі сөйлесу стилінде келеді. Қарапайымдылық — Абай сөздеріне жалпы тән қасиет.

Абай прозаларының сөйлем құру — синтаксистік стиль ерекшелігі де бар. Оның сөйлемдері шұбалаңқы, түсінуі қыйын сөйлем емес. Керісінше, жыйнақты, көбіне жай сөйлем. Кей сөйлемдері сұрау ретінде, кейбірі сөйлеу — диалог ретінде, кейбірі автор монологы есебінде келеді. Абай сөйлем құруында кейбір жаңалық та кездеспейді емес.

Абайдың қарасөздері өзінің тіл ерекшелігі жағынан да көзге түседі. Абай шығармаларының тілі, оның ішінде қарасөздерінің тілі И. В. Сталин көрсеткендей, тілдің жалпы халықтық қасиетін айқын танытады. Сонымен бірге, Абай шығармаларының тілі өзіне дейінгі кітапшыл кертартпа діни әдебиет уәкілдерінің жаргондарынан өзгеше жаңа әдебиет тілі, жалпы халық тіліне негізделген демократияланған тіл болды.

Абай өзінің қарасөздерін, таза жалпы халықтық түсінікті сөзімен жазды.

Абай сөздері қажырлы, қотал, айқын афористік түсінік беретін шебер тілдермен келеді. Кейде Абай өз ойын жұмсақ көңіл білдіретін жай пәзік сөздермен де береді. Абай прозасының тілі конкретті ұғымға толы, өз нысана-сына дәл тиетін өткір тіл деуге келеді. Абай прозасының тілі қазірде түсінікті, ол қазақтың философиялық, ғылыми, публицистикалық тілінің баюына негіз болады.

Абайдың қарасөздерінде қазақ тілінің мүмкіншілігі толық көрінеді.

— Абай қазақтың сөз байлығын мүмкіншілігіне қарай толық пайдаланады және оны өзі байытты. Бұрын қолданылып жүрген сөздеріне жаңа мағна беріп жаңа ұғымда қолданады. Көрші елдер тілімен сөздер алып қолдану арқылы да қазақтың сөздік құрамын байытып отырды. Абайдың қарасөздерінде басқа ел сөздері мол кездеседі. Ол сөздерді Абай белгілі мақсатта, дін иелерімен полемика жүргізу мақсатында қолданды. Бұлар қазір архаизмге қосылды.

Абай қарасөздерінде кейбір сөз көркемдеу әдісінде пайдаланды. Халықтық жай теңеу сөздері, синонимдары, шебер тауып айтылатын ұғымдары Абай сөздерінде көп кездеседі.

Қысқасы, Абай өз кезіндегі жазу тілін мүлде жаңа жолға салып, оны халық тіліне негіздеп қалыптастырды; қазақтың жазба әдебиет тілін қарасөзі арқылы да көркейтті.

Абайдың тілін сталиндік тіл ілімі тұрғасынан әлде де тереңірек лингвистік талдау жасау—кезектегі тұрған міндет.

* * *

Абай творчествосын жан-жақты, терең ғылыми тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік тек советтік дәуірде ғана туды. Абайдың мол мұрасы әлі де көп зерттеулерді, байсалды еңбектерді керек етеді. Осы кітап бұл міндеттің орындалуына аздап та болса септігін тигізсе, біздің мақсатымыздың орындалғаны.

МАЗМҰНЫ

Ұлы ақын-реалист	9
Бірінші бөлім	
Абай қарасөздерінің текстологиясы мен зерттелуі туралы бір-екі сөз	11
Екінші бөлім	
Абай қарасөздерінің тақырыбы мен идеялық мазмұны	52
Абай қарасөздерінің түр, стиль, тіл ерекшеліктері	118
Қортынды	: 144

Х. Суюншалиев
ПРОЗА АБАЯ
(на казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1955

Редактор А. Нуркатов. Текредактор С. Ищанов.
Художник К. Хамитов. Художеств. ред. Н. Гасев.
Корректор Х. Балтабаев

Подписано к печати 4/II-1956 г. УГО1346. Изд. № 21.
Вумаға 84×106 , = 9,8 п л.—8,79 уч.-п. л. (8,8) уч.-изд. л.)
Тираж 10000. Цена 4 руб. 15 коп.

Алма-Атинская типография № 1. Главлитиздата Министерства культуры КазССР
Зап. № 1466.